







(Соңы. Басы 1-бетте)

Мемлекеттілік тарихы ғасырларға тереңдеген өркениетті елдердің тәжірибелерін зерделегенде XIX ғасырда жаңа бағыттағы Германияның тұңғыш канцлері лауазымын атқарған белгілі мемлекетшіл қайраткер Отто фон Бисмарктың: «Бостандық – бұл бәріннің бірдей қолы жете бермейтін керемет байлық» деген сөзі еске түседі. Шынында да, әлемнің жүздеген ұлттарының қатарында біздің халықтың маңдайына азаттықтың жұпар ауасын жұту бақыты бұйырғанын ерекше мақтаныш етудіміз керек. Биылғы жылы «Бірлік пен Жасампаздықтың 25 жыл» атты отаншыл рухты оятар ұранмен өтіп жатқан Қазақстан Тәуелсіздігінің ширек ғасырлық белесінің тұжырымдамалық негізі ел дамуының басты бес идеологиясына сүйенді. Олар: Бостандық, Бірлік, Тұрақтылық, Жасампаздық және Өркендеу. Енді осы тұғырнамалық бағыттарды таратып көрейік. Мәселен, Бостандық: Тәуелсіздік алғаннан кейін еліміз, Қазақстан халқы және әрбір азамат өзінң болашағын өзі дербес құруда шынайы бостандыққа қол жеткізді. Бірлік: Тәуелсіздік алған күннен бастап Қазақстан татулық пен достыққа негізделген барша халықтың бірлігін өз дамуының негізі етіп алды. Ширек ғасырдың ішінде Қазақстан сол қағиданы берік ұстаып келеді. Тұрақтылық: Қазақстан бүгінгі барлық жетістіктеріне ең әуелі елдегі саяси, экономикалық, әлеуметтік тұрақтылық арқылы ғана қол жеткізді. Жасампаздық: Тәуелсіздік заманы – бұл жасампаздық пен ұлы істердің ұлы жолы. Өркендеу: Қазақстан сындарлы таңдалған даму жолы арқылы барлық сынаққа төтеп беріп, соның арқасында өркендеуге және халықтың әл-ауақатын арттыруға мүмкіндік алды.

Біздің дәуіріміздің VII-VIII ғасырларында өмір сүрген көпшілік мемлекетінің билеушісі Білге қағанның тасқа қашалған тағылымын пайымдарының қатарында «Ел болып бірігуден асқан бақыт жоқ» деген асыл толғамы мұра боп қалған екен. Тәуелсіздік жылдарында жүріп өткен жолымызда қол жеткізген тарихи табыстарға шолу жасасақ, 25 жылдың ішінде Қазақстан әлемнің ең дамыған 50 елінің қатарына енді, «Қазақстан-2030» Стратегиясы мерзімінен бұрын іске асырылды. Қалыптасқан мемлекеттің ұзақ мерзімді бағдарламасына айналған «Қазақстан-2050» Стратегиясын, мемлекеттің жанару жолы «100 нақты қадам» Ұлт жоспарын жүзеге асыруға кірістік. Ел Президенті өзінің тағайында жазылған «Ұлы Дала ұлағаттары» атты кітабында: «Ұлт жоспары – қазақстандық арманға бастайтын жол» деп аталған Жолдау мемлекеттің идеяның тұпқазығы – біздің жалпыұлттық аңсарлы арманынан бастау алатынын жаңа жақтары ашып көрсетуге бағытталды. Біз жалпыұлттық арманның орындалуын үшін бар күш-жігерімізді, білім-білігімізді, алған тәжірибеміз бен түйген үлгі-өнегемізді толық әрі сарқа жұмсайтын боламыз. Бұл асыл мұрат – күллі қазақстандықтарды жарқын болашаққа бастаудың кепілі. Уақыт бізді таңдады! Біз сол уақытқа енді өзіміздің мемлекеттік меріміз – тәуелсіз Қазақстанның атын жаздық», деп атап көрсетті.

Мемлекет басшысы биылғы жылдың 1 қаңтарынан «5 институттық реформаны жүзеге асыру бойынша 100 нақты қадам» Ұлт жоспарын орындаудың практикалық кезеңі басталғанын халыққа жария етті. Бұл аса маңызды құжатта кәсіби мемлекеттік аппарат құру, заңның үстемдігін қамтамасыз ету, индустрияландыру және экономикалық өсім, біртектілік пен бірлік, есеп беретін мемлекетті қалыптастыру сияқты бес институттық реформа белгіленген. Бұл реформаларда біздің еліміз алға қойған өршіл мақсаты – Қазақстанды әлемнің ең озық 30 елінің қатарына қосудың нақты механизмдері белгіленген.

Ұлт жоспарында біздің ұзақ мерзімді даму бағдарламасын «Қазақстан-2050» Стратегиясын іске асырудың барлық тетіктері қамтылған. Нәтижесінде, өткен жылы бұл бағытта аса жауапты жұмыстар жүргізіліп, мемлекетті, экономика мен қоғамды дамытуда жаңа құқықтық орта қалыптастыратын 59 заң күшіне енді. Бұл шаралар, әрине, біздің еліміздің асқақ мақсаты болып саналатын осы ғасырда әлемнің ең озық 30 елінің қатарына кіругізге көмек ашула.

Ел Президенті бұл тұрғыда: «біз Тәуелсіздіктің 25-ші жылдығына жаңа қауіпсіздік арманмен аяқ бастық, оның басты мақсаты жүзеге асырылып жатқан «2050» Стратегиясымен бара-бар», деп атап өтті. Ұлт жоспары келешекте Қазақстанды өзінің жалғыз Отаны санайтын арманы-мұраты бір халықты Болашақты Біртұтас Ұлт қалыптастырудың нақты бағыт-бағдарына айналды. Жаңғыртулар Қазақстанды, оның экономикасын, мемлекет пен қоғамды өзгертіп тарихи міндеттер кешенін қамтып отыр. Яғни, дүние жүзіндегі аса дамыған мемлекеттерді біріктіретін Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының стандарттарына сәйкес келетін елді дамыту, экономикалық өсім мен барлық қазақстандықтардың өмірін жақсарту үшін жаңа лайықты жағдайлар қалыптастыралы.


Ширек ғасырда Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың кемел саясатының арқасында қол жеткізілген айтулы жетістіктердің қатарына Қазақстанның халықаралық бастамаларын айрықша атап көрсетуіміз керек. Бүгінгі таңда Қазақстан 70-тен астам халықаралық ұйымдарға мүше. Еліміздің аса ықпалды халықаралық ұйымдар – Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы мен Ислам ынтымақтастығы ұйымына төрағалық етуі – Қазақстанның жоғары беделін айғақтайды. ЕКБҰ саммитінің ұзақ үзілістен кейін Астанада өткізілуі – Қазақстанның осы ұйымға төрағалығының айтулы нәтижесі болып табылады. Форумның қорытындысы бойынша қабылданған Астана декларациясы әлемдік саясатқа «Еуразиялық қауіпсіздік» және «Астана рухы» ұғымдарында көрініс тапқан қауіпсіздік пен ынтымақтастықтың жаңа түсінігін енгізді. Қазақстан әлемдік конфессияларлық ұнақтысулардың бастамашысы

және ұйымдастырушысы ретінде танылды. Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съездері елдер мен өркениеттер арасындағы бейбітшілік пен ынтымақтастықты нығайтудың диалогтық алаңына айналып отыр.

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасы ядролық қаруға қарсы жаһандық қозғалыстың көшбасшылары қатарына енді. КСРО күйрегеннен кейін, еліміз қуаты жөнінен әлемдегі төртінші зымырандық-ядролық арсеналға иелік етті. Біздің аумағымызда 104 құрлықаралық баллистикалық СС-18 зымырандары орналасты. Оларға 1400 ядролық оқтұмсық орнатылған болатын. 40 жыл бойы 500-ге жуық ядролық жарылғыс жасалған полигонның үні біржола өшті.

Елбасының бастамасымен дүние жүзіндегі ең ірі Семей ядролық полигоны бір-жолата жабылып, ядролық қарудың әлемдегі төртінші арсеналы жойылды. Қазақстан әлем тарихында ядролық қарудан өз еркімен бас тартқан тұңғыш ел болды.

Мемлекетіміз ядролық қаруды таратпау тәртібін мүлтіксіз сақтай отырып, жер жүзінде жаппай қырып-жоятын қаруға жалпыға бірдей тыйым салу, бейбіт атомды қауіпсіз пайдалану, халықаралық ядролық терроризм қатеріне қол бермеу жөніндегі жаһандық бастамаларды ұсынып келеді. Семей полигонын жабу туралы Елбасы Жарлығы бекітілген 29 тамыз Қазақстанның бастамасымен бүгінгі таңда Ядролық сынақтарға қарсы әрекеттердің халықара-



# Қазақстан – қасиетті мекеніміз

лық күні болып белгіленді. Бұл туралы БҰҰ Бас Ассамблеясының арнайы қарары қабылданды. Бұл айтулы датаның аламаз тарихындағы маңызын ескерте отырып, биылғы жылы Вашингтонда өткен Ядролық қауіпсіздік жөніндегі IV саммитте Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өзінің жаңа сыртқы саяси бастамасы – «Әлем. XXI ғасыр» манифесін жаһанға жария етті. Маңызды құжат халықаралық тұрғыдан кең серпіліс туғызды, БҰҰ-ның ресми құжаттарының тізбесіне енді. Манифест өзінің өзектілігі мен мазмұндылығы бойынша қазіргі таңда Жер-жаһанды алаңдатып отырған аса маңызды мәселелерді қамтуымен барша әлем жұртшылығының назарына ілікті. Елбасының халықаралық деңгейдегі тарихи құжаты қазіргі кезеңде әлемдік шиеленістердің асқын-теккен тұсында халықаралық жағдайдың күрөтасмырлы мәселелерін сипаттап берді. Мемлекет басшысы дүние жүзіндегі дүмпулерге себеп болып отырған сан алуан факторларды сараптай отырып, көшбасшы елдердің басшыларына алаңдаушылықпен және ерекше ықпаласпен қазіргі әлемдік құрылыс жүйесіндегі төңгерісіділікті одан әрі болдырмауға және халықаралық қауіпсіздікті нығайтуға бағытталған нақты шараларды қабылдауға шақырды. Мемлекет басшысы әлемдік құрылысқа сын-қатер төңіретін жаһандық және өңірлік өзгерістер орын алып жатқандығының шүбәсіз шынықты анық-байқалып тұрған жаңа мыңжылдық маңызы саяси, әскери және гуманитарлық оқиғаларға толы екендігін еске салды.

БҰҰ Бас Ассамблеясының 70-ші сессиясында Қазақстанның Жаһандық Стратегиялық Бастама-2045 Жоспарын жасау бастамасы жария етілді. Бұл Жоспар соғыстар мен жанжалдардың түбегейлі себептерін жоюды көздейді. Барлық ұлттардың инфрақұрылымына, ресурстар мен нарықтарға теңдей және әділетті қолжетімділігі негізінде адамның жаңа үрдісін қалыптастыру маңызды. Оны БҰҰ-ның 100 жылдығы мерейтойына қарай жүзеге асыру ұсынылды.

Әлемде ядролық қарусыздануға қатысты Қазақстан тарапынан жүргізіліп жатқан жұмыстар жан-жақты жалғасын табуда. Атап айтсақ, жыл сайын 29 тамыз күні Астанада ядролық қарусыздану мәселелеріне арналған халықаралық жиындар дәстүрлі түрде өткізіледі. Биылғы жылы өткен «Ядролық қарусыз әлем құру» атты халықаралық конференцияда Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев жаһандық қауіпсіздікті сақтаудың адамзаттың болашағы үшін маңыздылығына тоқтала отырып, Ядролық қарусыздану сыйлылығын тағайындау туралы бастама көтерді. «Ядролық қарусыздану мен жаһандық қауіпсіздікке қосқан үлесі үшін» сыйлығының алғашқы лауреаты ретінде Иордания королі Абдалла II белгіленгенін атап өтуіміз керек.

Сонымен қатар, Президент жақында Жапония еліне жасаған ресми сапарында Ядролық жарылыстың құрбанына айналған Хиросима қаласына арнайы барды. Сол сапарда Хиросима қаласының мэрі Казуми Иши Елбасының 1991 жылы Семей сынақ полигонын жабу туралы шешім қабылдауы, бүгінгі күнге дейін ядролық қаруды таратпау және қарусыздану бағытында көтерген бастамалары бүкіл әлемге үлгі болғанын атап өтті. Сондай-ақ, Нұрсұлтан Назарбаев «Ядролық қарусыз әлем құру» идеясын көтерген Президент ретінде халықаралық қоғамдастықта үлкен рөлге ие болғанын айтып, Елбасына «Хиросима қаласының Айрықша құрметті азаматы» арнайы атағын берді. Бұған қоса, Жапонияға сапары барысында Елбасы Гои бейбітшілік қорының 2016 жылғы «Ядролық қарусыздану және таратпау ісіне қосқан елеулі үлесі үшін» бейбітшілік мәдениеті арнаулы сыйлығымен марапатталды. Бұл халықаралық деңгейдегі марапаттар Елбасының жаһандық қауіпсіздік қамтамасыз етуге қосып жатқан тарихи ерлігіне берілген тағы бір айрықша баға деуіміз керек.

Нақты деректерге сүйенсек, Семей полигонында жарылған 500-ден астам бомбаның зардабы Хиросимого тасталған атомның қуатынан 2,5 мың есеге асып кетеді екен. Бұл халқымыз үшін өте ауыр трагедия екенін айтуымыз керек. Сондықтан да, сол сапарда Елбасы Жапон халқының ойлау-жүйесі қазактардың дүниетанымына жақын әрі онымен үндес екенін айта аламын. Біздің халықтарымызды кыин да құрделі, кейде

тіпті тақсыретті тағдыры тығыз байланыстырады. Қазақстан мен Жапония жаппай қырып-жоятын қарудың бүкіл қасіретін бастан өткерді», – деп атап өтті.

Егемендіктің елең-алаңында ел Президентінің «әуелі экономика, содан кейін саясат» деген қағидасы бүгінде әлемдік қоғамдастық деңгейінде ерекше бағаланып, мемлекет дамуында өзінің өзектілігі мен өміршеңдігін ұдайы дәлелдеп келеді. Соның нәтижесінде, Қазақстан ТМД елдерінің ішінде бірінші болып нарықтық экономикалық мемлекет ретінде танылды. Ширек ғасырда ішкі жалпы өнімді доллармен есептегенде 20 есе, орташа еңбекақы 17 есе өсті. Шамамен 2 миллион жұмыс орны ашылды. Елдегі кедейшілік деңгейі 20 есе қысқарды. Егер 90-шы жылдардың басында әрбір үшінші адам Қазақстанда кедейшілік шегінің арғы жағында өмір сүрсе, бүгінде кедейшілік деңгейі 3%-дан да төмен.

Республикалық маңызы бар 10,5 мың шақырым автомобиль жолы салынды және жөнделді. Индустрияландыру бағдарламасы бойынша 6 жылда 3,8 триллион теңгеге 900 жоба қолданысқа енгізіліп, 85 мың тұрақты жұмыс орны құрылды. Елдің халықаралық резервнің көлемі, Ұлттық қор қаржыларың қоса алғанда, 95 миллиард долларды құрап, ІЖӨ-нің 50%-ына дейін артты. Қаржы және банк жүйесі, даму және экономиканы басқару институттары құрылып, тиімді жұмыс істеуде. Тәуелсіздік жылдарында ішкі жалпы өнімнің көлемі ондаған есе артып, жоғары деңгейге жетті.

Республикамызда шетелдік қаржының едәуір көлемін тартуға және бірлескен экономикалық жобаларды іске асыруға ықпал ететін қолайлы инвестициялық ахуал қамтамасыз етілді. Тәуелсіздік жылдарында Қазақстанға 255 миллиард доллар тікелей шетел инвестициясы тартылды. «Бизнесті оңай жүргізу» рейтингі бойынша еліміз 189 елдің ішінде 41-ші орын алады. Еңбек қырығының тиімділігі бойынша Қазақстан 140 елдің ішінде 18-ші орында тұр. Шетелдік инвесторлар үшін «жасыл дәліз» ашылды. Аграрлық секторға Германиядан, Италия мен Қытайдан стратегиялық инвесторлар тартылды. Елімізде үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы кезең-кезеңімен іске асырылып, бүгінде бұл бағыттың екінші бесжылдығына аяқ бастық. Осыған орай, Қазақстан шикізатқа тәуелділігін арғылып, ғылымды қажат ететін экономика құруға бел шеше кірісті.

Экономикадағы тұрақтылықтың арқасында жалақының, зейнетақының, шәкірт-ақынның және мемлекеттік жәрдемақынның тұрақты өсуі қамтамасыз етілуде. Мемлекеттік бюджеттің әлеуметтік инфрақұрылым, денсаулық сақтау, білім беру, ғылым, мәдениет және спорт салаларындағы көрсетілетін қызметтерді дамытуға едәуір қаржы бөлінуде. Тәуелсіздік жылдарында шамамен 1400 мектеп пен 1300 денсаулық сақтау нысандары салынды. Тәуелсіздік жылдарында әлеуметтік сала шығындары ІЖӨ-нің 6%-ынан 10%-ынан астамға дейін өсті. Қазақстандықтардың орташа өмір жасы 72-ге ұлғайды. 100 миллион шаршы метрден астам тұрғын үй пайдалануға беріліп, халықтың баспанамен қамтамасыз етілуі бір жарымы есеге ұлғайды. Міне, осылардың бәрі Елбасы атап көрсеткендей, елімізді «серпілісті тарихи дәуірге» алып келеді.

Серпінді экономикалық өрлеулер мен әлеуметтік өзгерістердің жүзеге асуына Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев қалыптастырған халықтың бірлігі мен келісімін қамтамасыз еткен бірегей моделі серпіліс бергенін атап өтуіміз керек. Азаттықтың алғашқы жылдарында мемлекет қурушы қазақ халқының сыны жалпы ел халқының жартысына да жетпейтін егемен елдің байрағын биіктеуге елеулі сынақ болды. Осындай сын-қатерлі тұста Президент мықты мемлекет қалыптастыру жолында барлық этностардың мұрат-мақсаттарын тоғыстырудың мүмкіндігін іс жүзінде дәлелдеп берді. Елбасы дүние жүзіндегі бірде-бір мемлекетінде таң-жірибеге енебеген Қазақстан халқы Ассамблеясын құрып, этносаралық қатынастарды жетілдіруге іргелі істерде жол ашты. Өткен жылы бірегей қоғамдық институттың құрылғанына 20 жыл толуына орай Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен 2015 жыл КХА жылы деп жарияланды. Осы

уақыт аралығында Қазақстан этносаясатының елеулі артықшылықтары қалыптастырылды. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың орнықты саясатының арқасында азаматтық тең құқықты іске асырудың тетіктері жасалды. Азаматтық қағидат негізінде қазақстандық бірегейлік пен бірлік қалыптастырылып, нығая түсуде. Қазақстандағы этностардың өкілдігі және олардың мүдделерін іске асыру ең жоғары мемлекеттік деңгейде жүзеге асырылуда – Конституцияның кепілі ел Президенті ҚХА Төрағасы болып табылады. Ассамблея сессияларының шешімдерін барлық мемлекеттік органдардың қарауы және орындауы міндеттілік ретінде бекіті. Ел Парламентіндегі этностардың кепіліді өкілділі ҚХА-ның Мәжіліске 9 депутат сайлауы арқылы қамтамасыз етілуде. «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық идеясын өзек еткен қазақстандық бірегейлік пен бірліктің құндылық негізі қалыптастырылды. Мемлекет этностардың тілі, дәстүрлері мен мәдениетін дамыту үшін жағдай жасады және қолдау көрсетіп келеді. Бірегейлік пен бірліктің қазақстандық моделі азаматтық бастамашылықтың, азаматтық қоғам институттары мен мемлекеттің сындарлы диалогының негізінде дамуда. Соған сәйкес, тиісті нормативтік-құқықтық актілер қабылданып, барлық деңгейдегі әкімдер мен ірі кәсіпорындар жанынан ҚХА-ның қолдауымен қоғамдық келісім кеңестері құрылды. Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен 2014 жылы ҚХА қызметін қамтамасыз ету жөніндегі ұйым ретінде Қазақстан Республикасы Президентінің жанынан «Қоғамдық келісім» республикалық мемлекеттік мекемесі құрылды. Қайырымдылық, медиация туралы заңдар қабылданды.

«Егеменді ел көркікті, бетегелі бел көрікті» демекші, мемлекеттің тірегі, іргетасы да, рухани тамырымыз да – ауылда екені мәлім. Өткен жылы Елбасы ұсынған «Ұлы Дала елі» ұғымының астарына үніселені, ең әуелі көз алдыңызға алтын дінгек – ауыл келетіні анықат. Өйткені, ұлтыммыздың тұтастай генотипі, рухани тамыры, мәдени қолының бәрі ауылда жатыр. Тәуелсіздік ауылға не берді деген сұраққа келсек, ең әуелі аграрлық сектордың жаңа сатыға көтерілгенін атап өтуіміз керек. Елімізде ауыл шаруашылығын дамыту үшін әлемдегі ең жақсы жағдай қалыптасқан. Қазақстанның ауыл шаруашылығы жерілерінің ауданы – 215 миллион гектар. Бұл – әлемдік ресурстардың 4 пайыздан астамы. Қазақстан бір тұрғынына шаққандағы егістік алқабының ауданы жөнінен әлемде Австралия және Канадамен бірге алдыңғы қатарда тұр. Өңірлердің табиғи-климаттық тұрғыдан араландығы мен топырақтың құнарлылығы бізге түрлі бағыттарда – бидай, күріш, майлы дақыл және жеміш-дақылдары, ет және сүт өндірісінде бәсекеге қабілетті болуға мүмкіндік береді. Қазақстан әлемдегі ірі астық экспорттаушылардың одығына кіреді. Орталық Азия елдеріне жыл сайын 6 миллион тоннаға дейін, Еуропалық одақ елдеріне 2 миллион тоннаға дейін астық экспортталды. Жалпы алғанда, Қазақстан экспорттың географиясы 70 елді қамтиды.

«Агробизнес-2020» ауқымды бағдарламасы жүзеге асырылуда, оның аясында аграрлық азық-түлік секторына 16 миллиард доллардан астам қаражат инвестицияланатын болады. Соңғы 4 жылдың өзінде мемлекет агроөнеркәсіп кешіне 5 миллиард доллардан астам инвестиция салды.

Елбасы бұған дейінгі Жолдауларында ұсынған «100 мектеп, 100 аурухана» жобасы еліміздің түкпір-түкпірінде жаңа мектептер мен ауруханалардың бой көтеруіне жол ашты. Ауылдық аумақтардың инфрақұрылымын қалыптастыру жұмыстары өз нәтижесін беруде. Ауылдық аумақтардағы фермерлерді қолдау мақсатында қабылданған «Сыбаға», «Алтын асық», «Ырыс» және басқа да бағдарламалар арқылы мемлекет тарапынан несие беру шаралары игілікті жолға қойылды. Ауыл тұрғындары таза сумен қамтамасыз етуге бағытталған «Ақ бұлақ» бағдарламасының қолға алынуы, мектепке дейінгі жеткіншектерге тәрбие беруге бағытталған «Балапан» бағдарламасының басталуы және басқа да игілікті істер ауылға деген тәуелсіздіктің тартуы деп есептеуіміз керек. Ауылдық жерлерде Қазақ елінің болашақ Абайы мен Шоканы, Бауыржаны

мен Қанышы өсіп келе жатқанына ешқандай күмәніміз жоқ. Сол себепті, ауылдық аумақтарда білім деңгейін көтеруге әлі де көп көңіл бөлуіміз керек.

Жалпы алғанда, ауыл мектептерінің материалдық-техникалық базасын нығайтып, оларды біліктілігі жоғары кадрлармен қамтамасыз ету жұмысы жалғаса бермек. Сонымен бірге, ауылдардың инфрақұрылымы мен әлеуметтік саласын дамыту, спорт нысандарын салу, жөндеу жұмыстары толастамауы керек.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев был Жер реформасы жөніндегі комиссияның Жер кодексінің жекелеген нормаларына қатысты мораторийдің күшінде тұру мерзімін 2021 жылдың 31 желтоқсанына дейін ұзарту туралы шешім қабылдады. Мемлекет басшының ұйғарымымен құрылған Жер реформасы жөніндегі комиссия қоғамды толғандырған проблемалық мәселелерді талқылай отырып, үлкен жұмыс жүргізді. Үкімет енгізген жекелеген заң жобасында көрініс табуы тиіс бірқатар ұсыныстар әзірледі. Атап айтқанда, ол ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді беру процедураларын жетілдіру, олардың ұтымды пайдаланылуына бақылауды күшейту мәселелеріне қатысты. Қоспа, ауыл шаруашылығын дамыту оған ілесе келген салалардың дамуына жағдай туғызды.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы бірқатар қиындықтарға қарамастан, Ел Президенті мәдениет саласына ерекше мән беріп, нақты қолдау көрсетуді жолға қойды. Атап айтсақ, 2003 жылы Мемлекет басшысы Қазақстан халқына Жолдауында Қазақстанның мәдени мұрасын, гуманитарлық білім қорын, тарихи-мәдени және сәулет ескерткіштерін қалпына келтіруді, ұлттық әдебиет пен жазудағы көпжылдық тәжірибесін біріктірді зерттеуге бірыңғай жүйе қалыптастыруға бағытталған бағдарлама жасауды тапсырды. Тарихи бастама бойынша ТМД елдерінде бұрын-соңды болмаған «Мәдени мұра» бағдарламасының кешенді түрде іске асырылуы халықтың бойында рухани сілкіне жасап, тарихи-мәдени қорымдызды толықтырды. 2004 жылдан – бағдарламаны жүзеге асыра бастаған кезден бастап тарих пен мәдениеттің 78 ескерткішінде реставрациялық жұмыстар жүргізілді. Ғылымды жаңа артефактілармен байытқан 26 ғылыми-қолданбалы, 40 археологиялық зерттеу жүргізілді. Шығыс Қазақстан облысындағы Шілікті мен Берел қорғандарындағы (б.з.д. V-III ғғ.) қазбалар, «скиф-сібір ан стилине» немесе өнерге жататын табылған алтын бұйымдар әлемге әйгілі болды. Тәуелсіз Қазақстан тарихында алғаш рет еліміздегі ескерткіштердің масштабты инвентаризациясы өткізілді және республикалық (218 нысан) және жергілікті (11 277 нысан) маңызды бар тарих пен мәдениет ескерткіштерінің тізімі бекітілді.

Қытай, Түркия, Монғолия, Ресей, Жапония, Мысыр, Әзбекстан, сонымен қатар, АҚШ пен Батыс Еуропаға ғылыми-зерттеу экспедициялар нәтижесінде 5 мыңнан астам құнды тарихқа, этнографияға, Қазақстан өнеріне байланысты архивті құжаттар, қолжазбалар мен баспа шығарылымдары алынды. Алғаш рет «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында қазақ тіліндегі толымды гуманитарлық білім беру қорын құру басталды. 537 кітап бір жарым миллионнан астам тиражбен шығарылды, олардың арасында тарихқа, археологияға, этнографияға, жаңа энциклопедиялық сөздіктерге байланысты қайталанбас сериялар кездеседі. Атап айтсақ, «Бабалар сөзі», «Библиотека мировой литературы», «История казахской литературы», «Философское наследие Казахстана народа с древнейших времен до наших дней», «Мировая культурологическая мысль», «Экономическая классика», «Мировое философское наследие» сияқты қатарлар бар. Орта ғасырлардағы әуендері терең зерттеулер жүргізілді, оның ішінде күйлер, тарихи өлеңдер. Қазақтың дәстүрлі әндерінің «Мәңгілік сарын» қазақтың 1000 қүй, 1000 әні» антологиясы шығарылды.

Президент мәдениеттің, әдебиет пен өнердің ерекше еңбек сіңірген танымал тұлғаларына дәстүрлі стипендия тағайындады, мәдениет ошартқы мен өнер ордаларына

мемлекет қаржысын тиісінше бөліріп отырды. Қазір жыл сайын осы саланың белгілі қайраткерлері мен жас таланттарына арнаулы стипендиялар беріліп келеді. Әдебиет, кино, театр өнері жаңа кезеңге көтерілді.

Бүгінде әлемнің ең дәулетті адамдарының алдыңғы легінде тұрған компьютерлік ғұлама Билл Гейтстің «Білім – басқара білудің басты құралы» деген сөзі бар. Жаңа Қазақстанды заманауи біліммен қаруланған білікті мамандар ғана алға оздыра алатынын айқын болжаған Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев осыдан 23 жыл бұрын тікелей бастамасымен «Болашақ» халықаралық стипендиясын тағайындады. Бағдарлама жүзеге асырылып келе жатқан осы кезеңде 12040 қазақстандық жасқа стипендия тағайындалды. Соның ішінде, бүгінде осы бағдарлама арқылы 8 885 маман шетелде білім алып, олардың 99 пайызы жұмысқа орналастырылды. Қазіргі уақытта «Болашақ» бағдарламасының тиімділігін арттыру және тағайындалатын стипендиялардың қолданыстағы қадамдарын қайта қараудың қажеттігін уақыттың өзі талап етіп отыр. Сондықтан, халықаралық тәжірибеге жан-жақты зерделеніп, тиісті түзетулер енгізілді. Біріншіден, үміткерлерге стипендия тағайындау мен мамандарды даярлаудың сапасына қойылатын талаптар күшейтілді. Үміткерлердің академиялық және тілдік білім деңгейлеріне қойылатын талаптар арттырылды. Нәтижесінде, 2015 жылы IELTS бойынша тапсырылған тестің санаты 3-тен 5-ші деңгейге дейін көтерілді. Экономика салаларының қажеттілігіне тағда жасалып, «100 нақты қадам» Ұлт жоспарында белгіленген бағыттарды жүзеге асыратын мамандарды даярлауға басымдық берілді. Сондай-ақ, магистр дәрежесін алуға мәдениет қызметкерлері, БАҚ мамандары, инженерлік-техникалық қызметкерлерге арналған жаңа квоталық санаттар енгізілді. Стипендиаттарды оқыту үшін жоғары оқу орындары тізімін жасақтау тетігі қайта қаралды. «Болашақ» бағдарламасы арқылы мамандар даярлауда тек қана халықаралық рейтингте алғашқы 100 позицияны иеленген және пәндік рейтингте алғашқы ондыққа енген университеттер ғана таңдап алынуда. Бағдарлама аясында Қазақстанны





29 ҚАРАША  
2016 ЖЫЛ

АЕБІЗДЕР АЕГІ



Егемен Қазақстан



Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ

## ҰЛЫ ДАЛА ҰЛАҒАТТАРЫ

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Ұлы Дала ұлағаттары» атты еңбегінде тілге байланысты тебіренісін осылай «Туған тілді тұғыры» деген тақырыппен бастапты. Ол тәуелсіз еліміздің сан түрлі өзекті мәселелерімен шұғылдана жүріп, ана тіліміздің тағдырын да ешқашан есінен шығарған емес.

## Туған тілдің тұғыры

Халықтың ұлы перзенті «ең әуелі қазақ елі барда қазақ тілі өмір сүреді, өседі, өркендейді, ұлтымыздың ұлы тілі мәңгілік» дегенді нысана етіп, арғы-бергі тарихты оймен шарлап өтеді. Шынында, ана тілін ардақ тұтатын біздің қазақтай ел көп емес. Мұны Елбасы бүкіл болмыс-бітімімен, жан-тәнімен түйсіне отырып, өзінің замандастарына, жас жеткіншектеріне жеріне жеткізе айтыпты. Кешегі кеңестік дәуірдегі отарлық құрсаудың темір қақпаны ана тіліміздің адымына шідер салып, дамуы тоқырай жаздағаны мәлім. Мұны бүгінгі ұрпақ ұмытпауы тиіс. «Ұлттың ұлы қазынасы ана тілін жаңа ғасыр биігіне абыроймен алып шығу – бүгінгі ұрпақтың парасатты парызы» дейді Елбасы. Өзім тіл маманы, Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының басшысы болғандықтан да, «Ұлы Дала ұлағаттарындағы» тілге байланысты толғаныстарға баса назар аудардым. «Тәуелсіздік бізге не берді?» дегенде, алдымен айтармыз, туған тіліміздің бұрын болмаған мемлекеттік мәртебе иеленіп, Конституциямыздың 7-бабында «Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіл – қазақ тілі» деп бекітілуі болатын.

Ия, тілімізге теңдік тиді, төрге шықты, заңдық негізге ие болды. Елбасы айтқандай, мемлекетіміздің беделін көтеріп тұрған бұл бапты дұрыс пайдалана алмасақ, кімге өкпе артамыз? Өз тілін өгейсініп, өзге тілдің ығына жығылғандардың қарасы азайғанымен, мемлекеттік қызметте әлі де көптеп кездесетінін Елбасы біліп отыр. Содан да болар, Нұрсұлтан Әбішұлының бір кезде намыс пен жігерді қайрап, «он бес жылда аю да мемлекеттік тілді үйреніп алатын уақыт болды» деп айтқаны әлі есімізде. Осы ойлардың біразын тағы да қайталап еске салудан жалықпай отырған Елбасының ұлттық мәселені есінен шығармайтынын білдіреді. «Әр азамат әуелі туған тілге деген құрмет пен жауапкершілікті өзінен бастауы керек, отбасынан бастауы керек»,

дейді Елбасы. Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының да әу бастан ұстанған бағыты – осы. Елбасы мемлекеттік тілді үнемі назарында ұстап келеді. Бағыт-бағдар сілтеудің ең төте түрі оның «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде» деген сөзі болатын. Сондай-ақ, «Қазақ қазақпен қазақша сөйлессін» деген сөзді айтқан да Елбасы. Қадап, қазып айтылған бұл ұсыныстардың қадіріне жете алмасақ, тағы да намыссыздықтың салдары.

Үш тұғырлы тіл мәселесін Елбасы мемлекет дамуындағы маңызды мәселелердің бірі санайды. Бұл дұрыс. Алайда, мұны жүйелі, саналы түрде сауатты іске асырудың орнына ана тілден асырып, жалаулатып жүретін жандар бар. Өрине, көп тіл білгеннің зияны жоқ. Алайда, қандай жағдайда да туған тіліміз, қазақ тілі өз мәртебесін жоғары ұстауы тиіс деген ұстанымынан танбайды Елбасы.

Президенттің мемлекеттік істерге байланысты толғауларының өзінен ақынжандылығы байқалып тұрады. Ол кісінің «қазақ тілінің қанық бояулары – қазақ әндерінде» деуі тегін емес. Соларды бойға сіңіре жүріп, өлең жолдарын туындататыны мәлім. Қаз-ағының әніне, күйіне, өнеріне, тарихы мен кең байтақ жеріне сүйсіне көз тастай жүріп:

Арайлап таным,  
Асқақтап тауым,  
Өн ойнап көгім,  
Күй төгіп көлім,  
Көл жетті, міне,  
Аңсаған күнге  
Жасай бер, жаса,  
Қазағым менің!–деп төгілдірген Елбасының ана тілін аялай білетін осы қасиеті халық үшін туған, ел бастайтын көсемдік мінезін танытады.

**Өмірзақ АЙТБАЙҰЛЫ,**  
академик,  
Халықаралық «Қазақ тілі»  
қоғамының төрағасы

## САЯСАТ

## Егемендік, кемеңгерлік және көрегендік

Дербестігімізді алып, тәуелсіздік туын көтергенімізге жиырма бес жыл толды. Тұтас бір ел, жеке қоғам үшін бұл уақыт оның даму тарихында аққан жұлдыздай қас-қағым сәт. Өйткені, кез келген қоғамдағы елеулі өзгерістер жолында ондаған, тіпті, жүздеген жылдар өте шығатыны тарихтан белгілі. Дегенмен, қоғам дамуының, ондағы күрделі өзгерістердің бір жылы он жылға, тіпті, одан да ұзақ мерзімге татитын кезеңдер болады. Сондай кезеңдердің бірі – біз, қазақтар, қазақстандықтар, атап өткелі отырған егемендігіміздің алғашқы ширек ғасыры. Ал осы ширек ғасырдағы қарышты қадамдарымыздың бірден-бір жетекшісі, әлбетте, Тұңғыш Президент, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев. Оның «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған кезекті туындысы – «Ұлы Дала ұлағаттары» – қазақ сахарасының елдік философиясы дер едім.

### ШИРЕК ҒАСЫР ШЫНДАРЫ

Өңгіме басын, тәуелсіздіктің жиырма бес жылындағы жетістіктерден бастасақ. Осы тарихи кезең ешкімге жалтақтамай тәуелсіз мемлекет құрудың қамына кірісуге жол ашты. Біз азаттығымыздың арқасында өркеніетті елдердің жолымен жүруге мүмкіндік алдық. Осы уақыт ішінде көптеген күрделі реформалар жүргізіп, қоғамымыздың бұрынғы бетпердесін түбегейлі өзгертіп, қазіргі заман талабына сай қайта жасауға кірістік.

Ұлан-ғайыр істердің алғашқы жылдарында әртүрлі себептерден туған батпандай қиындықтарды да басымыздан өткізуге тура келді. Оларды еңсере біліп, қол жеткізген жетістіктерімізді ауыз толтырып айтуға болады. Алғашқы онжылдықта мемлекеттік басқару жүйесі, ішкі-сыртқы саясат, әлеуметтік қорғау, нарықтық экономика жүйелері жасалып, іске қосылды. Өлемдік қауымдастықта демократия мен нарықтық экономикаға көшкен ел ретінде тиісті орнымызды алдық.

Біз жүргізген сыртқы саясат көптеген әлем елдерімен достасуымызға, олармен тығыз байланыс орнатып, жас мемлекетіміздің дамуына керек мүмкіндіктерді кеңінен пайдалануға жағдай жасады. Ширек ғасыр ішінде Қазақстан ешбір елмен дауласпады, жаға жұрттыспады. Бүгінгі алай-түлей заманда байсалды, бейбіт қалпын

сактай білген бірден-бір ел – біздің Қазақстан.

Мемлекетіміз жүргізген ішкі саясат егемендік жылдарында еліміздегі ұлттар достығын, бірлігін сақтап, барша халықтың бір мақсатқа жұмыла кірісуін қамтамасыз етті. Өрбір қоғамның сапасы оның тұрақты дамуымен өлшенеді. Егемендіктің тұсында қазақ қоғамы тұрақты дамудың үлгісін көрсетті. Араласқан әлем елдері біздің қоғамның осы қасиетін әр уақытта айтып, үлгі етіп жүреді. Егемендік туын көтергенімізге он жылға жетпей, АҚШ, Германия, Франция, Италия, Австрия сияқты дамыған елдер Қазақстанды демократиялық үрдісті қабылдаған, нарық экономикасы елі деп таныды. Нәтижесінде, шет елдерден бізге керек миллиардтаған инвестиция келді, жүздеген кәсіпорын бой көтерді, өндірістің бізде бұрын болмаған – машина жасау, ақпараттық технология, ядролық энергетика, химия, құрылыс материалдары өндірісінің заманауи салалары, өңдеу, тамақ өнеркәсібінің көптеген нысандары салынып, іске қосылды.

Егемен елдің өзіне тән салық, бюджет жүйелері, кеден кешені құрылды, бүгін осы салалардың барлығы да елімізде тұрақты түрде жұмысын жалғастыруда. Кәсіпкерлердің саны да, сапасы да өсті. Қазір бізде әлемдегі озық үлгіге сәйкес жасалған қаржы жүйесі бар. Қазақстан экономикасын

келеңсіз жағдайлардан сақтандыратын, тығырықтан шығуына тікелей жәрдемдесетін өте қомақты қаржы жиналған Ұлттық қорымыз жұмыс істейді. Егемен елдің экономикасының айналымын қамтамасыз ететін ұлттық валюта – теңге бар. Бір сөзбен айтқанда, елімізде нарық экономикасы толыққанды жұмыс жасау үшін оның барлық тетіктері жасалды.

### ТӘУЕЛСІЗ ЕЛДІҢ КӨШІН БАСТАҒАН ТҰАҒА

Тәуелсіздік асуларын баяндай келіп, еліміздің көшін бастаған, реформаларды табандылықпен жүргізе білген Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлының еңбегі ерен деп айтуымыз керек. Президент Нұрсұлтан Назарбаев тарихымыздың өте бір күрделі кезеңінде егемендігіміздің туын көтеріп, мемлекетімізді басқару ісін де кемеңгерлігін көрсете білген қайраткер. Оның сарабалд саясаты Қазақстан жұртының қол жеткізген жетістіктерінің демеушісі хәм жебеушісі болды.

Мемлекет басшысы халқымыздың келешегін анықтайтын, болашағын бүтіндейтін күн тәртібін ұсына білді және оның жүзеге асуын үлкен шеберлікпен, жасампаздықпен басқарды. Қазіргі заманның ең өзекті мәселелерін көтеріп, оларды шешу жолдарын әлем елдерінің назарына ұсынганы – оның халықаралық дәрежедегі қайраткер екенін танытты. Мұны әлемдік деңгейдегі саясаткерлердің Президентіміз туралы шешіле сөйлеген сөздерінен, іскерлігін мойындаған пікірлерінен білеміз.

Бізді, қазақтарды, әлем сахнасына шығарып, елдігімізді баршаға паш ете алған Нұрсұлтан Әбішұлындай қайраткер қазақ тарихында бұрын болған жоқ. Ол ұсынған, халық қолдаған саясаттың арқасында біз, қазақстандықтар барша әлемді қараладық, жер беті өркениетінің озық үлгілерімен сусындадық. Дамыған елу елмен ықп тірестік. Елбасы

көрегендігімен қолға алынған шаруалар елімізді әлі талай белестерден биіктетіп, асулардан асыратынына сенім мол.

Ол жаңа астанамызды тұрғызды, өзінің кемеңгерлігімен Астананы әлем елдері басшылары жиналып, заманымыздың бүгіні мен ертеңі туралы кеңес құратын беделі жоғары халықаралық орталық дәрежесіне көтере білді. Астаналық форумдар шешімдері әлем елдері тарихында сақталатынына күмән жоқ.

### ҚАЗАҚ САХАРАСЫНЫҢ ЕЛДІК ФИЛОСОФИЯСЫ

Осыдан бір-екі жылдай бұрын Нұрсұлтан Әбішұлының қаламынан шыққан өзі туралы естелігін оның тамаша баяндалған өмір философиясы деп едім.

Міне, Елбасының қаламынан тағы бір тамаша туынды жарық көрді. Оқыдым, тақырыптарына көз жібердім, терең сырларына да бойлауға тырыстым. Осылардан кейін «Ұлы Дала ұлағаттары» қазақ сахарасының ғасырлар бойы қалыптасқан елдік философиясы деген тұжырымға келдім. Тұрмыс, салт-дәстүр, дархан көңіл, қариялар мен жас ұрпақ, жақсы мен жаман, үкілеген үміт, әлем елдері мен қазақ қоғамы, Мәңгілік Ел болу жолдары, осылардың бәрі де біздің дүниетанымымыз бен асқақ арманымызды көрсете білетін ұлы дала перзенттерінің адами қырлары. Олар терең ой, сұлу сөзбен ерекше безендірілген.

Кез келген қоғамның кемшілігі де бар. Президент бұл туындысында дәл қазіргі кездегі түйінді мәселелерді де, шешуі қиын проблемаларды да сөз еткен екен. Және оларды тарқату жолдарын да егжей-тегжейлі баяндай кетеді. Сондықтан қоғам назарын тіккен еңбекті ендігі даму жолымыздың бір жоспары деп ой, айтуға болады.

«Ұлы Дала ұлағаттары» оқырманына ой салады, жас ұрпақтың өз Отанына құрметін арттырады. Елдігімізді паш еткен еңбек орыс, ағылшын тілдеріне аударып, әлем жұртшылығы назарына ұсынуға сұранып-ақ тұр. Елбасының өз халқын, оның өмір философиясын әлемдік қоғамдастықтың білуіне жасаған тағы бір сәтті қадамы болар еді.

**Кенжеғали САҒАДИЕВ,**  
академик

## Елімнің келешегін елестеттім

Тәуелсіздіктің туын тіккенімізге де ширек ғасырдың шамасы болыпты. Қазағымның ықылым заманнан арман еткен азаттығын алған кезден бастап бүгінгі күнге дейінгі жеткен деңгейіміз бен дәрежемізді саралар болсақ, ең алдымен Есідің бойынан еңселі Астана салғанымызды ауызға алуға болады.

Әлбетте, бүгінгі күн тұрғысынан алып қарағанда, бұл өзі заманның ыңғайы һәм уақыттың талабы бойынша дүниеге келе салған кереметтің бірі сияқты болып көрінуі мүмкін. Ал шын мәнісінде, мұның астарына үңілер болсақ, тарихта аса сирек кездесетін ақыл-ой, арман-мақсаттардың тау қопарып, камал алғанның да зор күш-қуатынан туындаған теңдессіз жоба екенін түйсінесіз. Міне, осындай ұлы істердің бастауында ұйытқы болып Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтай нар тұлғаның тұруы тарихтын бізге тартқан ғаламат сыйы екенін қалайша айтпасақ?!

Елбасының «Егемен Қазақстан» газетінде

жарияланған «Ұлы Дала ұлағаттары» еңбегінің «Еңсесі биік елорда» атты бөлімін оқып шыққанда, осыдан бірнеше жыл бұрынғы бұйығып жатқан шағын ғана қала Ақмолаға ағылған көшті еске алдым. Жасыратыны жоқ, сол кезде Тұңғыш Президенттің сұңғыла саясатына терең бойлағанымыз, нартәуекелге бел буған көзсіз батырлыққа күмөңсіз қарағанымыз кемде-кем еді. Сөйтсек, елдің ертеңін ойлаған кемеңгер біз төменде күнкілден жүргендей болған шақта қол жетпес биіктерден болашаққа көз тігіп, бәрін де болжап-біліп отырған екен ғой.

«Бүгінгі жаһандану шағында жаңа қала салудың мәселесі аса қиындық туғызбайды. Не керектің бәрі де бар. Расында солай ма? Асығыс ойласан, оңай секілді көрініп кететін істің артында үлкен проблемалар туындап шыға келеді. Қала салу түгілі, үй салудың да машақатын бала кезден көріп өскен ұрпақтың өкіліміз», деп жазады Елбасы кітабында. Рас-ау, бір үйді салудың өзі бүтін бір әулетті әуресарғана салып қоятыннын білеміз, талай мәрте куәсі де болдық. Ал аяғынан енді қас тұра бастаған елдің заманның қиын-қыстау уақытында бас қаласын

тұрғызуы – тарихтан іздесеп таппайтын мысалдың бірі.

Кітапты оқи отырып шығарманың өңбойынан Астананың айшығын, еліміңіз айбынын танытатын дәл рухты екпін мен қуатты ой тасқынын сезінесін. Қазақстан деген елдің емес тікпей, ендігіде келешекке қыранша көз тіккен болмыс-бітімін танысың! «Қылып пен найзаың заманы өтті. Зіркілдеген зенбіректеріңіздің өзі қазір қару-жарақ мұражайында тұр. Қазіргі рухты сөз – ұлттың танымын да, тарихын да толғайтын сөз «Мәңгілік Ел» болуы керек. Бұл сөз халықтың өз көкірегінен шығып, әр адамның жүрекжарды сөзіне айналуы қажет, сонда ғана ұлы мақсат өзінің межелі биігіне шығады», деп жазған Ұлт көшбасшысының сөзіне алып-қосарымыз жоқ.

**Боранбай ЖҰМҚЕҰЛЫ,**  
еңбек ардагері,  
«Құрмет» орденінің иегері,  
Шет ауданының құрметті азаматы

**Қарағанды облысы**

## Мемлекетшіл болудың жолын меңзейді

Қазақта «жылқы кісінескенше, адам тілдескенше»деген сөз бар. Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың «Егемен Қазақстан» газетінің әр санына жарияланып отырған «Ұлы Дала ұлағаттары» атты кітабы халық пен Президенттің өзара тілдесу, түсінісу, сырласу үлгісі екеніне дәу жоқ.

Осы жазбаның «Саясат салтанаты» деп аталатын бөлімінде біздің еліміздің алғаш азаттық алған күннен бастап осы күнге қалай жеткені, қолға тиген Тәуелсіздік қалай тұғырға қонып, қалт-құлт етіп, жаңа тәй-тәй басқан мемлекет, мемлекеттілік қалай қалыптасқаны жайында тәптіштей баяндалады.

«Мен үшін елімді дамыған мемлекеттердің сапына тұрғызып, санатына қосудан үлкен мақсат» жоқ деген Нұрсұлтан Әбішұлының ұлы мұрат жолында немен жігерленіп, күш-қуатты, ерік пен рухты, қайратты қалай шыңдағанына тәнті боласыз. Ер азаматқа қанат бітіріп, ұлы істер тындыруда серік болатын ел сенімі екен. Сонымен қоса, әрине, туған еліне, жеріне деген махаббаты, Отанына деген сүйіспеншілігі. Бұл орайда Елбасы: «Қабырғалы халқы болмаса, қандай басшының да тауы шағылмай, тауаны қайтпай тұрмайды», – деп ағынан

жарылыпты. Дәл осы бөлімде елді саяси-экономикалық жақтан біршама дамытып, алға межелі міндеттер қойып, қарыштап дамыған Қазақстанды әлемнің алдыңғы қатарлы мемлекеттері қатарына қосуға күш салғанын айта келе, Нұрсұлтан Назарбаев соңғы жылдарда жеткен жетістіктерімізге де тоқтала кеттігі. Атап айтқанда, Қазақстанның халықаралық беделіне байланысты еліміздің биылғы, яғни 2016 жылғы 28 маусымда Біріккен Ұлттар Ұйымы Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты емес мүшесі болып сайланғанын айтады. «Бұл Кеңес – БҰҰ-ның Жарғысымен «халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздіктің басты жауапкершілігі» жүктелген, тұрақты жұмыс істейтін орган. Еліміздің оған мүше болуы Қазақстанның халықаралық аренадағы беделі мен еңбегінің мойындалуы деген сөз», – дейді.

Қазақстанның мұндай жетістікке жетуіне, сөз жоқ, тәуелсіздік алысымен еліміздің Семей ядролық-полигонын

жабуы және қуаты жағынан әлемдегі төртінші зымдырақ-ядролық арсеналдан бас тартуы, әлемдік қауіпсіздік пен ынтымақтастық үшін республикалық және халықаралық үш жобаларды қолға алып, терроризммен күресте өз позициясын мықтап ұстанып, ұдайы белсенділік танытып отыруы, Қазақстанның бейбіт-құмарлығы, татулықсүйгіштігі жол ашқан.

Қазақстан білімі мен біліктілігіне көрегендігі үйлескен Президенттің басқаруымен осы жылдың өзінде халықаралық дәрежеде жаңа нәтижелерге қол жеткізді. 2016 жылғы 17 маусымда Қазақстан Орталық Азияда алғашқы болып Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (ЭЫДҰ) Бәсекелестік жөніндегі комитетінің мүшелігіне қабылданды. Осылайша, жаһандық экономикалық қалыптастыруға ере ететін белді халықаралық ұйым жұмысының бел ортасында жүріп, әлемдік нарықтың бағыт-бағдарын белгілеуге өз ықпалын тигізуге ұмтылды. Мұндай ауқымды шаруаларға рухы мықты, еңселі ел ғана бара алатыны анық. Бұл тұрғыда «Туған тілдің тұғыры» деген тақырыппен өзінің тіл туралы толғамдарын, мемлекеттік тіліміздің қазіргі қолданылу күйі мен

оны дамыту, мәртебесін өсіру, аясын кеңейту жайлы өз ұстанымын баяндаған Нұрсұлтан Әбішұлы Алаш арысы Мұстафа Шоқайдың «Ұлттық рухтың негізі – ұлттық тіл» дейтін қанатты сөзін тілге тиек етіп, Ата Заңымыздың 7-бабына «Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіл – қазақ тілі» деп жазу Тәуелсіздіктің, азаттықтың жемісі екенін еске салыпты. Десе де, өз тілін өгейсініп, өзге тілдің ығына жығылғандар әлі де мемлекеттік қызметте әлі де көп кездесетініне қынжылыс білдіргендей болады. Мұның бәрі «ұлттық намыстың аздығы, ерсі әрекетке еліктегіштік, ұлт дәстүріне енжарлық» салдары екенін атап өтеді.

Кейде халық бала секілді. Қамқор ата-ана нәнін қажет, ненің болашақта пайдалы екенін тәптіштей түсіндіріп отырмаса, болашағын болжап білмейді. Бұл орайда, үш тұғырлы тіл саясатын ұсынған Нұрсұлтан Әбішұлы «бұрын көп тіл білу мақтан болса, енді ол қажеттілікке айналғанын» түсіндіріпті. «Әлемдік ақпарат, технология, жаңа инновациялық индустрия ағылшын тілінде жарып жатыр. Демек, бұл тілді біз еркін меңгеруіміз керек», – дейді Президент «Ұлы Дала

ұлағаттары» кітабында. Өйтсе де, ұлттық рухтың өзегі туған тіл деп қабылдаған Нұрсұлтан Назарбаев отандастарын қанша тіл білсе де, туған тілінің туын жоғары ұстауға шақырады.

Бірлігі мықты, қуаты күшті, қарқыны дамуға бейім ел болу үшін сындарлы саясат ұстанып, алды-арты бажайланған экономикалық бағдарламалар қабылдап, ел тұрмысын дамытуды мақсат тұту тым аз. Ендеше, «Ұлы дала ұлағаттары» кітабындағы бір бөлім тіл мәселесіне арналса, тағы бір бөлімнің «Дін мен дәстүр» аталуы да қисынды. Дінді «рухсыздық пен қанағатсыздықтың алдына қойылған ен берік қамалдардың бірі» деп айдарлаған Елбасы бұл бөлімде еліміздегі қазіргі діни ахуалды біршама саралапты. Шарият тұрғысында біз де қазір бірнеше ағым бар екенін айтып, «Солардың бірі – құдайсыздық пікірін ұстанатындар. Екіншісі – ислам дініне таза ұлтшылдық тұрғысынан қарайтындар. Енді біреулері – ислам дінінің негіздерін халықшыл-мемлекетшіл тұрғыдан терең түсініп, оның қадірін білетіндер» деп атап өтіпті. Алғашқы екі бағытты ұстанушылар тынымсыз еңбектенип,

діни сауаты таяз талай жасты тура жолдан адастырып отырғанын жаңа қинала баяндады. Отандастарың ислам дінінің құндылықтарын ажырата білуге, осы тұрғыда білімді арттырып, ата-бабаларымыз ұстанып келе жатқан мұсылманшылық дәстүрді, өз жолымызды ұстануға шақырған Нұрсұлтан Назарбаев бүгінгі күні адасқандарға жалау болған жинад ұғымының шын-мәнінде қырпып-жою, террористік әрекет жасап, кісі өлтіру емес, белгілі бір нәтижеге жету үшін, ел мүддесі үшін ынта-жігер таныту, күш-қайрат жұмсау екенін де жалықпай түсіндіріп өтіпті. Алла жаратқан өмірді сүю, адамды сүю, Отанды сүю және қастерлеу – мұсылманның басты шарты екенін жүрекпен шыққан сөзімен жеткізіпті. Адамдаудың, дұрыс, тура жолда өмір сүрудің ең тиімді жолы өткенге тас атып, өзге елдің үгіт-насихатының ықпалында кету емес, ата-бабаларымыз салып кеткен жолдан жаңылмау, топпыл болмай – көпшіл болу, мемлекетшіл болу.

Ел ертеңіне алаңдап, жас ұрпағымен сырласқан абыздай Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Ұлы Дала ұлағаттары» кітабында осыны мензейді.

**Әлібек АСҚАР,**  
жазушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты,  
Ұлттық кітап палатасының директоры



# 4 БОЛАШАҒЫМЫЗ – БІРЛІКТЕ!

# ТӘУЕЛСІЗДІК ДЕКЛАРАЦИЯСЫ –

## Ынтымағы жарасқан ырысты жұрт

Парламент тари-  
хында әр түрлі ма-  
ңызды шешімдер  
қабылданған күндер,  
мемлекеттің үдемелі  
дамуына қажетті заң-  
дар қаралған отырыс-  
тар, халықаралық қа-  
тынастарды одан әрі  
жақындата түсуге ық-  
пал ететін келісімдерді  
бекітуге байланысты  
құжаттар алынған ке-  
зеңдер болады. Бірақ,  
Қазақстан Парла-



ментінің қос палатасының бірлес-  
кен отырысында Еліміздің Тәуел-  
сіздігінің 25 жылдығы қарсаңында  
жарияланған Декларацияның  
маңызы ерекше деп санаймын.

Бұл тарихи құжаттың осы уақыт-  
та, дәл қазір қабылдануы да кез-  
дейсоқ емес. Өйткені, мемлекеті-  
міздің дүние жүзіне белгілі ел бо-  
лып қалыптасуы мейлінше қысқа  
мерзімде болып, ширек ғасыр  
ішінде Қазақстан экономикалық  
тұрақтылық пен азаматтық келісімге  
кол жеткізді және елімізді әлемдік  
қоғамдастық аса қарқынды дамып  
келе жатқан мемлекеттердің бірі  
ретінде мойындалды.

Декларацияның тұжырымда-  
масында «Тәуелсіздіктің Ұлы жолы  
мәңгі болуы тиіс» делінген болатын.  
Бұл сөйлемнің мәнісі мен мазмұны  
тереңде жатыр деп ойлаймын.

Жер шарында 5000-нан астам  
әр түрлі тілдерде сөйлейтін халық-  
тар, 2000-ға жуық ұлттар мен ұлыс-  
тар бар екен. Бірақ, бүгінгі таңда  
олардың көпшілігінде өзінін егемен-  
ді ел, тәуелсіз мемлекеті жоқ.

Біздің бақыттымыз – Тәуелсіз-  
дігіміз! Шындығында да, біздің ел  
үшін ең жарқын кезеңдер Тәуелсіздік  
алған жылдардан басталды деп  
айтсақ, артық емес. Оған дәлел де  
жеткілікті. Бүгінде шекарамыз ше-  
геленген, Өнұранымыз асқақтаған,  
Көк туымыз Біріккен Ұлттар Ұйы-  
мының төрінде желбіреген еліміз  
бар. Кең-байтақ қазақ даласында  
бірлігі мен тірлігі жарасқан, көп  
ұлттың өкілдері бірігіп, Мәңгілік  
Ел құрып жатқан еңбекқор хал-  
қымыз бар. Елбасының саликалы  
саясатының арқасында бейбіт өмір  
сүріп, бейбітшіліктің қолына берік  
ұстайтын болашақ ұрпағымыз бар.  
Ал осы тәуелсіздігіміздің іргесін  
тереңнен қалап, егемен елімізді  
ширек ғасыр бойы бүкіл әлемге та-  
нытып, дүниедегі дамыған 30 ме-  
млекеттің қатарына қосылуды күн  
сайын жақындатып келе жатқан  
Нұрсұлтан Назарбаевтай Прези-  
дентіміз бар!

Тәуелсіздік алған алғашқы жыл-  
дарда шетелдіктер Қазақстанның  
қандай мемлекет екендігін, оның қай  
материкте орналасқанын білмейтін  
еді. Ал бүгінгі таңда әлемнің барлық  
дерлік елдерінде Қазақстан десен,  
олар Назарбаев дейді, Назарбаев  
десен, Астана деп атайтын болды.

Осыдан екі жыл бұрын дүниенің  
ең дамыған мемлекеттерінің бірі  
болып саналатын Финляндия Рес-  
публикасының (Парламенттік  
мемлекет) Парламент басшысы  
Эбро Хейнялуома сапармен келіп,  
Елбасымен, Мәжіліс Төрағасымен  
кездескеннен кейін үш күн бойы  
жанында бірге жүрдім.

Бірінші күні әуежайдан ол  
бісіні қарсы алғанда көңіл күйі  
киспаған сияқты болып көрінген.  
Ал кейін, басшылармен кездескен  
сон, Елбасының айтуымен, қона-  
ғымыз «Бәйтерек» төбесіне көтері-  
лемін деді. Сол биіктен Астанаға  
айнала көз салып тұрып: «Дүниеде  
ең жас болып есептелетін бас  
қаласын Қазақстанның орталыққа  
көшіргенін естіп-біліп едім, бірақ  
осындай қысқа мерзімде көз тояр-  
лық әсем қаланың кең далада бой  
көтергеніне, елдеріңіздің қарыштап  
өсуіне таңданып тұрмын», – деп,  
көңіл күйі көтеріліп, жайнап сала  
берді. Сол күннен бастап еліне қайт-  
қанға дейін ол өзін еліміздің ескі  
досындай сезініп, ашыла сөйлеп,  
Қазақстан халқына өзінің ыстық  
лебіздерін айтумен жүрді.

Шынында да, бүгін Астана  
таңдай қақтыратын, әлемнің қай  
қаласымен болса да терезесі тең  
туратын, әлемдік деңгейде өтетін  
басқосуларды қабылдайтын,

көптеген мемлекет ба-  
сшыларының қатысуы-  
мен болатын жоғары  
деңгейдегі саяси кез-  
десулерді ұйымдас-  
тыратын орталыққа  
айналды. 25 жылдық  
тәуелсіздік тарихы бар  
мемлекетіміздің өркен-  
деу, өрлеу кезеңінің  
19 жылы Астанамен  
байланысты. Астана  
еліміздің қарқынды  
дамуына үлгі бола  
отырып, Қазақстан-

ның бүкіл экономикалық, әлеуметтік  
және мәдени өркендеу жолындағы  
локомотивіне айналды.

Есіл өзенінің жағасында бой  
көтерген астанамыз өзінің асқақ ға-  
мараттарымен, сәулет өнерінің кере-  
мет үлгілерімен, түрлі-түсті айрық-  
ша жарықтарымен таң қалдырады.  
Тәуелсіз Қазақстанның жаңа ас-  
танасы ЮНЕСКО-ның «Әлем  
қаласы» сыйлығымен марапаттал-  
ды, еліміздің бас қаласы Халық-  
аралық астаналар мен ірі қалалар  
ассамблеясының мүшесі болып  
табылады. 2011 жылы «ТМД-ның  
және ЕурАзЭҚ-тың үздік қаласы»  
халықаралық конкурсының жеңім-  
пазы атанды.

Астананың қалыптасуындағы  
қысқа ғана мерзім ішінде қаланың  
жалпы өңірлік өнімі 156 еседен  
астамаға өсіп, төрт триллион теңге-  
ден астам сомаға жетті. Инвестициялар  
көлемі 40 есе артты.

Астананың ең негізгі байлығы-  
ның бірі – кең-байтақ еліміздің түк-  
пір-түкпірінен келген, әр түрлі сала-  
ларда қызмет ететін еңбексүйгіш  
тұрғындары, оның ішінде, мыңдаған  
жалынды жастары. Олар оқуға, қыз-  
метке келіп, көпшілігі өз бақыттарын  
тауып, астанамызда отбасын құрып,  
елордалық болашақ ұрпақтарын  
өсіруде. Астананың құрдастары да  
ат жалын тартып мінітін азаматтар  
қатарына қосылып қалды.

Биылғы 2016 жыл еліміздің  
әрбір азаматының өміріндегі ерек-  
ше кезеңді білдіретін айрықша жыл  
болмақ. Жакын арада Қазақстан өз  
тарихындағы маңызды датаны –  
Тәуелсіздіктің 25 жылдығын атап  
өтеді.

Жалпы алғанда, тарихи өлшем  
тұрғысынан алғанда, ширек ғасыр  
мемлекеттің дамуы үшін тым  
аз уақыт болып саналғанымен,  
Қазақстан кейбір мемлекеттердің  
жүз жылда өтетін асуын қысқа  
мерзімде-ақ еңсере алды.

Қазіргі кезде дүние жүзінде эк-  
стремизм мен терроризм көріністері  
белең алып, олар қоғамның қалып-  
тасқан салт-дәстүрлерін мойындау-  
дан бас тартып, әлемнің көптеген  
мемлекеттері мен қалаларында ылаң  
салып жатқан кезде біз еліміздегі  
тұрақтылықты бағалауымыз кер-  
ек, бірлескен іс-қимылдар арқылы  
еліміздегі бейбіт өмір мен тыныш-  
тықты одан әрі сақтауымыз қажет.

Парламент депутаттары қа-  
былдаған Декларация да бірлікке,  
тыныш тіршілікке, Елбасының  
төңірегінде топтасып, Мәңгілік Ел  
құндылықтарын аялап-қастерлеуге  
шақырады.

Президентіміз Нұрсұлтан  
Назарбаев «Дүниеде тәуелсіз Қазақ  
елі бар. Әлемде егемен Қазақстан  
бар. Оның көпұлтты, тату, ынтымақ-  
шыл халқы бар. Қуатты экономи-  
касы, сенімді саяси жүйесі бар. Ең  
бастысы – бүгіннен нұрлы, бұған-  
нен кемел болашағы бар. Сол күнге  
берік сенім бар!», – деп айтқандай,  
Тәуелсіздігіміздің туы – биік, еліміз  
– мәңгілік болсын, егеменді еліміз-  
дің екі мүшелден өтуі – құтты, бола-  
шағы – жарқын болсын дегім келеді.

Елордада өткен «Қазақстан

Республикасының Тәуелсіздігіне 25

жыл: нәтижелер, жетістіктер, келе-  
шек көкжиегі» атты халықаралық  
конференцияда да тәуелсіздік  
жылдарындағы табыстар туралы,  
ондағы Елбасының елеулі еңбектері,  
әлемдік саясаттағы саликалы жетіс-  
тіктері туралы әлемнің көптеген  
елдерінен келген мемлекет және  
қоғам қайраткерлері, белгілі сарап-  
шылар өз сөздерінде айтып өтті.

**Ерсұлтан БЕКТҰРҒАНОВ,**  
Парламент Мәжілісінің  
депутаты



## Егемендіктің жемісі, Елбасының жеңісі


Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына  
арналған Декларация мазмұны жағынан теңдессіз  
толыққанды құжат болып шыққан. Онда еліміздің жүріп

өткен кезеңдері айқын көрініс тапқан.  
Оқығаныңды көңілге тоқығанда, бойыңды  
бір мақтаныш сезімі билейді. Осының  
барлығы Елбасы Н. Назарбаевтың саликалы  
да салмақты саясатының нәтижесі десек  
артық айтқандық бола қоймас. Қазір ширек-  
ғасырлық жолды артқа тастап, ертеңгі күнге  
батыл қадамдар жасап отырған Қазақ-  
станның болашағы бұдан да еңселі боларына  
сенім мол.

Қазақстан өз билігі өз қолына тиген  
бойда-ақ, адамзатқа ажал аранын ашқан  
ядролық қарудан бас тартты. Халқының  
қасіретіне айналған Семей ядролық сынақ  
алаңын жапты. Мұның бәрі Елбасына  
онай түсті деп ешкім де айта алмайды. Бейбітқатар өмір  
сүруге ұмтылған елінің мүддесін ойлаған Нұрсұлтан  
Әбішұлы осылай болуы қажет екенін бек түсінді. Нәтиже  
айтарлықтай, Қазақстанды бейбітшіліксүйгіш ел ретінде  
әлем таныды. Одан кейін татулық пен ортақ келісімде  
өмір сүруге бағытталған талай әлемдік және халықаралық  
деңгейдегі бастамалардың дүниеге келуінің бастауында  
біздің елдің тұруында да Нұрсұлтан Әбішұлының ұлық  
ұстанымы жатқаны белгілі.



## Қызу қолдаймыз, қуана құттықтаймыз!



«Шығармашыл бастамашы әйелдердің лигасы» еліміздің барлық  
азаматтарын Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына  
арналған тарихи Декларацияның қабылдануымен құттықтайды.  
Тәуелсіздік жылдарындағы халқымыздың ұлы табыстары Елбасы,  
Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың есімімен тікелей  
байланысты.

Мемлекет басшысының дана саясатының арқасында бүгінде Қазақстан

бүкіл әлемге бейбітсүйгіш және өсіп-өркендеген ел ретінде белгілі.

Өзінің қол жеткізген табыстарын бағмай келе, біздің әрқайсымыздың «Иә, біз сенімен

мақтанамыз, Қазақстан!» – дей алатыны ақиқат.

Еліміздің барлық азаматтарын жұдырықтай жұмылып, өсіп-өркендеген Қазақстанды

әрі қарай да бірлесіп құруға шақырамыз!

**«Шығармашыл бастамашы әйелдердің лигасы» ҚБ**



Қазақстан жастарының конгресі, ел жастарын біріктіретін

жетекші құрылым бола отырып, барлық қазақстандықтарды

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына

арналған Декларация қабылдануымен құттықтайды.

Тәуелсіздік жылдарында еліміз бүкіл әлем таныған табысты мемлекетке айналды.

Қазақстанның барлық табысын еліміздің әрбір азаматы Елбасының атымен байланыс-  
тырады.

Мемлекет басшысы тарапынан жас ұрпаққа өзін жақсы жағынан көрсету және ел  
болашағына өзінің үлесін қосу үшін барлық жағдайлар жасалып отыр.

Біз, Қазақстан жастары еліміздің алдында тұрған кеуделі міндеттерді толықтай қолдаймыз  
және тәуелсіз Қазақстанның болашағы жолында еңбек етуге әрқашан дайынбыз!

**«Қазақстан жастарының конгресі» ЗТБ**



Біз, соғыс ардагерлері мен тыл еңбеккерлері, Қазақстан халқын  
Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған тарихи  
Декларация қабылдануымен құттықтаймыз.

Соғыс өртің көріп, соғыстан кейінгі қиын кезеңдерді бастан өткерген  
біздің аға буын бейбіт аспанның, тоқшылықтың, лайықты өмірдің құнын  
басқаларға қарағанда жақсырақ біледі.

Елбасының дана саясатының арқасында еліміз табысты дамып

келеді, жастарымыз оқып білім алу, мамандық таңдау, отбасын құру үшін барлық  
мүмкіндіктерге ие.

Тәуелсіз Қазақстан қалыптастыруға бүкілхалықтық үлесті біздің келер ұрпағымыздың  
жоғары бағалайтынына сенімдіміз.

**«Қазақстан ардагерлер кеңесі» РКБ**

Жалпы, Декларацияны оқып отырғанда, Елбасының  
сара саясатының сабақтастығы көз алдына келе қалады.

Экономикалық даму жолдары да жыл өткен сайын

ілгерілеудің ілкімді ізденістерімен толық

түседі. Бұл дегенің Елбасының әр қадамды

алдын ала аңғарып басатын, әр істі «жеті

өлшеп, бір пішетін» көрегендігінің белгісі

болса керек. Экономикада 50 елдің қатарына

енеміз деп едік, ол мақсат орындалды. Енді

отыздыққа енудің еншілес ізденістері жа-  
салуда. Декларацияда Мемлекет басшысы

Н.Назарбаевтың сөздің емес, істің адамы

екені жүйелене баяндалған.

Бұдан бұрын бірде-бір елдің батылы

бармаған ауқымды шаруалар тындырылды.

Тәуелсіздік жылдары мыңдаған шақырым

темір жол салынды. Ғасыр жобасы аталған

«Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық

көлік дәлізі пайдалануға берілді. Қазақстан көптеген тың

істердің іргесін бекітті, ілгері күндерге өзіндік жолмен

барудың бағыттарын айқындады. Бұған Елбасының

«Қазақстан-2050» Стратегиясы, «Нұрлы жол» жаңа

экономикалық саясаты және «100 нақты қадам» – Ұлт

жоспары нақты дәлел. Бұл тарихи бағдарламалар біздің

бұрынғыдан гөрі биік белестерге көтерірі сөзсіз.

Декларацияда Қазақстанның саясаттағы сәтті қадам-  
дары баяндалған. Еліміздің ЕҚЫҰ мен ИЫҰ-ға табысты

төрағалық етуі, ЕАЭО, ШЫҰ, АӨШК Қазақстанның  
жалпы әлемдік және аймақтық мәселелерді шешудегі  
маңызды үлесі болып табылатынына ешкімнің таласы  
болмауы тиіс. Тіпті, әріге бармай-ақ, алдағы жылы  
Астанада өтетін ЭКСПО-2017 халықаралық көрмесінің  
өзі Қазақстанды әлем мойындағанының нақты мысалы  
дер едім. Бізде осы тәуелсіздік жылдары алыс-жақын  
шетелдерге абыржымай көрсетуге тұрарлық дүниелер  
қазірдің өзінде жетерлік. Арқаның төсінде Астананы  
тұрғызған Елбасының қай ісін алсаң да, халқымыздың  
болашағына қызмет етудің өнегесін көресің.

Тәуелсіздіктің 25 жылы толағай табыстарға толы  
болды. Мыңдаған жаңа мектептер мен ауруханалар  
бой көтерді. Қазір қазақстандықтардың тұрмысы  
адам танымастай өзгерді. Алыс ауылдарға да қатты  
жамылғылы жолдар мен газ құбырлары жеткізілуде.  
Қазақстандықтардың орташа өмір жасы 72 жасқа  
жетті, еңбекақы мен зейнетақы, шәкіртақы жыл сайын  
көтерілуде. Мәдениет пен білім саласындағы ілгерілеу  
өз алдына. Тарихымызды түгендеудің жарқын жолына  
түстік. Міне, осының барлығы Тәуелсіздіктің жемісі,  
Елбасының жеңісі деу орынды болмақ.

**Дәулет ӘБЕНОВ,**

Қазақ-орыс халықаралық университетінің кафедра  
меңгерушісі, тарих ғылымдарының кандидаты

**АҚТӨБЕ**







29 ҚАРАША  
2016 ЖЫЛ

Егемен Қазақстан

БОЛАШАҒЫМЫЗ – БІРЛІКТЕ!

5

# ТАҒЫЛЫМ АЛАР ТАРИХЫМЫЗ



## Тәуелсіздіктің бір тартуы – «Нұрлы жол»

Еліміз егемендікке қол жеткізгеннен кейін жаңа экономикалық қарым-қатынастарды орнықтыру қажеттілігі туындады. Бұл үшін бірінші кезекте осындай бағыттағы ұмтылыстарға жан бітіретін, әрі оны қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін бағдарламаларды жүзеге асыру керектігі айқын көрінді. Көп кешікпей тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан өркеніетті елдер көшіне ілесуге жағдай жасайтын мемлекеттік бағдарламалар қабылданып, оны іске асыру тетігі пайдаланыла бастады. Осы арқылы егемен елдің үйлесімді түрде дамуына септігін тигізетін көптеген маңызды инфра-құрылымдық жүйелер жасакталды. Әрі бұл жобалар тек жоба күйінде қалып қоймай, қазақстандықтардың сапалы өмір сүру деңгейі көтерілуіне жол ашты.

Солардың бірі әрі бірегейі – «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасы. Міне, мемлекетке де, ел-жұртқа да өте қажет бағдарлама – тәуелсіздік жылдарының бір жеңісі екені Декларацияда көрсетіліпті. Енді осыған қатысты екі-үш ауыз пікірді ортаға сала кеткенді жөн көремін.

Көпшіліктің ең басты өлшемдерінің бірі – тақтайдай тегіс, ені мен арнасы кең, сәнді де сәулетті автомобиль жолдары болып табылады. Сондықтан да егемендік жылдары кезінде стратегиялық жобалардың қатарынан

орын алатын осы іс жоғарыда аталған «Нұрлы жол» бағдарламасы арқылы жүзеге аса бастады. Сөйтіп, еліміздің экономикалық әлеуетін көтеруге тағы бір қадам жасалды.

Сөзім жалаң әрі құрғақ болмауы үшін жоғарыда айтылған ой-тұжырымдарыма Ақжайық аймағынан бірер мысал келтіре кеткенді жөн көріп отырмын. Егер шегініс жасар болсақ, тәуелсіздік таны атқан кезде республикамыздағы жол инфрақұрылымы ең артта қалып қойған өңірлердің бірі – Батыс Қазақстан облысы десем, қателеспейтін шығармын. Тіпті мұнда өтпелі кезең мен тәуелсіздіктің бұдан кейінгі жылдарында да автомобиль жолдары салысында ұзақ уақыттан бері қордаланып қалған проблемалар сеңі сөгілмей тіресіп жатты. Қазіргі күнге дейін облыста жергілікті және республикалық маңызы бар жолдардың тек

26 пайызы ғана қанағаттанарлық жағдайда екені осы пікірімнің басты бір дәлелі.

Осы ең төмен көрсеткішті көтеруге мемлекеттік «Нұрлы жол» бағдарламасының шапағаты тигенін қалайша айтпай тұра аламыз. Ал тәуелсіздіктің 25 жылдық торқалы тойы аталып өтетін биылғы мерекелі жылы өңірде автожолдарға күрделі жөндеулер жүргізу мен оны пайдалану ісіне 16 миллиард теңгеден астам қаражат жұмсалыпты. Еліміздің батыстағы қақпасы Орал Ресейдің

бес бірдей облысымен шектесетінін бұған дейін айтып та, жазып та жүрміз.

Шекаралас өңірлер өздерінің геоэкономикалық саясатын ойластырған кезде таяу шетелдермен түйісетін тұстарындағы автомобиль жолдарының жай-күйін жақсартуға көңіл аудармаса, мұның өзі елдігіміз үшін де, егемендігіміз үшін де үлкен сын. Өтпелі кезеңде мұны реттеудің мүмкіндігі бола бермегенін де жасырып қалғымыз келмейді. Дегенмен, кейінгі кезеңде мұндай мерейлі сәттің келгені тәуелсіздіктің соңғы он жылындағы қаржылық әлеуетіміздің молая бастағанын көрсетеді. Соның нәтижесінде Ресейдің Саратов, Волгоград, Самара және Астрахань губернияларымен шектесетін автомобиль жолдарын жөндеуге мүмкіндік туды. Бұл іске де «Нұрлы жол» бағдарламасының үлкен көмегі тигенін баса айту парыз.

Бүгінгі күні тәуелсіздіктің әкелген тартулары мен жемістері аз емес екендігіне барша қазақстандықтар куә. Соның ішінде еліміздегі автомобиль жолдары саласында еңбек етіп жүрген азаматтар үшін «Нұрлы жол» бағдарламасының орны бөлек деп білеміз. Оның ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған Декларациясынан ойып тұрып орын алғаны да осы тұжырымның басты айғағы.

**Марат ҚУАНШАЛИЕВ,**  
*Батыс Қазақстан облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы*  
**Батыс Қазақстан облысы**

## Ел тарихындағы маңызды құжат

Алматыдағы Достық үйінде Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығы Декларациясын қолдаған Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшелері мен Алматыдағы этномәдени бірлестіктер басшыларының бас қосқан үлкен жиыны өтті.

**Талғат СҮЙІНБАЙ,**  
*«Егемен Қазақстан»*

– Елбасының саяси болжамдары мен стратегиялық көрегендігі арқасында республикамыз әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарынан көрінуге құлшына бой ұрып келеді, – деген ҚХА Төрағасының орынбасары Леонид Питаленко өз ойын әрі қарай былай сабақтады:

– Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың халықаралық бастамалары туған елімізге әлемдік дәрежеде аса биік бедел алып берді. Президентіміздің бүгінге ғаламдық антиядролық қозғалыстың бірден-бір мойындалған көшбасшысы саналуы да сондықтан. Бұдан әрі биік мінберден сөз алған дөңгелек үстелге қатысушылар Қазақстан Республикасы

Тәуелсіздігінің 25 жылдығы Декларациясын бірауыздан қызу қолдайтындықтарын білдірді. Алматы қалалық ҚХА төрағасының орынбасары Қазбек Мамсұров мемлекет құрылымындағы Елбасының теңдессіз еңбегіне зор баға берді. Интеграциялық үдерістердің бүгінгі өміршен іс-қимылы мен ауқымды қозғалысына кенінен тоқталды.

Дүние жүзіндегі дағдарыс қыспағына қарамастан, Қазақстанның ел экономикасын тоқтаусыз дамытудағы Елбасының саяси рөлі туралы да аз айтылмады.

Дөңгелек үстел басында Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығы Декларациясы ел тарихында аса маңызды құжат деген бірауызды шешім қабылданды.

**АЛМАТЫ**

## Хакім басқарған халық озады

Енді санаулы күндерден кейін айтулы тарихи оқиға өз есігін ашады. Оны барша қазақстандық асыға күтіп отыр. Ел Тәуелсіздігінің ширек ғасырлық мерейтойы «Қазақстан Тәуелсіздігінің 25 жылдығы Декларациясында» атап көрсетілгендей, өз тарихында тұңғыш рет заманауи мемлекет құрған Қазақстан халқының ауқымы зор саяси, экономикалық жетістіктерінің көрінісі екеніне ешкім шәк келтірмейді. Қиын жолдардан сүрінбей өтуіміз Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың сындарлы саясаты, көреген басшылығы, саяси ерік-жігері арқасында мүмкін болды.

Сонау егемендіктің елең-алаң шағынан бастап осы кезге дейін көз жүгіртер болсақ, ел ішінде де, халықаралық аренада да батыл бастамаларымыз бен ауқымды стратегиялық жобаларымыз жаңа сипаттарымен ерекшеленеді. Тарихи жетістіктеріміздің тағы бір үлгісіне ұлтаралық, конфессияаралық татулық пен бірлікті қамтамасыз етіп, ұлттық құндылықтарымызды ұлықтай білуімізді жатқызуға болады. Маргарет Тэтчер «Егер әлемде ең білікті, ең іскер, ең ақылды 3-4 мемлекет басшылары болса, солардың бірі – Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев!» – деген болатын. Бұл – ешбір әсірелеусіз айтылған шындық! Әлемге әйгілі саясаткердің Қазақ елінің Тұңғыш Президентіне берген жоғары бағасы бұл!

«Хакім басқармаған ел бұзылады», – дейді дана Абай. Тәубе! Қазақ елін басқарып отырған хакім – Елбасымыз бар.

Дәл бүгін дүкендерде ине-жіп, бір шөкім шай болмаған, еңбекақы мен зейнетақы дер кезінде қолға тимеген дағдарысты кезеңді еске алудың өзі қорқынышты. Осындай жағдайдан Елбасы елін, халқын аман сақтап, алып шықты. 1998 жылдан экономикамыз көтеріле бастады. Тал бесіктен бастау алған тәрбие, бала кезінен білген әкесі мен анасының адал еңбегі, көкірегіне қонған әжесінің дана ақылы Елбасының тұлға болып қалыптасуына себепкер болды. Бозбала шағында қазақ топырағынан алыс жүргенде кездескен қиыншылықтарды жеңу жолында ұйымдастыру қабілеті шыңдалды. Киер көйлегін, ішіп-жер нанын өзі табу, жолдастарын жетелеу жас Нұрсұлтанның бойында көшбасшылық қасиеттің ұшықпаны тұтатты.

Бүгінгі шәкірт – студенттердің жасында Елбасы домна, мартен пештерінің алдында жалындаған отпен арпалысып, темірді қорытып, шойынды балқытып, болаттан құрыш құйды.

Ащы терін төгіп, өзінің адал еңбегінің дәмін татып, атқарған ауыр жұмыстың бағасын білді.

Елбасын жүріп өткен өмір жолы шын-дады. Ойланған жастарға өмірдің өзі – үлкен мектеп. Елбасының өз басында жастар қызығатындай, еліктейтіндей, армандайтындай қаншама жақсы қасиеттер бар?! Нұрсұлтан Әбішұлының саламатты өмір салтын ұстануы, спортпен шұғылдануы, атпен

тың құлағында ойнауы, қазактың қара домбырасын шертуі, қоныр дауысымен ән салуы, дәстүрлі халық әндерін сол қалпында айтуы, қарияларға құрметі – осылардың бәрі жастарға үлгі-өнеге. Өмірде аяқасты туындап қалаатын қайсыбір келеңсіз жағдайларды сабырмен салмақтап, ушықтырмай, ақылмен, Абайдың өсиеттеріне арқа сүйеп, шеше қоятын қасиеті көптеген басшыларда кездеспейді. Бұл да – Елбасының ерекшелігі. Жастарға үлгі боларлық тағы бір қасиеті – ата жолын, ата-баба дәстүрін сақтауы. «Дәстүр мен мәдениет – ұлттың генетикалық коды!» – дейді Елбасы. «Қазақ халқының тарихын өте жақсы білмегеннің болашағы бұлыңғыр», – деген ой да Елбасының.

Президентіміз әрқашан ең өзекті мәселелерді қолға алады. Тәуелсіз, егемен ел болғанымызға ширек ғасыр! Елбасының арманы – Қазақ елінің Мәңгілік Ел болуы! Сол Мәңгілік Елде қазақ тілінің қолдану аясы кеңіп, өскен ортаның, қоғамның өміршен тілі болуын қалайды. Жастарымыз Ислам дінін дұрыс түсініп, жүректерімен қабылдап, арлы, мейірімді, білімді, іскер болуын көксейді. Жастарымыздың тарихын біліп, ата дәстүрімен жүрулерін тілейді. «Біздің ең жоғары бағалайтын байлығымыз – Тәуелсіздік. Ата-бабамыздың қанымен, терімен келген Тәуелсіздікті ешкімге бере алмаймыз! Тәуелсіздігімізді қасық қанымыз қалғанша қорғауымыз керек», – дейді Тұңғыш Президентіміз.

Елбасының ойын іске асыратын, арманын орындайтын, үмітін ақтайтын Қазақ елінің жастары намысты, арлы, иманды болсын! Декларацияда атап көрсетілгендей, біздің бірінші кезектегі мақсатымыз Елбасы төңірегіне топтасып, ең қымбат қазынамыз – тәуелсіз Қазақстанды көзіміздің қарашығындай сақтап және ұрпақтарымызға аманаттап, «Мәңгілік Ел» құндылықтарын қастерлеу болуы тиіс.

**Қымбат ИСМАНОВА,**  
*еңбек ардагері, педагогика саласының үздігі*

**ПЕТРОПАВЛ**

## Жасампаз жылдар жетістігіне көңіл толады

Парламенттің қос палатасының бірлескен отырысында қабылданған Декларация Тәуелсіз елімізде санаулы уақытта атқарылған ұшан-теңіз жұмыстарды айшықтайтын тарихи құжат ретінде баршаның ризашылық сезімін туғызды деп ойлаймын.

Ғасырлар бойына аңсаған, ұлттың ұлы тұлғалары мұрат еткен Тәуелсіздік біздің қолымызға қонып, азат ел ретінде әлемге танылғанымызға ширек ғасыр толды. Кеңес Одағынан бөлініп шыққан жас мемлекет осы аралықта Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың басшылығымен аса зор жетістіктерге жетті. Халық қашанда татулықты, бейбіт заманды мұрат еткен Елбасы маңына топтасты. «Төртеу түгел болса төбедегі келеді» деген қағиданы тұтынды. Ал Елбасы ел сенімін алға сүйреп, мемлекетті дамыту ісінде еш аянып қалмады.

Егемендігін енді алып, шаңырағын жаңа көтерген Қазақстанның адамзатты жаппай қырғынға ұшырататын атом қаруынан өз еркімен бас тартуы дүние жүзін селт еткізген соны жаңалық еді. Елбасымыздың парменімен жабылған Семей ядролық полигоны миллиондаған жанның кеудесіне үміт отын жақты.

Біздің елімізде «Қоғамның басты байлығы – адам» деген бұлжымас қағида қалыптасты. Соның негізінде қабылданған түрлі мемлекеттік бағдарламалар жемісін беруде. Жан жадырататын көріністерді республикамыздың түкпір-түкпірінен, соның ішінде Сыр өңірінен де көптеп

кездестіресіз. Сүйсінерлігі сол – мұндай игілікті қадамдар тек ірі қала, облыс орталықтарында ғана емес, алыс аудандар, шалғай ауылдарда да жүзеге асуда. Бұл тұрғыда ел-жұртының жоғын жоқтап, барын пайымдаған Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың сіңірген еңбегі өлшеусіз екені даусыз.

Егемен еліміздің елдігін көрсететін маңызды құжатта жас мемлекетіміздің қалыптасу және қол жеткізген жетістіктері толық қамтылған. Өрине, бұл кезеңдерде Елбасының сындарлы саясаты арқасында Қазақстан экономикасы қарқынды дамыған, табысқа жетудің бірегей тәжірибесі бар саяси тұрақты мемлекет ретінде қалыптасты. Мемлекет басшысы Қазақстан халқы бірлігін нығайтудың конституциялық мәртебесі бар айрықша институт – Қазақстан халқы Ассамблеясын құрды. Елімізде бейбітшілік пен келісім барша жұртшылықтың адамгершілік және әлеп нормасына айналды десек болады.

Сонымен қатар, «Мәңгілік Ел» құндылықтары қазақстандықтардың Тәуелсіздікті нығайтуға ортақ мақсатын, ортақ мүдделері мен болашағын біріктірді. Бұл құжат біздің жарқын болашақ жолында бірлігіміз мен ынтымағымызды көрсеткен тағы бір маңызды оқиға болды.

**Әлима ӘБДІХАЛЫҚОВА,**  
*Мәнишук Мәметова атындағы Қызылорда гуманитарлық колледжінің директоры*







# Ел жетістігіне лайықты баға

(Соңы. Басы 1-бетте)

Және де Тәуелсіз Қазақстан тарихында орын алатын көптеген маңызды шаралардың Парламент қабырғасында өткендігіне назар аудартып, солардың қатарында Қазақстан астанасын көшіру, Елбасы ұсынысы бойынша бүгінгі күні Кеңен одағы және Еуразиялық экономикалық одақтың құрылуымен жүзеге асқан еуразиялық интеграция идеялары бар екендігін қаперге салды.

Сондай-ақ, үстіміздегі жылы Қазақстан ЕАЭО-ға төрағалық етуде, деді Мәжіліс Төрағасы. Осыған байланысты Елбасының бастамасымен 2016 жыл «ЕАЭО-ның үшінші елдермен және маңызды интеграциялық бірлестіктермен экономикалық қатынастарды тереңдету жылы» деп жарияланғаны да аталмай қалмады. Еліміз халықаралық беделінің жоғары екендігін Біріккен Ұлттар Ұйымы Қауіпсіздік Кеңесінің 2017-2018 жылдарға тұрақты емес мүшелігіне сайлануы мысал бола алады. Қауіпсіздік Кеңесінің тарихында Орталық Азиядан сайланған алғашқы мемлекет және еліміз аталған халықаралық беделі ұйымның назарын осы өңірдің қауіпсіздігі мәселесіне аударуға берілген мүмкіндік те. «Біздің ең басты идеямыз – Орталық Азия өңірін «бейбітшілік, ынтымақтастық және қауіпсіздік аймағына» айналдыру. Біздің өңірлік тәжірибеміз, сондай-ақ, ЕҚЫҰ, ИЫҰ, ШЫҰ, АӨШК сияқты ірі халықаралық ұйымдардағы төрағалығымыз БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесі күн тәртібінде тұрған өмірлік маңызды бар бейбітшілік пен қауіпсіздік мәселелерін шешуде пайдалы тиянығын мұқияттеніміз», деді Н.Нығматулин сөзін сабақтай түсіп. Мәжіліс Төрағасы реті келгенде Мемлекет басшысының тікелей қатысуымен ұлттық экономиканың тұрақты дамуы үшін құқықтық база жасалғандығын жеткізді. Қазақстан посткеңестік кеңістікте бірінші болып «Шетелдік инвестициялар туралы» Заңды және «Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы» Заңды қабылдағандығы бұған жарқын дәлел. Қайта құрылымдау нәтижесінде Қазақстан әлемдегі орнықты дамып отырған үлгінің құрамына кірсе, ал тартымды бола түскен қазақстандық экономикаға 25 жылдың ішінде 260 миллиард доллар тікелей шетелдік инвестиция тартылған. Қазіргі таңда Қазақстан тікелей инвестицияның жалпы көлемі жөнінен ТМД елдері ішінде Ресей Федерациясынан кейінгі екінші орында. Н.Нығматулин келесі жылы Астанада өтетін ЭКСПО-2017 халықаралық мамандандырылған көрмесін де тілге тиек етті. Спикердің пайымынша, көрме әлемдік энергетика саласында инновациялар мен «жасыл экономика» дамытуға қуатты серпін беруі тиіс. Толықтай алғанда, Қазақстан ең жоғары құндылығы адам, оның құқығы мен бостандығы болып табылатын азаматтарын нақты әлеуметтік қолдайтын және демократиясы дамыған, экономикалық қуатты, зайырлы, құқықтық мемлекет құрып келеді.

Бұдан кейін сөйлеген еліміздің Сыртқы істер министрі **Ерлан Ғалымжанұлы** бір кездері көп ұлтты, оның үстіне экологиялық проблемалары ауыртыпалық салып отырған, не тегізге шыға алмайтын, оның үстіне қуатты елдермен қоршалған Қазақстанның тәуелсіздігіне төніп тұрған қауіп көп деп түсінік қалыптасқан кездер болғандығына назар аударды. Осыған қарамай, еліміз табиғи байлықтарын дұрыс пайдалана отырып, экономикалық және саяси реформаларды жүзеге асыра білді. 90-шы жылдары көптеген проблемалар орын алса да, Қазақстан ішкі жағдайға тұйықталып қалмай, мемлекет пен ұлтты дамытуға қолайлы орта қалыптастыру үшін сыртқы саясатпен де белсенді айналыса бастады. Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың экономиканы дамыту және қоғамды демократияландыру жолында елімізді қалай бәсекеге қабілетті ету жайын анық білгендігін, сыртқы әлеммен ашықтыққа құрылған алыс және жақын шетелдермен өзара тиімді әрі өзара құрметке құрылған теңгерімді сыртқы саясат моделін қабылдау керектігін, екіншіден, жауапкершілігі бар әрі сенімді әлем азаматы ретінде жаһандық прогресс пен қауіпсіздікке ықпал ету жағын да қарастырылғандығын ортаға салды.

Ерлан Ғалымжанұлы Тәуелсіздікке қол жеткізген 25 жыл ішінде еліміз Батыс пен Шығыстың арасында жалғыз географиялық, экономикалық және саяси көпір рөлін шынайы атқара білгендігін қаперге салды. Енді бұл көпірдің жұмыс істеуі жолында еліміз барын салып келеді. Сондай-ақ, Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың ядролық арсеналдан бас тартуы батыл да дана шешім болғандығын уақыттың өзі дәлелден берді. Семей полигонындағы ондаған жылдар бойғы жүргізілген ядролық сынақтар біздің ұлтымызды және Президентті, Қазақстанды, Орталық Азияны, тіпті әлемді ядролық қарудан арылтуды жақтайтындардың қатарынан табылуына өзіндік оң ықпалын тигізген. Еліміз тек ядролық арсеналдарын өткізіп қана берген жоқ, сонымен қатар, Орталық Азияны ядролық қарудан азат аймаққа айналдыру және таратпай жолында да тер төгіп келеді. Елбасының үстіміздегі жылы жария еткен «Әлем. XXI ғасыр» манифесі Қазақстанның бейбітшілік ұстанымын көрсетіп қана қоймай, онда 2045 жылға қарай жұмыр жерде тыныштық орнауы үшін әлемді ядролық қарудан арылту жөніндегі нақты жоспар қамтылған. Жалпы, Қазақстан көптеген халықаралық бастамалар көтеріп келеді.

Сондай-ақ, халықаралық конференциясы барысында Ресей Федерациясының Федералдық Жиналысы Мемлекеттік Думасы Төрағасының орынбасары В.Васильев, Түрік Республикасының Ұлы Ұлттық Жыныы Төрағасының орынбасары М.Хамзачеби, Финляндия Республикасы Парламенті төрағасының бірінші орынбасары М.Пеккаринен, Еуропалық одақтың Орталық Азия бойынша арнайы уәкілі (Бельгия) П.Буриан, Дж.Хопкинс Университетінің Орталық Азия және Кавказ бойынша институтының төрағасы (АҚШ) Ф.Старр сөз сөйледі.

Ресей Федерациясы Федералдық Жиналысы Мемлекеттік Думасы Төрағасының орынбасары **Владимир Васильев** өз сөзінде Қазақстан бүгінгі таңда

халықаралық қоғамдастық лидерлерінің бірі екендігін ерекше атады. Шешен Қазақстан мен Ресей тату тұрып жатқан көршілердей экономикалық, әлеуметтік даму сияқты ауқымды мәселелерді шешуде бірге жол тауып келе жатқандығын, кез келген ауыртыпалықтарды бірге еңсеріп, қарым-қатынастар стратегиялық әріптестік деңгейінде қалыптасып отырғандығын жеткізді. Оның үстіне екі ел арасындағы өзара түсіністіктің жаңа деңгейге көтерілгендігіне 2014 жылы күшіне енген ХХІ ғасырдағы ынтымақтастық пен тату көршілік қатынастар туралы келісім дәлел бола алады.

В.Васильев сөз орайы келгенде Қазақстан тәуелсіздігін алған 25 жылдың ішінде қазіргі заманғы жаһандық проблемалар мен қауіпсіздік және посткеңестік кеңістікті құруға қатысты сыртқы саясатта белсенді бастамалар көтеріп келе жатқандығын да алға тартты. «Қазақстанның жетістіктері халықаралық қоғамдастық тарапынан мойындалып, Біріккен Ұлттар Ұйымы Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты емес мүшелігіне сайлануы да сондықтан. Бұл ретте Ресей мен Қазақстан қазіргі әлемдегі көптеген проблемаларын шешуде өз ұстанымдарын үйлестіріп отырады. Біз өмір алдымызға қойып отырған барлық мәселелерде өзара ымыралы шешімдер қабылдаймыз», деді ресейлік мейман.

Келесі сөзді Түрік Республикасы Ұлы Ұлттық Жыныы Төрағасының орынбасары **Мехмет Хамзачеби** алды. «Н.Назарбаевтың көшбасшылығымен Қазақстан Республикасы тәуелсіздігін алған 25 жыл ішінде айтарлықтай табыстарға қол жеткізуі үлкен ерлік болды. Түркия әрқашанда өз достарын қолдайды және көмек қолын да созуға. Қазақстанның алғаш тәуелсіздігін алған күнінен басталатын арадағы достығымыз тамыры тереңге кеткен ортақ тарихымыз бен мәдени құндылықтарымыздан бастау алады», деді Мехмет Хамзачеби мырза.

Қазақстанның тәуелсіздігін бірінші болып мойындаған елдің өкілі ретінде М.Хамзачеби 2012 жылы жоғары деңгейде Стратегиялық ынтымақтастық кеңесі құрылғандығын тілге тие келіп, елдер арасындағы қарым-қатынастар стратегиялық әріптестік деңгейіне көтерілгендігін паш етті. Қазақстанның халықаралық деңгейде тиімді саясат жүргізіп келе жатқандығын ауызға алған мәртебелі мейман оның БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты емес мүшелігіне қабылдануы соның жарқын мысалы екендігін алға тартты. Әсіресе, еліміздің ядролық қаруды таратпау, терроризм мен экстремизмге қарсы күресін оң бағалап, Түркия бұл бағытта қолдау білдіре беретіндігін жеткізді. Түркияның ЭКСПО-2017 халықаралық көрмесінің нәтижелі

Пленарлық отырыстан кейін конференция жұмысы «Қазақстандағы экономикалық және саяси реформалардың негізгі қорытындылары»; «Қазақстан әлем саясатында және Қазақстан: келешек көзқары» деген сессияларда жалғасын тапты. Онда еркін нарықтық экономика, жүргізіліп жатқан реформалар жайы және өзге де мәселелер әңгіме өзегіне айналды. Ал екінші сессияда БҰҰ-ның Қауіпсіздік Кеңесіне сайлану, ДСҰ-ға кіру, ЕО-мен жаңа буын келісіміне қол қою сияқты еліміздің жүргізіп отырған белсенді сыртқы саясатының негіздері мен салдары жан-жақты талқыланды. Ал үшінші сессия жұмысында Қазақстан мен оны қоршаған әлем 5, 10 және 25 жылдан кейін қандай болады, деген сұраққа жауап ізделді.

өтуіне қолдау білдіретіндігін айтқан М.Хамзачеби екі ел арасындағы байланыстар арта беретіндігіне сендірді.

Финляндия Республикасы Парламенті Төрағасының бірінші орынбасары **Маури Пеккаринен** кезі келгенде Қазақстанның экономикалық дамуы айтарлықтай жедел әрі таңқаларлық болды. Қазақстан көптеген минералды ресурстары болғанымен де, өзге де секторларды дамыта білді. Қазақстан өңірдегі көршілерімен жақсы қарым-қатынас орната білген маңызды ойыншыға айналды. Сонымен қатар, Қазақстан Орталық Азия елдері ішінде Еуропалық одақпен маңызды әріптес ретінде жақсы байланыс орнатты. БҰҰ ҚК тұрақты емес мүшелігіне сайлау және ЭКСПО-2017 көрмесін өткізуді сеніп тапсыру Қазақстанды мойындау дегенді білдіреді. Осы маңызды екі оқиғамен де Қазақстан келесі жылы кеңінен әлемге танылып, тіпті, орталығына айналмақ. Финляндия тұрғындары фин басшысына сыйға тартылған жылқыдан кейін атқа мінуге деген әуестіктері оялды. Сондықтан да екіжақты қарым-қатынастар тек сый берумен ғана шектеліп қалмай, білім беру саласы мен технологияларды дамытуда да, инвестиция мен саудада да жалғасын тауып келе жатыр. Фин компаниялары ЭКСПО-ның нәтижелі өтуіне өзіндік үлестерін қосады. Адамдар мен компаниялардың арасындағы ынтымақтастық тікелей әуе рейстердің ұша бастауымен де белсенді бола түспек, деді финляндиялық мейман.

2015 жылдың желтоқсанында Қазақстан Республикасы мен Еуропалық одақ арасындағы кеңейтілген әріптестік және ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылғаны мәлім. Бұл ретте ЕО-ның Орталық Азия жөніндегі арнайы өкілі Буриан Питердің мінберге көтеріліп, қысқаша баяндама жасауы алқалы жиынға қатысушылар тарапынан жылы қабылданды. Б.Питер өз кезегінде қысқа уақыт ішінде Қазақстанның толайым табыстарға қол жеткізгендігін атай келіп, оның өңірлік және жаһандық деңгейде бейбітшілік пен тұрақтылыққа үлес қосып келе жатқан маңызды елдердің біріне айналғандығын жеткізді. Мұндай қадамдар Қазақстан мен ЕО арасындағы ортақ құндылықтарға құрылған және халықаралық міндеттемелерге негізделген достық қарым-қатынастардың және ынтымақтастықтың кеңейі беруіне өзіндік оң ықпалын тигізуде. Еуропалық одақ Қазақстанның экономикалық дамыған елдер қатарына қосылуын қолдайтындығын білдірген арнайы өкіл алда көптеген қиындықтардың тұрғандығын да қаперге алды. Бұл тұрғыдан келгенде нақты мақсаттарға қол жеткізу жолындағы Президент Нұрсұлтан Назарбаев ұсынған «100 нақты қадам» Ұлт жоспары дұрыс шешім болған. Сондықтан да ЕО өз тәжірибесі мен технологияларымен бөлісуге әзір, деген Б.Питер ЭКСПО-2017 көрмесі қазақстандық және еуропалық компаниялар мен ғылыми институттар арасындағы әріптестікті дамытуға серпін беруі тиіс деген ойымен қорытындылады сөзін.

Халықаралық жиында Дж.Хопкинс Университетінің Орталық Азия және Кавказ жөніндегі институтының төрағасы Стэфр Фредерик «Қазақстан 2041: келесі 25 жылғы дамуының бағдары» атты қысқаша баяндама жасады. Америкалық ғалым бұл ретте қағазына да қарамастан сөйледі. Оның пайымынша, Қазақстан жетістіктерге жетуі үшін ең алдымен экономикасын әртарапандыруы қажет. Әсіресе, ауыл шаруашылығына ерекше ден қойған орынды. Астана халықаралық қаржы орталығын құру жобасы батыл қадам екендігін, алайда шағын және орта кәсіпкерлерді қолдау назардан тыс қалмауы тиістігін де алға тартты. Ғалым өзінің ойын «Хан Шахты» сауда ойын-сауық орталығында орын тепкен сауда орындарының иесі қазақстандықтар болуы тиістігі тұрғысындағы пайымымен нықтады. Орайы келгенде, ол Қазақстан үшін өте күшті қоғам мен мемлекет құрудың уақыт талабы екендігін ескертті.

Халықаралық жиында Дж.Хопкинс Университетінің Орталық Азия және Кавказ жөніндегі институтының төрағасы Стэфр Фредерик «Қазақстан 2041: келесі 25 жылғы дамуының бағдары» атты қысқаша баяндама жасады. Америкалық ғалым бұл ретте қағазына да қарамастан сөйледі. Оның пайымынша, Қазақстан жетістіктерге жетуі үшін ең алдымен экономикасын әртарапандыруы қажет. Әсіресе, ауыл шаруашылығына ерекше ден қойған орынды. Астана халықаралық қаржы орталығын құру жобасы батыл қадам екендігін, алайда шағын және орта кәсіпкерлерді қолдау назардан тыс қалмауы тиістігін де алға тартты. Ғалым өзінің ойын «Хан Шахты» сауда ойын-сауық орталығында орын тепкен сауда орындарының иесі қазақстандықтар болуы тиістігі тұрғысындағы пайымымен нықтады. Орайы келгенде, ол Қазақстан үшін өте күшті қоғам мен мемлекет құрудың уақыт талабы екендігін ескертті.

Халықаралық жиында Дж.Хопкинс Университетінің Орталық Азия және Кавказ жөніндегі институтының төрағасы Стэфр Фредерик «Қазақстан 2041: келесі 25 жылғы дамуының бағдары» атты қысқаша баяндама жасады. Америкалық ғалым бұл ретте қағазына да қарамастан сөйледі. Оның пайымынша, Қазақстан жетістіктерге жетуі үшін ең алдымен экономикасын әртарапандыруы қажет. Әсіресе, ауыл шаруашылығына ерекше ден қойған орынды. Астана халықаралық қаржы орталығын құру жобасы батыл қадам екендігін, алайда шағын және орта кәсіпкерлерді қолдау назардан тыс қалмауы тиістігін де алға тартты. Ғалым өзінің ойын «Хан Шахты» сауда ойын-сауық орталығында орын тепкен сауда орындарының иесі қазақстандықтар болуы тиістігі тұрғысындағы пайымымен нықтады. Орайы келгенде, ол Қазақстан үшін өте күшті қоғам мен мемлекет құрудың уақыт талабы екендігін ескертті.

Халықаралық жиында Дж.Хопкинс Университетінің Орталық Азия және Кавказ жөніндегі институтының төрағасы Стэфр Фредерик «Қазақстан 2041: келесі 25 жылғы дамуының бағдары» атты қысқаша баяндама жасады. Америкалық ғалым бұл ретте қағазына да қарамастан сөйледі. Оның пайымынша, Қазақстан жетістіктерге жетуі үшін ең алдымен экономикасын әртарапандыруы қажет. Әсіресе, ауыл шаруашылығына ерекше ден қойған орынды. Астана халықаралық қаржы орталығын құру жобасы батыл қадам екендігін, алайда шағын және орта кәсіпкерлерді қолдау назардан тыс қалмауы тиістігін де алға тартты. Ғалым өзінің ойын «Хан Шахты» сауда ойын-сауық орталығында орын тепкен сауда орындарының иесі қазақстандықтар болуы тиістігі тұрғысындағы пайымымен нықтады. Орайы келгенде, ол Қазақстан үшін өте күшті қоғам мен мемлекет құрудың уақыт талабы екендігін ескертті.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының кітапханасында Тұңғыш Президент күніне және ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған көрмелердің ашылу рәсімі өтті. Оған Мемлекеттік хатшы Гүлшара Әбдіқалықова, Қазақстан Республикасы Президенті Кеңесінің бастығы, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының кітапханасы директорының міндетін атқарушы Махмұт Қасымбеков, Парламент депутаттары, саяси және қоғам қайраткерлері, мемлекеттік органдардың өкілдері қатысты.

## Тұғырлы елдің жетістіктер көрмесі



**Ләйла ЕДІЛҚЫЗЫ,**  
«Егемен Қазақстан»

Жиында сөз алған Мемлекеттік хатшы Г.Әбдіқалықова: «Тәуелсіздік жолының ширек ғасырлық бәсінде еліміз әлемдік қоғамдастықта экономикасы дамыған, қазіргі заманғы өркениетті мемлекет ретінде қалыптасты. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев белгілеген «Қазақстан жолын» бірлік пен тұрақтылықтың айшықты үлгісі ретінде төрткүл дүние мойындады. Кеңестік және ынтымақтастық бірлігі мен ынтымағы арқасында елдің тәуелсіздік тұғыры бекіді. Бүгінде терезесі тең, кергесі кең тәуелсіз Қазақстан – тұғырлы ел» көрмесі елдің ширек ғасыр

бір-бірімен тамырласып жатыр», – деді.

Гүлшара Наушақызы, сонымен қатар, мемлекеттік мереке – Тұңғыш Президент күні биылғы мерейлі жылы айрықша мәнге ие болып отырғанын, ал аталған көрме Қазақстан қоғамы мен халықаралық қоғамдастық үшін елеулі тарихи-мәдени іс-шара екенін айтты.

Бұл күні шара қонақтарының назарына 8 көрме ұсынылды. Мәселен, «Елбасы жолы» деп аталған көрмеге 50-ден астам мұрағат құжаты қойылған. Олар Президенттің батыл бастамаларынан және тәуелсіз елдің даму тарихынан сыр шертеді. «Тәуелсіз Қазақстан – тұғырлы ел» көрмесі елдің ширек ғасыр

ішінде әлеуметтік-экономикалық тұрғыда қарыштап дамуының, әлем таныған мемлекет ретінде қалыптасуының, еңселі елорданы гүлдендірудің кезеңдерімен таныстырады. Мұндағы экспозицияға 50-ге жуық фотоқұжат қойылыпты. Сондай-ақ, шараға қатысушылар Елбасы кітапханасындағы аса құнды 550 жинақпен 3 кітап көрмесі арқылы танысты. Ол кітап көрмелері «Н. Ә. Назарбаев – Тәуелсіз Қазақстанның негізін қалаушы», «Елбасына естелікке қолтаңба», «Егемен елдің тәуелсіздік шежіресі» деп аталған екен. Ал «Әлем қадірлеген Елбасы» көрмесінен Қазақстан Президентіне шет мемлекеттердің берген жоғары наградаларын көре аласыз. Мәселен, коллекцияда Ұлыбритания, Жапония, Ресей, Ватикан, Франция, Ауғанстан, Қытай секілді елдердің тарапынан ұсынылған 41 награда бар.

«Ұлы Дала елі» деп аталған көрме де жұртшылықтың қызығушылығын тугызды. Онда Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі Нұржан Қарымсақовтың елдің 25 жылдағы табыстары мен жетістіктерін қылқаламмен сөйлеткен 36 туындысы қойылған.

Бұл күні, сондай-ақ, «Көшбасшылық факторы», «Парламентаризм эволюциясы», «Бітімгершілік әрекеттердің жол картасы» секілді фильмдердің көрсетілімі өтті.

*Суретті түсірген*  
**Ерлан ОМАРОВ,**  
«Егемен Қазақстан»

## Үздік оқушылар Ақордада болды

Өткен сенбіде Мемлекеттік хатшы Гүлшара Әбдіқалықова Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күнін мерекелеу аясында Алматы қаласындағы Назарбаев зияткерлік мектебінің үздік оқушыларымен кездесті.

**Жолдыбай БАЗАР,**  
«Егемен Қазақстан»

Кездесу барысында Гүлшара Әбдіқалықова оқушыларға Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың жауапты әрі күрделі қызметі туралы айтып берді. Сондай-ақ, Мемлекеттік хатшы Елбасының балаларға әрдайым қамқорлықпен қарайтынын жеткізді. «Нұрсұлтан Назарбаев атап өткендей, «Балалар тәрбиесі – бұл болашаққа салынған инвестиция. Біз бұл мәселеге келгенде осыны терең түсініп, балаларымызға сапалы білім беруге әрдайым ұмтылу керекпіз», – деді Г.Әбдіқалықова.

Одан әрі Мемлекеттік хатшы Елбасы тапсырмасына сәйкес республикада 16 Назарбаев зияткерлік мектебі ашылғанын, олар ел мектептерінің оқу

үрдісіне инновацияны және үздік халықаралық тәжірибені енгізетін эксперименталды алаң болып табылатынын сөз етті.

Сонымен қатар, Г.Әбдіқалықова жас ұрпаққа білім беру бағытында барлық жағдайлар қарастырылып отырғанын, балабақшалар, интеллектуалды мектептер, халықаралық білім беру мекемелері салынып, «Болашақ» бағдарламасы ойлағандай жүзеге асырылып жатқанын атап өтті.

«Сендер Қазақстанның болашағысындар. Біздің елімізде 5,5 млн бала бар. Назарбаев зияткерлік мектептерінде еліміздің барлық өңірлерінен келген үздік балаларды оқытуды. Сендер өздеріңнің мінез-құлықтарыңмен, оқудағы жақсы үлгерімдеріңмен өзге құрдастарыңа үлгі болуларың керек», – деді Мемлекеттік хатшы.

## Елшілер Сенім грамоталарын тапсырды

(Соңы. Басы 1-бетте)

Жиын кезінде Мемлекеттік хатшы Буркина Фасоның Төтенше және өкілетті елшісіне оның елінің Ислам ұйымының азық-түлік қауіпсіздігі жөніндегі жарғысына қосылғандығы үшін ризашылығын білдірсе, Люксембург өкіліне «Нұрлы жол» бағдарламасы мен Қазақстанның индустриялық-инновациялық даму бағдарламасының екінші кезеңін іске асыруға осы ел компанияларының атсалысуын құптайтынын жеткізді.

Сондай-ақ, Г.Әбдіқалықова Жаңа Зеландия елшісіне агроөнеркәсіп саласындағы инновациялық технологияларды трансферттеу және Қазақстан аумағында ауылшаруашылық өнімдерін жете өңдеу бағытында оның елімен ынтымақтастық орнатуға еліміздің мүдделі екенін жеткізді.

Г.Әбдіқалықова черногориялық дипломатпен кездесуінде Қазақстанның Балқан өңіріндегі

перспективалық серіктестерінің бірі екеніне және туризм саласындағы ынтымақтастықты дамытуға біздің ел мүдделілік танытып отырғанына назар аударды.

Ал Исландия елшісімен әңгімелесу барысында Мемлекеттік хатшы геотермалды энергетиканы пайдаланудағы Исландияның көшбасшылығын ескеріп, «жасыл экономика» саласындағы ынтымақтастықты дамытуға Қазақстанның айрықша қызығушылық танытып отырғанын айтты.

Молдова елшісімен кездесуде Г.Әбдіқалықова агроөнеркәсіп саласы екіжақты ынтымақтастықтың маңызды бағыты болып саналатынын айта келіп, «Біз Қазақстан астығын Молдоваға жеткізуге және мал шаруашылығы өнімін экспорттауға дайынбыз», – деді.

Сондай-ақ, Г.Әбдіқалықова Парагвайдың электр қуатына деген қажеттілігінің шамамен 90 пайызын жанартылатын қуат көздері есебінен қамтамасыз етіп

отырғанына назар аударып, бұл елдің ЭКСПО-2017 көрмесіне қатысуы баламалы энергетика саласында әлемдегі үздік жетістіктерге жетуге мүмкіндік беретіндігіне назар аударды.

Мемлекеттік хатшы Руанда елшісі Африка одағының биылғы саммитінің табысты өтуімен құттықтады. Ал Судан елшісімен әңгімелесу кезінде Г.Әбдіқалықова аталған ел «Ислам инфрақұрылымдық интеграциясы» жобасын іске асыру барысында бізге қолдау көрсетеді деген үмітін жеткізді.

Өз кезектерінде шет мемлекеттердің елшілері кең ауқымды мәселелерге қатысты байланыстар аясын кеңейтуге деген зор мүдделіліктің бар екенін білдірді.

Сонында Мемлекеттік хатшы елшілерді Астана қаласында өтетін ЭКСПО-2017 мамандандырылған халықаралық көрме жұмысына қатысуға шақырды.

Бұдан кейін елшілер БАҚ өкілдеріне сұхбат беріп, өздерінің Қазақстанда дипломатиялық миссияларының басталғанына разы екендерін сөз етті, әрі еліміздің 25 жыл көлеміндегі қол жеткізген табыстары тұрғысында өз ойларымен бөлісті.









2010

• 25 қазанда Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев Брюссельде Белгия Корольдігі және Еуроодақ басшыларымен кездесті. Сондай-ақ, Елбасы осы күні НАТО-ның Бас хатшысы Андерс Фог Расмуссенмен әңгімелесіп, Қазақстан мен НАТО-ның арасындағы қарым-қатынас мәселелерін сөз етті.

• 12 қарашада Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарты ұйымының Бас хатшысы Николай Бордюжаны қабылдады. Кездесу барысында Н.Бордюжа Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалығына жоғары баға берді.

• 18 қарашада Президент Нұрсұлтан Назарбаев Бакуде өткен Каспий маңы мемлекеттері басшыларының III саммитіне қатысты.

• 19 қарашада Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Португалия астанасы Лиссабонда өткен НАТО саммитіне қатысып, баяндама жасады. Қазақстан Президенті еліміздің Ауғанстан мәселелері бойынша ЕҚЫҰ төрағалығы тұрғысынан шолу жасап, нақты ұсыныстар айтты. Қазақстан Президенті Лиссабон саммиті аясында АҚШ Президенті Барак Обамамен, АҚШ Мемлекеттік хатшысы Хиллари Клинтонмен, Түркия Президенті Абдулла Гүлмен және Италия Үкіметінің Төрағасы Сильвио Берлусконимен кездесулер өткізді.

• 1 желтоқсанда елордадағы Тәуелсіздік сарайында Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев ЕҚЫҰ-ның Астана Саммитінің отырысын ашты. ЕҚЫҰ-ның Астана Саммиті Қазақстан үшін ғана емес, әлемдік қауымдастық үшін де елеулі оқиға болып тарихқа енді. «Егемен Қазақстан» газетінің 2 желтоқсан күнгі нөмірінде Елбасының Саммитте сөйлеген сөзі «Еуразия жүрегіндегі, қазақ жеріндегі үнатысу» тақырыбымен жарияланды. Айта кетейік, бұл айтулы басқосудың ең басты нәтижесі – Астана Декларациясының қабылдануы болды.

• 3 желтоқсанда Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Австрия Республикасының Федералдық Президенті Хайнц Фишермен кездесті.

• 7 желтоқсанда Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығымен «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» бекітілді.

• 9 желтоқсанда Мәскеуде Кеден одағы жоғары органының отырысы өтті. Онда Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев, Беларусь Президенті Александр Лукашенко, Ресей Президенті Дмитрий Медведев үш ел арасында Біртұтас экономикалық кеңістік құру жөніндегі Декларацияға қол қойды.

• 10 желтоқсанда Мәскеуде Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев ҰҚШҰ-ға мүше-мемлекеттер басшылары кеңесінің кезекті сессиясына қатысты.

• 15 желтоқсанда Тәуелсіздік сарайында Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне арналған салтанатты жиналыс болды. Онда Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев сөз сөйледі. «Біз ЕҚЫҰ-ға төрағалық аясында өзіміздің іс-қимыл бағдарламамызды орындадық. Тұңғыш рет ЕҚЫҰ-ның еуразиялық векторы белгіленді, мұның өзі бүкіл Еуразиядағы қауіпсіздікті әлдеқайда берік етеді. Бұл дегеніміз – біздің еліміздің және оның әрбір азаматының қауіпсіздігі алдын ала ұзақ жылдарға берік болды дегенді білдіреді. Астана Саммиті – бұл бүкіл Қазақстанның жұлдызды сағаты. Осынау күндері мен өзімнің шетелдік әріптестерімнен көптеген хат-хабарлар алдым, олар Саммитті тамаша ұйымдастырғанымыз үшін алғыс айтуда», – деді.

• 21 желтоқсанда Астанада Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстанның индустриализациялау бесжылдығының картасы шеңберінде еліміздің өңірлерінде 2010 жылдың 2-жартыжылдығында бой көтерген 80 ірі инвестициялық нысанның тұсауын кесіп, Президенттің өнеркәсіп саласындағы «Алтын сапа» және бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін әспеттейтін «Парыз» сыйлығының лауреаттарын марапаттау салтанатына қатысты.

Егемен Қазақстан

## Міндет мінсіз орындалуы тиіс



Кеше «Нұр Отан» партиясы Төрағасының бірінші орынбасары Мұхтар Құл-Мұхаммедтің қатысуымен Қарулы Күштердің ұлттық әскери-патриоттық орталығында партияның Астана қалалық филиалының есептік-сайлау конференциясы өтті. Қала әкімі Әсет Исекешев жетекшілік еткен жиында осы кезге дейін атқарылған шаруалардың қорытындысы тыңдалып, болашақта жүзеге асырылуы тиіс басым бағыттар айқындалды.

**Нұрлыбек ДОСЫБАЙ,**  
«Егемен Қазақстан»

«Елбасымыз бүгінде бүкіл әлем таныған әсем Астанамызды салып, оны дүние жүзіне жарқырата көрсетті. Астана бүкіл өңірлеріміз үшін дамудың даңғыл жолына айналды. Сондықтан «Нұр Отан» партиясының астаналық филиалы Елбасымыздың бағдарламалары мен стратегиялық курсын орындауда облыстық партия ұйымдары үшін үлгі-өнеге болуға тиіс», – деген Мұхтар Абраулы мұндай міндет, әсіресе, миллиондаған ЭКСПО конактарын қарсы алу кезінде ерекше мәнге ие екендігін атап өтті.

Бүгінгі таңда «Нұр Отанның» астаналық филиалы 350 бастауып партия ұйымының басын біріктірсе, соңғы екі жыл ішінде Астанадағы жетекші саяси партия мүшелерінің саны 12 955-тен 45 501 адамға дейін артыпты. Мұндай деректерді жиында

арнайы қорытынды баяндама жасаған партияның қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Еділ Мамытбеков мәлімдеді.

Сондай-ақ, партияның мұрындық болуымен осы кезге дейін 5 мыңнан астам түрлі форматтағы іс-шара ұйымдастырылып, оған 400 мыңнан аса адамның қатысуы қамтамасыз етілген. Соның ішінде «100 нақты қадам» Ұлт жоспары аясында қабылданған заңды түсіндіру жұмыстары бойынша 463 кездесу өткізіліпті. Сонымен қатар, «Нұр Отан» партиясының қалалық филиалы «Нұрлы жол» инфрақұрылымды дамыту бағдарламасын жүзеге асыруды тұрақты бақылау жұмыстарын да шебер үйлестіріп келеді. Осы мақсатта мәслихаттағы партия фракциясы жанынан арнайы төрт инспекциялық комиссия құрылып, олар Астанадағы құрылыс нысандарын аралап, 22 рейд жүргізген. Ал партияның қалалық қабылдау

бөлмесіне соңғы екі жылдың ішінде 26 мыңнан астам азамат көмек сұрап келген болса, олардың 38 пайызының мәселесі сол жерде оң шешімін тапқан. Қалғандары тиісті мемлекеттік органдарға жолданып, партиялық бақылауға алынған.

Есептік-сайлау конференциясында қызу талқыланған тағы бір тақырыптың бірі – таяуда Қазақстан Парламенті қабылдаған Тәуелсіздіктің 25 жылдығы Декларациясы болды. Оған ерекше көңіл бөлу қажеттігіне тоқталған Партия Төрағасының бірінші орынбасары, Елбасымыз ширек ғасырда Қазақстанды қуатты, біртұтас, қарқынды дамыған мемлекетке айналдырғанын тілге тиек етті.

«Қазіргі таңда Елбасымыз алдымызға Бес институттық форма, «100 нақты қадам» Ұлт жоспары, «Нұрлы жол», индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы, әлемнің ең дамыған 30 мемлекетінің қатарына қосылу сияқты жаңа ауқымды міндеттер мен мақсаттар қойып отыр. Біздің партиямыздың басты міндеті – Мемлекет басшысы тапсырмаларының орындалу сапасына қатаң әрі тұрақты бақылау орнату болып табылады», – деді Мұхтар Құл-Мұхаммед.

## «Тәуелсіз Қазақстан» пойызы

«Болашақ» бекетіне аялдады

Мемлекет басшысының тапсырмасымен тәуелсіздіктің ширек ғасырлық мерекесіне орай республикамыздың алыс түкпірлеріндегі бекеттерге аялдап, өңірлердің экономикалық ахуалымен, халықтың әлеуметтік жағдайымен танысып, оларға дәрігерлік, кәсіпкерлік, әлеуметтік, құқықтық, ауылшаруашылық мәселелері бойынша қабылдау өткізіп, сауалдарына жауап қайтарып, кеңес беру үшін жолға шыққан «Тәуелсіз Қазақстан» пойызы Маңғыстау өңірінде болды.

**Гүлайым ШЫНТЕМІРҚЫЗЫ,**  
«Егемен Қазақстан»

25 жылдық мереке аясында 1 қараша күні Астана қаласынан жолға шыққан пойыз 25 күн деңде 25-ші бекет – «Болашаққа» келіп жеткен еді. Алдымен Жаңаөзен қаласына ат суытқан оларды аталған қаланың әкімдігі мен тұрғындары ән-жырмен, ақ дәммен қарсы алды. Жанарған Жаңаөзенді аралатып, қаланың тыныс-тіршілігімен таныстырды.

Парламент Мәжілісінің депутаттары, «Қазақстан Темір Жолы» ҰК өкілдері, Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшелері, медицина және әлеуметтік сала мамандары, заңгерлер, өзге де мамандардан құралған 270-ке жуық адамы бар пойыз «Болашақ» бекетінің тұрғындары да жылы қабылдап,

мәре-сәре болды, тиісінше олар да тұрғындармен кездесіп, әр сала бойынша туындаған сауалдарына жауап қайтарды, дәрігерлер қабылдау жүргізіп, кеңес берді.

Қаракия ауданының Болашақ ауылдық округі 2012 жылы «Болашақ» темір жол бекеті



уелсіздігінің 25 жылдық мерекесіне сый ретінде «болашақтық» аналар 25 баланы өмірге әкелген!

Тұрғындар үшін табиғи газбен, ауыз сумен және электр қуатымен қамтылған 85 үй, 8 екіқабатты жатақхана, 80 орындық мектеп, 50 орындық балабақша, наубайхана мен 50 адамдық асхана, монша, емхана және екі дүкен ашылған. Бекетте темір жол желісі негізгі өндіріс болып табылады, биылғы 1 қыркүйекке дейін бекет арқылы 162 пойызға жүктелген 42,7 мың тонна жүк экспортталса, 150 пойыздық 56,8 мың тонна жүк импортталған. Болашақ бекетінде 292 теміржолшы жұмыс жасайды, оның 117-сі осы бекеттің тұрғыны болса, өзгелері Маңғыстау облысы мен еліміздің басқа өңірлерінің азаматтары. Бекетте бюджеттік сала қызметкерлерін баспанмен қамту үшін «Қолжетімді баспана-2020» мемлекеттік бағдарламасы аясында жобалық құны 58,212 млн теңгені құрайтын бес екі бөлмелі үй салынып жатыр.

Болашақ тұрғындары қоғамдық қабылдауларда тұрғын үй мен оны заңдастыру, ауылда дәрігерлік қызмет көрсетуді көтеру мәселелеріне қатысты сұрақты алға тартты. Пойыз

дәрігерлеріне қаралуға келгендер арасында балалардың қарасы көбірек болды.

Пойыз Астанадан шыққаннан бері қарай тоқтаған барлық бекеттерде болып келемін. Бүгінгі таңға дейін 80 баланы қарадым. Көпшілік ата-ана балаларын мейтебағна және ұршық ауруына қатысты қарады. «Болашақта» 1-2 сағат ішінде 10 баланы қарадым. Құдайға шүкір, балалардан алаңдатқыш аурулар кезікпеді. «Болашақтық» бір балаға тілін қағып өміуне, сөйлеуіне кедергі келтіретін тіл астындағы өскінге ота жасадым, – дейді ортопед-дәрігер Әділбек Омаров.

«Болашақтағы» шара одан әрі маңғыстаулықтар ұйымдастырған «Болашағымыз – бірлікте!» атты форуммен жалғасты. Форумда Маңғыстау облысы әкімінің орынбасары Б.Нұрғазиева, «Тәуелсіз Қазақстан» пойызының штаб жетекшісі Ә.Әлпейісов бастаған пойыз құрамындағы белгілі азаматтар, Маңғыстау облысындағы аудан, қалалардың қоғамдық келісім кеңестерінің төрағалары мен этномәдени бірлестіктер өкілдері құтыстықп, ел бірлігіне, тыныштығына және Қазақстанның дамуына тілектерін жаудырды. Өнерпаздар әсем әнмен әспеттеді.

**Маңғыстау облысы**

*Суретті түсірген*  
**Талант ҚҰСАЙЫН**

Тәуелсіздік – егемен ел болумен қатар, уақыт көшінін түрлі шайқалысында ұлтымның түйілген жүгінен суып түсіп, әр өткелде шашылып қалған құнды дүние, асыл қазыналарымызды қайта теріп, болашаққа аманаттауға берілген мүмкіндік.

## «25 жылда ел жаңа...»

**Мира БАЙБЕК,**  
«Егемен Қазақстан»

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті Тарих және құқық институтының Тәуелсіз Қазақстанның 25 жылдығына орай өткізген «Тәуелсіз Қазақстан және әлемдік қоғамдастық» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы еліміз тәуелсіздік алған кездегі тарихи мүмкіндікті қалт жібермей, ұлт құндылықтарын түгелдеуге кіріскен тарихшылар еңбегіне арналды.

«Әлемдік қоғамдастықта өзіндік орынға ие болған Қазақстан әлемдік саясаттың бір мүшесі ғана емес, бір субъектісі де болып үлгерді. Ішкі саясат жетістіктерінен сыртқы саясат жетістіктері әлдеқайда қомақты десем, артық айтпас едім. Бізге қазір сыртқы саясат үлкен пайда әкеліп отыр. Ресей, Қытай, АҚШ сияқты ірі державалармен ғана емес, Орталық Азия елдерімен де, Еуропамен де қарым-қатынасты жолға қае білу


кез келген мемлекет басшысының қолынан келе бермейтін іс», деген профессор Сайын Борбасов Қазақстанның сыртқы саясатының негізгі басымдықтарына тоқталып өтті.

Тарих және құқық институтының директоры, профессор Болат Жұмагулов, академик Қайрат Исағалиев, тарих ғылымдарының докторы Әзімбай Ғали, осы оқу орнының магистранттары мен оқытушылары, студенттері, ғылыми институттардың, қоғамдық ұйымдардың басшылары қатысқан халықаралық конференция қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жүргізілді.

«Қазаққа «Елу жылда ел жаңа» деген сөз бар. Біз «25 жылда ел жаңа» десек, артық айтпаспыз. Оған 90-шы жылдардан бері еліміздің қаншалықты өзгергені дәлел. Еліміздің әрбір азаматы қасиетті тәуелсіздіктің қадірін білуге тиіс», деп түйінді конференция жұмысын ҚазҰПУ проректоры Ғабит Кенжебаев.

**АЛМАТЫ**

«Егемен-ақпарат»







29 ҚАРАША  
2016 ЖЫЛ

## Аграрлық сектордың алға шығатын кезі алыс емес

Кеше Парламент Мәжілісінде палата Төрағасының орынбасары Владимир Божконың төрағалық етуімен «Агроөнеркәсіптік кешенді мемлекеттік қолдаудың жаңа бағыттары мен отандық агробизнестің бәсекеге қабілеттілігін арттыру перспективалары» деген тақырыпта үкімет сағаты өтті. Онда Премьер-Министрдің орынбасары – Ауыл шаруашылығы министрі Аскар Мырзахметов пен Мәжілістің Аграрлық мәселелер комитетінің төрағасы Сапархан Омаров баяндама жасады.

**Әлисултан ҚҰЛАНБАЙ,**  
«Егемен Қазақстан»

Мәжіліс Төрағасының орынбасары Владимир Божко атап өткендей, ауыл шаруашылығы – ел экономикасының маңызды салаларының бірі. Жыл өткен сайын агроөнеркәсіп кешеніне баса назар аударылып келеді. «ҚазАгро» АҚ пен оның көмеделері ауыл шаруашылығы саласын 13 инвестициялық бағыт бойынша қаржыландыруда. «Ауыл шаруашылығын қаржылық қолдаудың нәтижесінде 2012-2015 жылдардың аралығында өндірілген өнім көлемі 1999 миллиард теңгеден 3307 миллиард теңгеге артты», – деді. В.Божко.

Ал Премьер-Министрдің орынбасары – Ауыл шаруашылығы министрі Аскар Мырзахметов Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама жобасында көзделген негізгі міндеттерге тоқталды. Вице-премьердің атап өтуінше, министрлік жүргізген талдау саланың дамуын тежейтін мынадай негізгі факторларды айқындады: бірінші – жеке қосалқы шаруашылықтар мен ұсақ шаруа және фермерлік қожалықтардың ресурсын пайдаланудың төмендігі.

Өйткені, өндірген өнімді дайындау және өткізу мәселелері шешілмеген, ал олар сүттің, еттің, картоптың, жемістер мен көкөністердің 70-90%-ын өндіреді. Екінші – өнімді өңдеу үлесінің төмендігі. Қазіргі уақытта еттің, сүттің, жеміс пен көкөністің 30%-ы ғана өңделеді. Үшінші – бидай өндірудің артық көлемі. Себебі, жыл сайынғы өтпелі қалдық 2-3 млн тоннаны құрайды. Ал құрама жем, арпа, жүгері, азықтық және майлы дақылдар өндірудің жетіспеушілігі өз кезегінде мал шаруашылығының дамуын тежейді.

Төртінші – импорт үлесінің жоғары, ал экспорт деңгейінің төмен болуы. Мысалы, өндіріс көлемі ішкі қажеттіліктерден асып түсетін ет, тірі мал, дәнді-бұршақты дақылдардың 5%-дан

аз көлемі экспортталады екен. Сондай-ақ, елде өндіруге болатын қант, көкөніс қалбырлары, ет және сүт өнімдері, өсімдік майы, құс еті импортының үлесі жоғары. Ол – 40%-дан 90%-ға дейін барады. Бесінші – аграрлық ғылымның әлсіздігі және аграрлық технологияларды трансферттеу жүйесінің болмауы. Осы проблемалар 2015 жылы 1,3 млрд АҚШ доллары



көлеміндегі ішкі сауданың теріс сальдосына әкеп соққан.

А.Мырзахметов мемлекеттік бағдарламаның максаттары мен міндеттерінен де хабардар етті. «Анықталған проблемалардың негізінде нарықта сұранысқа ие, бәсекеге қабілетті агроөнеркәсіптік кешеннің өнім өндіруін қамтамасыз ету – бағдарламаның максаты болып айқындалды, – деді ол. – Олар: 500 мыңнан астам жеке қосалқы шаруашылық пен ұсақ шаруа (фермер) қожалықтарына арналған ауыл шаруашылығы кооперациясы; агроөнеркәсіптік кешенді мемлекеттік реттеуді жетілдіру; агротехнологияларды трансферттеудің тиімді жүйесін қалыптастыру; максатқа бағытталған экспорттық саясат, органикалық өнім брендінің ілгерілету; ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің барынша қамти отырып, мемлекеттік қолдаудың тиімділігі мен қолжетімділігі; мал шаруашылығының тиімділігін 40%-ға, өсімдік шаруашылығының тиімділігін 30%-ға,

кәсіпорындардың өңдеу және жүктелу үлесін 1,3 есеге арттыру».

Вице-премьер өнімді өткізу мен өңдеуге арналған ауыл шаруашылығы кооперациясына қатысты мәселелерді де атады. Оның айтуынша, небәрі 5 жылдың ішінде 500 мыңнан астам жеке қосалқы шаруашылық пен ұсақ шаруа қожалықтарын ауыл шаруашылығы кооперациясына тарту жоспарланып отыр.

Кооперативтер мынадай негізгі бағыттар бойынша құрылады: сүт, ет, жеміс және көкөністерді жинау. Мұндағы ерекшелік – есеп айырысу тікелей өндіруші кооператив мүшесімен жүргізіледі, ал субсидияны кооператив алатын болады. Кооперативтер, сондай-

ақ ветеринария, ұрықтандыру,

жемшөп өндіру, агрохимия, логистика және басқалар бойынша қызметтер көрсетеді.

Жоғарыда аталған шаралар өңдеуші кәсіпорындардың жүктелуін 30%-ға арттыруға, өндіруші мен соңғы тұтынушы арасындағы сауданың үстеме бағасын 15-20%-ға төмендетуге және ауылға ауыл шаруашылығы өнімі үшін қосымша шамамен 300 млрд теңге пайда алуға мүмкіндік береді.

«Өнімді сыртқы нарықтарға ілгерілету кезінде отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді қолдау мақсатында бір мезгілде «ҚазАгроГарант» акционерлік қоғамымен және «KAZNEX» акционерлік қоғамымен тығыз өзара іс-қимыл жасай отырып, «Азық-түлік келісімшарт компаниясы» акционерлік қоғамы базасында Агроөнеркәсіптік кешендегі экспорттық орталық құру жоспарлануда», – деді А.Мырзахметов әрі қарай. – Құрылатын орталықтың функционалына ауыл шаруашылығы тауарын

өндірушілерден сыртқы нарықта сұранысқа ие ауыл шаруашылығы өнімдерін – сиыр, қой, шошқа етін, дәнді-бұршақты, майлы, жеміс-көкөніс дақылдарын форвардтық сатып алу және экспорттық арналар құру, сыртқы нарықтарды талдау және өткізудің перспективалық елдері – Ресей, Қытай, Үндістан, Орталық Азия және Таяу Шығыс елдері үшін жол карталарын жасау, ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің экспорттық келісімшарттарын саудалық қаржыландыру және сақтандыру және «KZ ORGANIC FOOD» шағын брендтерді ілгерілету».

Премьер-Министрдің орынбасары, сондай-ақ, өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығы және ауыл шаруашылығын сумен қамтамасыз ету, суармалы жерлердің көлемін ұлғайту, агроөнеркәсіп кешенін, инфрақұрылымдық қамтамасыз ету, тағы басқа да мәселелерден хабардар етті. Саланы мемлекеттік реттеуді жетілдіру аясында ғылым мен өндіріс арасындағы байланысты қамтамасыз ету бойынша іс-шаралардың жүзеге асырылатындығына да тоқталды. Сонымен қатар, ол депутаттар тарапынан қойылған сұрақтарға нақты мәліметтер келтіре отырып, жауаптар қайтарды.

Үкімет сағатында қосымша баяндама жасаған Мәжілістің Аграрлық мәселелер комитетінің төрағасы Сапархан Омаров Ауыл шаруашылығы министрлігіне «Агроөнеркәсіп кешенін дамытудың мемлекеттік бағдарламасын» және «Агроөнеркәсіп кешенін мемлекеттік қолдауды өзгерту тәсілдерін» әзірлеуде бірқатар мәселелерге ерекше назар аудару қажеттігін атап өтті. Депутаттың айтуынша, олардың ең бастысы – мемлекеттік реттеу тетіктерінің тұрақтылығын және мемлекеттік қолдау шараларын қамтамасыз ету. «Мемлекеттік преференциялар фермерлерге кепілдік болуы қажет, – деді С.Омаров. – Барлық максатты бағдарламалар қаржылық және материалдық ресурстармен толық қамтамасыз етілуі тиіс. Өз кезегінде «Агро-бизнес-2020» бағдарламасы бойынша бірқатар нәтижелерге қол жеткізілуімен бірге бір-бір себебі, бағдарлама құралдарының толық қаржыландырылмауы салдарынан орын алғанын атап өткен жөн».

Бұған қоса, ол ауылшаруашылық саласына бөлінген бюджет қаражатын пайдалану мәселесіне ерекше назар аудару қажет екендігіне, субсидиялау механизмдерін автоматтандыруға, ветеринарлық және фитосанитарлық қауіпсіздікті күшейтуге қатысты мәселелерді ортаға салды.

## Тұлға туралы толымды туынды

(Соңы. Басы 1-бетте)

Одан әрі сөз кітап авторларының бірі, Қазақстанның Ресей Федерациясындағы Төтенше және өкілетті елшісі Марат Тәжинге берілді. Өзінің сөзін елші келген қонақтарға, әсіресе, соншалықты көп жиналған БАҚ өкілдеріне алғысын жеткізуден бастады. Кітап авторларының қатарында төрт адам Президент Әкімшілігінің Басшысы, екі адам Премьер-Министр, екі Мемлекеттік хатшы, төрт Парламент палаталарының басшылары, екі Қорғаныс министрі, екі Астананың әкімі, Бас прокурор, ҰҚК Жоғарғы сот Төрағасы бар. Қысқа сөзбен айтқанда, алты адам осы лауазымдарды атқарып, Елбасының сенімді серіктері бола білді. XX ғасырда өзінің ең жақын серіктері бірігіп, осындай еңбек жазған көшбасшы болған емес. Серіктерінің жазуына қарағанда, Н.Назарбаев көшбасшылығының феномені саяси лидерлерге тән болатын үш үлгіге негізделген. Нақты айтсақ, олар жеке адамдық қасиеттер, көшбасшылық стиль және өзгермелі тарихи жағдайлар. Жеке адамдық сипаттары туралы жазғанда авторлар оның саясаткер және мемлекеттік қайраткер ретіндегі қалыптасуы ерте кезден белгілі болғандығын тарихи мысалдармен айғақтайды. Көшбасшылықтың жағдайларға икемділігі шетелдік тұжырымдамасын ашқанда авторлар оны Қазақстанның басынан кешкен жағдайларымен өрнектейді. Сол кездердегі кейіпкердің лидерлік әлеуетінің қалыптасуы және нақты мысалдармен нақышталған. Соның ішінде Қазақстан Президентінің еуразиялық кеңістікте тұрақтылықты сақтау, қазақстандық қоғамды жаңғырту істеріне жасалған талдаулар оқырманды қызықтырады сөзсіз.

Кітаптың соңғы сөзінде ХХІ ғасырдың екінші онжылдығындағы постжағдайлық әлем жағдайындағы стратегиялық бағдарламаларды жасаудағы Н.Назарбаевтың рөлі жан-жақты ашылған. Бұл Қазақстан Көшбасшысының Қазақстан аумағымен ғана шектелмей, ғаламдық міндеттерді шешу, соның ішінде ядролық қарусыз әлем құру идеясын ұсынуы арқылы бүкіләлемнің стратегиялық болашағын көре алатын саясаткер екендігін көрсетеді, дей келіп М.Тәжин Наполеонның «Қысқа әрі түсініксіз жазбылар» деген белгілі сөзін еске алды. Ұсынылып отырған кітап императордың бірінші ұсынысына қатыр келе отырып, екіншісін жоққа шығарады, дейді.

Кітап авторларының пікірлерін жедел шолып өткеннің өзінде олардың көптеген ойлы және өзгеше пікірлер айтқанын көруге болады. Мысалы, Қасым-Жомарт Тоқаев халықаралық қоғамдастықтың білгір мамандары ТМД құрудың басында Н.Назарбаев тұрғанын біледі және оның осы қызметін жоғары бағалайды. Сондай-ақ, ШЫҰ да Н.Назарбаевтың күш салуымен өмірге келгенін біледі, дейді ол. Президенттің бүкіләлемдік антиядролық қозғалыстың Көшбасшысы болып отырғандығын да дүние жүзінің таңығандығын атап өтіпті. АӨСШҚ, Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезі сияқты форумдардың да авторы Н.Назарбаев екендігін автор нақты дәлелдермен атап өткен. Президенттің Қазақстан шекарасын шегендеу кезінде айтқан «шекараны таспен емес, доспен шегендеу керек» деген сөзін де автор ризашылықпен еске алған екен. Қ.Тоқаев Астанада ЕҚЫҰ Саммитінің өткізілуін де қанағатпен еске алып, ол еліміздің абыройын асқақтатқандығын айтып өтіпті. Назарбаевты Қ.Атаұрғы де Голль, Д.Сяопин, Ли Куан Ю сияқты әлемдік ауқымдағы лидерлермен салыстыру өте орынды, дейді Қ.Тоқаев өзінің жазбаларында.

Нұртай Әбіқаевтың жазғандары жаңа мемлекеттің қалыптасу жолына арналды. Нұрсұлтан Назарбаев Кеңес Одағы жылдарының өзінде-ақ өзінің стратегиялық ойлау жүйесімен партиялық номенклатураға енетін басқалардан оқ бойы озық тұратын еді, дейді автор. Сонымен бірге оның экономикалық проблемаларды ашық айта алған және оларды шешу жолдарын көрсеткен батыл ұсыныстары таң қалдырғанын еске алады. Н.Әбіқаевтың айтуына қарағанда, Нұрсұлтан Назарбаев КСРО-ны құлдырауға әкелген себептерді тереңнен



таныған. Ал Республиканың басына келген сәттен бастап ол Одақты жаңаландыру жолдарын талмай ұсынып отырған. Соның ішінде республикалардың өзара теңдігін сақтауын қамтамасыз етуді қатаң талап еткен.

Н.Әбіқаевтың жазбаларынан Н.Назарбаевтың түрлі кикілжіңдерді, күрделі жағдайларды еңсеруге батыл кірісетіні және бұл істен нәтиже шығара алатыны да айқын көрінеді. Автор оның мысалдарына бірнеше оқиғаны келтірген. Қазақстанның тәуелсіздік алуымен Нұрсұлтан Назарбаевтың саяси дарыны барынша ашылып, алға қойған міндеттерді тұтастай іске асыра бастады. Соның арқасында әлемдік саяси картада бәсекелестікке қабілеті жоғары Қазақстан деген жаңа мемлекет пайда болды, дейді автор.

Тәуелсіз Қазақстанның жаңа астанасының алғашқы мәрі болған Әділбек Жақсыбеков өзінің қысқа естелігінде жаңа қаланы тұрғызу жолында Елбасымен бірге кешкен қиындықтарды еске алыпты. Президент ауа райының қолайсыздығынан, инфрақұрылымдардың жетімсіздігінен, қаржылық қамтамасыз етудің тапшылығынан туындап жатқан барлық проблемаларды еңсеруге қызу араласып, барлық қиындықтарды бірге бөліскенін жазады. Сонымен бірге, Елбасының ешқашан да оптимизммен арылмауы, рухының жоғары болғандығы өзіне үлгі болғандығын жазады. Астананың Бас жоспарын жасағанда Президенттің қала құрылысы әлеуметтік аға екенін айтып, қатты ойлануы, ұзақ толғанғанын еске ала келіп, «біз еуразиялық қала саламыз, сондықтан мұнда әлемнің барлық түкпірінен келген адамдар өз үйіндей сезінуі керек» деген сөзін айтады. Елбасы іскерлігінің нақты мысалдары қатарында Ә.Жақсыбеков Астананы электр қуатымен жабдықтау ісінің тұйыққа тірелген кезінде көргенін сипаттайды. Президент жағдайды тез болжап, ең оңтайлы шешімді ұсынды. Соны іске асырудың арқасында Астанаға тез арада электр қуаты берілді, дейді ол.

Жоғарғы сот Төрағасы Қайрат Мәми Президенттің Тәуелсіз елдің сот құқықтық жүйесін қалыптастырудағы зор еңбектеріне тоқталып, Еліміз Тәуелсіздік алғаннан кейін барынша қысқа мерзім ішінде негізгі мемлекеттік құқықтық институттар мен заңнаманы реформалау қажет болды, деп еске алады ол. Автор сол кездегі Н.Назарбаевтың рөліне тоқталып, алғашқы Конституцияны жасаудағы оның еңбегіне баға беріп өтіпті. Президенттің сот жүйесінің еркіндігін қамтамасыз етуді үнемі назарда ұстап, оны іске асыруға сіңірген еңбегіне жоғары баға берілген.

Парламент Мәжілісінің Төрағасы Нұрлан Нығматулиннің жазбаларында Қазақстан дамуының түрлі кезеңдеріндегі сайлау науқаны жұмысының қызықты оқиғаларына шолу жасалған. Осы оқиғалардың түрлі тарихи материалдары оқырман назарына ұсынылған. Сонымен қатар, Н.Нығматулин Президенттің қоғам сұраныстарына дәлме-дәл жауап табатын алымдығын атап өтеді. Барлық реформалар бірнеше жыл кейін болатын болашақтағы талаптарға жауап береді, дейді ол. Міне, сондықтан да қазақстандықтар Мемлекет басшысына үнемі қарт бианыш беріп, оның барлық бастамаларын қолдайды. Президенттік сайлаулардың жиырма бес жылдағы өзгермейтін нәтижелері осыны көрсетеді, дейді автор.

Иманғали Тасмағамбетовтің жазбасында Нұрсұлтан Әбішұлының экономикалық күрделі мәселелерді шешудегі тапқырлық, көрегендік қырлары көрінген.

Мысал ретінде, И.Тасмағамбетов Елбасының құпия валюталық қор құрғандығының қандай пайда келтіргенін айтады. Осы қордың қаражаты елді 1997 жылы Үкіметтің зейнеткерлерге 480 миллион доллар қарыз болып қалғанында және 1998 жылы әлемдік қаржылық дағдарыс болғанда құтқарған екен. Сонымен қатар, И.Тасмағамбетовтің жазғандары Н.Назарбаевтың көп қырлы, жан-жақты тұлға екендігін аша түседі. Ол көбінесе тарихи категориялармен ойлануы, қазақ халқының рухани байлығына үлкен назар аударды. Соның арқасында мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасының қабылданып, іске асқандығы айтылады. Сол бағдарламаның арқасында қазақ даласындағы барлық тарихи және мәдени ескерткіштер жүйеленіп, тізбе жасалды, дейді автор.

Кітаптың тұсаукесер рәсмінде Қазақстан мен Ресейдің белгілі мемлекет қайраткері Олег Сосковец те сөйлеп, өзінің ойларымен бөлісті. Қазақстан ТМД елдерінің ішінде тәуелсіздік даму факторы болғанын дәлелдеп берген мемлекетке айналып отыр, деп бастады ол өзінің сөзін. Одан әрі Қазақстан мен Ресей арасындағы достық, әріптестік, экономикалық байланыстарға Н.Назарбаевтың сіңірген еңбектері айтылды. Сонымен қатар, Н.Назарбаевтың КСРО-ны сақтауға үлкен талпыныс жасағанын да жеткізді. Оның артынан құрылған ЕАЭО-ға бүгінгі табысты интеграциялық құрылымға айналғанын қанағатпен атап өтті. Ал кітап туралы айтқанда, оның келешек ұрпаққа өте табысты рухани азық боларын жеткізді. Маған бұл кітап бірден ұнады, өйткені, оны Президентің қатар жүрген жандар шыншылдықпен жазған, деді ол.

Сөз кезегі өзіне тигенде белгілі публицист, Н.Назарбаев туралы кітаптың авторы Леонид Млечин жинақ авторларының біразын білетінін, бірақ өзіне олар бұл пікірлерді айтпағанына өкініш білдірді. Сонымен бірге, ол 1991 жылы КСРО-ның Премьер-Министрі Назарбаев болғанда өмір басқа жолмен кетер ме еді деген ойдың өзінің басынан кетпейтінін атап өтті. Мен саяси меуарлар мен саяси портреттерді оқуға құштар адаммын. Сондықтан, бұл кітап маған қатты ұнап отыр. Бұл өзі айрықша нәрсе, мұнда ол іс басында жүрген саясаткерлер іс басындағы Президент туралы жазған екен. Бұрын-соңды мұндай оқиғаны кездестірмеймін, деді ол. Мені бас кейіпкердің шешімшілдігі мен батылдығы қайран қалдырады. Мәселен, Жоғарғы соттың Төрағасы былай деп еске алады: «Президент маған КСРО-ның сот жүйесі енді бізге қарамайды, бізге басқа жүйе керек» деп қатты талап қойғанын жазады. Осындай Президенттің құқық саласын білмейді деп айтуға бола ма? Одан әрі шешен Н.Назарбаевтың «Болашақ» бағдарламасымен жас қазақстандықтарды шет елде оқыту тәжірибесіне де таң қалатынын жеткізді. Сөзінің соңында публицист кітаптың табысты болғанын, сондықтан да, оның өмірі ұзақ боларына сенім білдірді.

Бұдан кейін де бірнеше адам сөйлеп, өмірге жаңа келген жинақтың жарқын жолына сенім білдірді. Жиынды Қазақстанның Ресейдегі елшісі М.Тәжин қорытып, жиналғандарға тағы да ризашылығын білдірді.

Сонымен Елбасы Н.Назарбаев туралы жаңа жинақ өмірге жол тартты. Кітаптың жарық көруіне «Самұрық-Қазына» Ұлттық әлауқат қоры демеушілік жасапты.



Ерейментауға жақындағанда Тайбай, Малтабар ауылдары тұсында әлгі ерейген таулардың ара-арасынан алып желбағандар менімұдалайды. Әр қондырғының биіктігі 85 метр. Ебелектің ұзындығы 45 метр болса, бағанның диаметрі – 9,3 метр. Жаны бар атаулының ығырын шығарған жел бағдарлар басындағы ебелектерді тынымсыз айналыдырып тұр.

**Асхат РАЙҚҰЛ,**  
«Егемен Қазақстан»

Стансаға жақындаған сайын елордадағы жандардан мәлім болған мәліметтер ойға орала берді. Өткен жылы «Самұрық-Энерго» АҚ басқарма төрағасының бірінші орынбасары Қаныш Молдабаев Индустрияландыру жөніндегі және «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламаларын іске асырудың кезекті қорытынды жиынында қуаты 45 МВт болатын Ерейментау ЖЭС-ін өндірістік пайдалануға беруің басталғаны туралы баяндаған. Көп ұзамай мұндағы «жасыл» энергия көзі ЭКСПО-2017 халықаралық мамандандырылған көрмесінің қажеттіліктерін қамтитыны белгілі болды.

Қонақтарды станса алдынан тосып алған ЖЭС директоры Нұрлан Сақ ә дегеннен алып мекеменің тыныс-тіршілігімен таныстыра бастады. «Компания негізгі 2011 жылы ірге қалағанымен, құрылыс жұмыстары 2013 жылы басталды. Араға тағы екі жыл салып, тамыз айынан жел бағандарымыз іске қосылды», деген Ерейментау ЖЭС басшысы қондырғылардың негізгі Германияның «FWT»

өндірісінде жасалғанын айтты. «Жабдықтарымыздың бірсыпырасы Украина зауыттарында құрастырылса, ебелектер Қытайда өндірілді», деді Н.Сақ.

Алпыс гектар аумаққа тарам-дала тартылған, сегіз шақырымға дейін тізбектеле созылып жатқан желбағандардың жұмысы стансарың шағын ғана өкімшілік ғимаратында басқарылады екен. Кең мониторлы компьютерге үйіліп, әлдебір сандарға назар салып отырған оператор Дулат Кәрімовпен әңгімеміз бірден «жасыл» энергия тақырыбында өрбіді. «Ғалымдар осы ЖЭС-ті құрылысын салу үшін біздің өңірді бекер тандамаған ғой. Жұмысымыздың барысында жел кай бағыттан соқса да халыққа пайда әкелетінін түсінетін болдық. Тек секундына үш метрден кем немесе жиырма бес метрден артық тұрмаса болды, шаруамыз қыза береді. Әр күн сайын 45 МВт-ға дейін электр қуатын өндіреміз», дейді оператор.

Көп жаймен қанықтырған ЖЭС директорының өндіріс істері жөніндегі орынбасары Ерлан Жақыпов. Мекеме жұмысын бүгешігесіне дейін білетін маман алдымен сандарға жүгінді. «Қондырғылардың іске қосылғанына бір жылдан асып барады. Қазан

айындағы көрсеткіштерге сүйенсек, компания он бес айға жуық уақыттың ішінде 193 миллион кВт электр энергиясын өндіріп. Негізгі, жылдық қуатымыз – 172 миллион кВт. Яғни, жүз пайыз қуатында жұмыс істеп тұр», деді Е.Жақыпов.

Ерейментау ЖЭС өкілінің айтуынша, мұнда жиырма екі дана желбаған бар. Әрқайсысы 2050 кВт қуаттылыққа жұмыс істейді. Өндірілетін электр энергиясының барлығы дерлік ұлттық электр желісіне түседі. «Біздің операторымыз – «КЕГОС» АҚ, 4000 кВт қуатпен жұмыс істейтін Екібастұз ГРЭС-і мен Астананың арасындағы желіні жалғап тұрмыз. Негізгі тұтынушыларымыз да бас шаһарда», дейді Е.Жақыпов.

Мамандардың сөзіне сенсек, күніне 45 мың МВт электр энергиясын өндіретін Ерейментау ЖЭС шағын-шағын бес қаланы жарықпен қамтуға қауқарлы көрінеді. Өйткені, іргедегі аудан орталығының он мыңға тарта халқы бір күнде 9 мың МВт электр қуатын тұтынады.

Алып қобаның шығыны 19 миллиард 200 миллион теңгені құраған екен. Мұның 80 пайызын Еуразиялық даму банкі құйса, 20 пайызы өз еліміздің қазынасынан қаралған. Ал құрылғылардың кепілдендірілген жұмыс істеу уақыты жиырма жылдан асады.

«Стансамызда өндірілген жылдық электр энергиясын ГРЭС-те өндіретін болсақ, жүз мың тонна көмір жағуға тура келеді. Яғни, біз бір жылда осынша шикізатты үнемдесек,

екіншіден, табиғатымызға келетін орасан залалдың алдын алдық», дейді мамандар. Десе де, желбағандардан өндірілетін энергияның белгіленген тарифі – 22 теңге. Ал ГРЭС-те өндірілген энергияның құны шамамен 11-13 теңге. Мұның себебін компания басшылығы былай түсіндірді: «Қондырғылардың құны қазіргі таңда өте қымбатқа соғып тұр. Оған қоса, қосалқы бөлшектердің, қызметтердің, мамандарды оқытып, тоқытудың шығындары тағы бар. Өрине, осындай стансаларды көбейткенде және бастапқы шығындарды өтегенде тарифтік жоспар арзандайды деген ой дамды. Қазақстанда көмірдің бағасы арзан екенін ескерсек, бізге қаражат үнемдей алмай-тынымыз анық». Айта кетейік, ЖЭС жобасына жұмсалған қаржы толық қуатында сегіз жыл жұмыс істегенде ғана қайтарылады.

Айтпақшы, ЖЭС директорының өндіріс істері жөніндегі орынбасары Ерлан Жақыпов «Самұрық-Энерго» АҚ Ерейментау жел паркінің қуатын 95 МВт-ға дейін ұлғайтуды жоспарлап жатқанын сүйіншіледі. «Бұл бастама қолға алынатын болса, «жасыл» энергия елімізге дендеп енетініне күмән кем. Өйткені, осы стансаның жылдық түсімі 3,8 миллиард теңгені құраса, аудан бюджеті мүлік салығынан жылына 300 миллион теңгеге толығып отыр», деді станса өкілі.

Ерейментаудың «қақ ортасын қоныс қылған елі» енді қайдан кедей болсын, ырысы арта береді де...



ЕРКІН ЕЛДІҢ ЕРТЕҢІ

# Жастарға жайбасарлық жараспайды

Ел ертеңінің тірегі бүгінгі жастарымыз тәуелсіздік жылдары өмірге келіп, білім мен тәрбие алды, азамат болып шыңдалды. Шынайы тәуелсіздік қазақстандық жастарға не берді? Тәуелсіздік құндылықтарын жастарымыз қалай пайдалануда? Осы бағытта М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінің ректоры Махметғали САРЫБЕКОВТІ әңгімеге тартқан едік.

— Махметғали Нұрғалиұлы, сіз 2009-2012 жылдары Білім және ғылым министрінің орынбасары бола жүріп, республикамыздағы мемлекеттік жастар саясатына жауапты болдыңыз. Осыған байланысты жастар саясатына қандай баға бере аласыз?

— Әлемдік тәжірибені алсақ, бүгін жастар саясатын ұйымдастыру негізгі 3 модель бойынша дамып келеді: либералдық, континенталдық, азиялық. Либералдық модельде жастар саясаты жеке сала ретінде қаралады. Жастар саясаты негізінен азаматтық қоғам арқылы іске асады. Бұл саясат жекеменшік компаниялар және жеке адамдармен қаржыландырылады.

Континенталдық модель бойынша жастар саясаты жеке сала ретінде қарастырылады. Оны арнайы мемлекеттік орган ұйымдастырады. Қаржыландыру мемлекет тарапынан жүргізіледі. Саяси партиялар жастар саясатына араласпайды.

Азиялық модельде жастармен жүргізілетін жұмыс мемлекеттік саясаттың жетекші бағыты ретінде алынады. Бұл жұмыспен жеке мемлекеттік орган айналысады. Қазақстандық модель континенталдық және азиялық жүйелердің негізгі элементтерін пайдаланған.

Республикамыз тәуелсіздік алғаннан кейін 1999 жылы Жастар саясатының тұжырымдамасы қабылданып, ол 2012 жылға дейін пайдаланылма болды. Бұл құжат өз міндеттерін орындады және заман талаптарының өзгеруіне байланысты қазіргі күн уақыт сұранысына жауап бере алмай қалды. Негізінен 1999 жылғы тұжырымдама оқушы және студент жастарға арналған болатын. Ал олар жалпы жастардың тек қана жартысын (50%) құрайды. Сонымен қатар, екінші жартысы (қалған 50%) бұрынғы тұжырымдамада ескерілген жоқ: бұл — жұмысшы жастар, ауыл жастары, өзін-өзі ұйымдастырған жастар, маргиналдық жастар және басқалар. Сол себептен 2012 жылы «2020 жылға дейінгі мемлекеттік жастар саясатының тұжырымдамасы «Қазақстан 2020: келешекке жол» деп аталатын жаңа тұжырымдама қабылданды. Тұжырымдаманың негізгі өзгешелігі ол жастардың



барлық категорияларын қамтиды.

Осы тұжырымдаманың негізінде Елбасының тапсырмасымен 2015 жылы «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Қазақстан Республикасының жаңа Заңы қабылданды.

— 2012 жылы қабылданған Жастар саясаты тұжырымдамасының негізгі қағидалары қандай?

— Біріншіден, соңғы жылдары жастарға арналған мынандай жобалар дамып келеді: «Жастар тәжірибесі», «Жасыл ел», «Дипломмен — ауылға!», «Жастар кадрлық резерві», «Мемлекеттік қызмет мектебі», «Жастар — Отанға». Бүгін жастардың барлық категорияларын қамтып, оларды біріктіретін жаңа жобалар қажет.

Екіншіден, кейінгі жылдары мынандай әлеуметтік жаңару бағдарламалары іске асуда: «Жұмыспен қамтудың жол картасы-2020», «Бизнестің жол картасы-2020», «Қолжетімді тұрғын үй-2020», «Аймақтардың даму бағдарламалары». Тұжырымдама жаңа мемлекеттік жастар саясатын осы әлеуметтік бағдарламалармен дұрыс ұштастыруы қажет. Үшіншіден, жастардың әр категориясына (қалалық және ауылдық жастарға, жастардың этникалық топтарына, формальды емес көшбасшыларына) нақты әрекеттік тәсілдер пайдалану қажет.

— Жастар саясатында қандай мәселелерді қазіргі кезеңде өте өзекті деп санайсыз?

— Бұндай мәселелер аз емес. Мысалы, Елбасы кезінде жастарға арналған «әлеуметтік лифтілерді» құруды тапсырды. Оның мысалы ретінде қабілетті жастарды мемлекеттік қызметке тартуды және жастардың волонтерлық орталықтарын құруды көрсетті. Ендігі кезде әр аймақта

«әлеуметтік лифтілерді» қалай құрамыз және оның нақты механизмі қандай болады деген мәселені шешу қажет. Бұл мәселе бүгінге дейін толық шешімін тапқан жоқ.

Екіншіден, қазақстандық қоғамдағы жастар саясатына деген көзқарасты өзгерту керек. Жастар саясатын бір күндік акцияларға, шулы пиар-компанияларға айналдыруға болмайды. Қазіргі кезде күнделікті, жүйелі және кешенді негізде нақты жұмыстарды іске асыру қажет. Сонда ғана біз жастар саясатында кездейсоқ, фрагментарлық іс-шараларға жол бермейміз. Сонымен қатар, сан жағынан неғұрлым көп және жастардың барлық категориялары қамтылатын болады.

— Сіздің барлық уақытыңыз жастардың арасында өтуде. Университет ректорының жастармен жұмыс атқарудағы негізгі мақсаты неде?

— Мен жастармен кездескенде бір мәселені жиі айтамын. Қазақ халқының «адам өмірі қамшының сабындай қысқа» деген теңеуі бар. Ал, студенттік өмір бар болғаны 4-ақ жыл, өте қысқа сәт. Осы жылдарды біздің жастарымыз өздері үшін тиімді пайдалануға тиіс. «Бүгін болмаса, ертең болады» деген жастардың арасында «жайбасарлық» көзқарас болмау керек. Барлық нәрсені (оқу, ғылыммен айналысу, спортпен шұғылдану, университеттің қоғамдық жұмысына белсене қатысу, т.б.) бірдей жақсы жасауға болмайды. Бірақ бір нәрсені басқалардан жақсы жасаймын деген жастарда ұмтылыс болуы керек.

Қазақ жастарының арасында дарынды және талантты, қабілетті және қарымды жастар көп. Сол әлеуетті сыртқа шығару үшін, халыққа паш ету үшін жастарға қажетті жағдайлар жасау қажет. Бұл — университет ректорының негізгі міндеттерінің бірі. Тараз мемлекеттік университетінде жылдан-жылға студенттік контингенттің сапасы жақсаруда. Оған дәлел, «Болашақ» бағдарламасы бойынша АҚШ, Ұлыбритания, Францияның университеттерінде оқитын жастардың саны көбейді, әр жылы облыс әкімінің шығармашыл жастарға арналған грантын жеңіп алушылар, жас ғалымдардың мемлекеттік стипендияларын иеленушілер қатары артады.

Сонымен бірге, жыл сайын университеттің 10-15 студенті сыртқы академиялық ұтқырлық бағдарламасы негізінде АҚШ, Батыс Еуропа, Орталық Азияның жетекші университеттерінде бір академиялық кезең мерзімінде (4 ай) дәріс тыңдайды. Бұндай

мүмкіндікке біздің жастарымыз тікелей Елбасы саясатының арқасында жетіп отыр. Бірде-бір елде жастар шетелге мемлекеттік бюджет арқылы жіберілмейді. Осындай жағдай тек қана Қазақстанда жасалған. Бүгінгі жастар оны дұрыс пайдалануы қажет.

— Жалпы айтқанда, сіздің ойыңызша Тәуелсіздік құндылықтарының жастарға тигізген игі ықпалы қандай?

— Тәуелсіздіктің арқасында жастарымыз көптеген құндылықтарға ие болды. Мысалы, біз басқа саяси жүйеде тәрбиелендік. Көп мәселелер Орталыққа (Мәскеуге) қарап шешілетін. Кеңес Одағы кезіндегі қазақ жастарының бойында басқа ұлттарға жалтқақта психологиясы, «не болса да, халықпен бірге көреміз» деген менталитет қалыптасты. Құдайға шүкір, Елбасымыздың жастарға деген шынайы қамқорлық саясатының негізінде бүгінгі жастарымыз ондай көзқарастан арылды. Бүгінгі жастарымыз алғыр, келешекке үлкен үмітпен қарайды. Елбасына сенеді, Елбасының саясатын қолдайды. Осы құндылықтардың барлығын жастарымызға тәуелсіздік беріп отыр.

— Аға буын өкілі ретінде жастарға қандай тілек айтар едіңіз?

— Егемен еліміздің арнайы қағида-ның барқытты пердесін тек белсенді, білімді де білікті жастар ғана аша алады. Сондықтан да болашағы зор айбынды Қазақстанның сенім артар азаматтары асқақ рухты алғыр да айбынды жастар десек қателеспейміз. Еліміздің жастарына қай уақытта да үлкен сеніммен қараған Елбасы Н.Ә.Назарбаев өз Жолдауында: «Мен сіздер, бүгінгі жастар, ерекше ұрпақ екендеріңізді қайталаудан жалықпаймын. Сіздер тәуелсіз Қазақстанда өмірге келдіңіздер және сонда ержетіп келесіздер. Сіздердің жастық шақтарыңыздың уақыты — біздің еліміздің көтерілуі және гүлдену уақыты. Сіздер осы жетістіктер рухын және табыстың дағдыларын сақтауыңызды бойларыңызға сіңіріңіздер», деп атап көрсетті. Расында, ұлттың кемел келуіне, бүгінгі жас ұрпаққа артылар ең үлкен міндет — білім мен біліктілік және шынайы патриоттық. Қазақстанның дамуына айтарлықтай үлес қосатын, тәуелсіздігіміздің тамырын тереңдетіп, қазақ елінің атын күллі әлемге паш ететін де осы — жастар!

— Әңгімеңізге рахмет.

Әңгімелескен  
Орхалк ДӘУІТ,  
«Егемен Қазақстан»

ТАРАЗ

## Кең қолдау көрсетілді



Сатыбалды СӘУІРБАЙ,  
«Егемен Қазақстан»

Ақтөбе қаласында ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығы қарсаңында дәстүрлі «Жастар» балы өтті. Салтанатты шараға мекеме басшылары, музыкант, скрипкашы Марат Бисенғалиев, қазақ эстрадасының жұлдыздары,

тележүргізушілер мен студент жастар қатысты.

Шара барысында тұңғыш рет облыс әкімінің 100 мың теңгелік «Жас Ақтөбе» облыстық жастар сыйлығымен ақтөбелік 25 жас марапатталды. «Жас Ақтөбе» облыстық жастар сыйлығы биыл ғана тағайындалды. Сонымен қатар, аймақ басшысы

мүмкіндігі шектеулі дарынды 10 жасты 100 мың теңгелік сертификаттармен марапаттады. Шараның жыл сайынғы ұйымдастырушыларының бірі — М.Оспанов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік медицина университеті әкімшілігі тарапынан ата-анасының қамқорлығынсыз қалған студенттерге

АҚТӨБЕ

ТОЛҒАНДЫРАР ТАҚЫРЫП



## Бала сүюден артық бақыт болмайды

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәлімдеуі бойынша, адам денсаулығына әсер ететін бірнеше факторлар бар. Онда адам денсаулығының 20 пайызы генетикалық, 20 пайызы экологиялық факторларға және 10 пайызы денсаулық сақтау саласына байланысты, ал 50 пайызы адамның өзінің өмір сүру салтына тікелей қатысты делінген. Оны көпшілігіміз білеміз де, бірақ ескере қоймаймыз. Бүгінгі бәсекелестік, нарықтық заманында денсаулығымыз басты байлығымыз екенін сезіне де, мойындай да бермейміз. Осыған байланысты соңғы жылдары қабылданған денсаулық саласындағы мемлекеттік бағдарламаларда адамның денсаулығына өз жауапкершілігін арттыру мәселелері туралы көп айтылады.

Денсаулық сақтау саласындағы ең бір маңызды мәселе бұл — репродуктивтік, яғни ұрпақ өрбіту жағдайы. Медицинаның осы бағытында жұмыс істегеніме 28 жыл болыпты. Сондықтан өз тәжірибеме сүйеніп, біраз жайларды сараптап, қорытындылауға болатын сияқты.

Еліміз ұлан-байтақ, бірақ халық саны жағынан әлі де аз екендігіміз бәрімізге белгілі. Ендеше демографиялық хал-ахуалды жақсарту, беделуліктің алдын алу және оны емдеу мүмкіндіктерін жетілдіру негізгі мәселелердің бірі болуы керек. Жалпы, бұл мәселе дүние жүзінде барлық мемлекеттерде, барлық халықтарда кездеседі.

АХАТ органдарының мәліметінше, 2014 жылы елімізде 401 066 бала туса, 2015 жылы 397 634 жана туған нәресте тіркелінді. Осы екі жылды салыстырғанда, соңғы жылда бала туу 3432-ге азайған. Өрине, бұл көрсеткіштерге әсер еткен әртүрлі себептер бар. Сол себептердің бірі — бала сүюге қол жеткізе алмау, яғни беделулік мәселесі.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметі бойынша, репродуктивтік жастағы әрбір 5-6-шы жұп беделулік проблемасына тап болады, яғни бала туу жасындағы отбасылардың 15-20%-ы әртүрлі себептермен бала сүйе алмайды.

Беделулікке алып келетін себептер әртүрлі. Жоғарыда айтылғандай, көбінесе ерлер мен әйелдердің бұл мәселелермен бетпе-бет келуіне өздерінің өмір сүру салты, мысалы ерте басталған және ретсіз жыныстық қатынастар, байқамай ағзаға суық тигізу салдарынан немесе туылған инфекциялардан болатын қабыну процестерінің орын алуы, аборттар, дер кезінде медициналық көмекке жүгінбеу, тіпті, дұрыс тамақтанбау сияқты жайттар әсер етеді. Одан бөлек экологиялық жағдайлардың, ғылыми-техникалық прогрестің әсері де баршылық.

Басқа аурулар сияқты беделуліктің де алдын алуды бала кезден бастаған жөн. Мәселен, бала кезінде уақтылы қыз баланың бала-лар гинекологына, ұл баланы андролог дәрігеріне апарып, баланың ағзасының, жыныстық жүйесінің дұрыс дамуын, денсаулығында асқину аурулардың бар-жоқтығын тексертіп тұру керек. Баланың кішкентай кезінде беделулікке алып келетін кейбір аурулардың алдын алуға болады. Ата-ана өсіп келе жатқан ұрпақты жастайынан жіті бақылап, баланың денсаулығында қандайда бір ауытқулар болуы байқаса, бірден дәрігерге жүгінуі керек. Қазіргі кезде ер балалар 14-15 жасқа толмаса да махаббат ләззатын татқысы келіп, жыныстық қатынасқа тым ерте түседі. Сондықтан, ұлдарды осы уақытта жіті бақылау маңызды.

Ерте жыныстық қатынасқа түсу себебінен әр түрлі созылмалы жыныстық ауруға шалдығып, бұл өз кезегінде аталық ұрықтың қабынуына келіп, ұрпақ өрбітетін жасқа жеткенде белсіздікке тап болуы әбден мүмкін. Сонымен қатар, ерлердің ұрпақ жалғастыру алмауының тағы басқа біршама себептері бар. Оған еркектер бөлінетін сперматозондтің аз немесе сапасыз болуы, аталық ұрық безіндегі ісік, қант диабеті, созылмалы жұқпалы аурулар мен басқа жағдайлар да әсер етеді. Бірақ ең

осы тізімге қосаға болады. Өрине, әрбір адам өз баласына жақсы өмір сыйлағысы келеді. Білімі сапалы мектепке барса екен, лауазымы жоғары оқу орнына түссе екен, өзгеден еш кем болмаса екен дейді. Сондықтан болса керек, бала тууды кейінге шегеріп қойып, алдымен аяқтан тұрып алуды ойлайды. Бүгінде мұндайлар біздің қоғамда өте көп. Олар 35-40 жастан асқанда балалы болуды жоспарлай бастайды. Бірақ еркек пен әйелдің жасы ұлғайған сайын ұрпақты болу мүмкіндігі нашарлайды. Сондықтан, мұндай жағдай көбіне әйелдерге алғашқы перзентін көтеруге қиындық алып келеді. Міне, соның салдарынан көбісі бедеу, әйтпесе бір баламен қалып жатады. Осы мәселенің өзі демографияға кері әсерін тигізеді. Елдің өсу саны тежеді. Тұрмысты реттейміз деп жүргенде, біраз жасар уақытын зая өткізіп алып, ешқандай алтынға айырбастамайтын балалы болу бақытынан қол үзеді.

Шанырақ көтеріп, артынан ұрпақ қалдыру — әрбір адам үшін бақыт және өмірдің негізгі мақсаты. Көпшілік қарай, сәбидің дауысын есту бақыты барлық отбасына бұйырмаған. Жылдан-жылға мұндай жұптардың саны өсуде. Беделулік пен белсіздік мәселесі ұшығып барады. Сондықтан оның алдын алу өте маңызды.

«Беделулік» деген диагноз өмір бойы бала сүю мүмкіндігі болмайды деген сөз емес. Оны түрлі жолдармен емдеуге болады. Тек бәрі уақытында болса болғаны. Беделуліктің емделетін әйелдердің төрттен үш бөлігі бала сүю бақытына қол жеткізеді. Жүкті болу мүмкіндігінің арнайы мерзімі немесе бір айда бала қояды дегенге 100 пайыз кепілдік жоқ. Жаратылыстың заңы бойынша 20 жастағы әйелдің табиғи жүкті болу қабілеті 1 айға шаққанда 15-20 пайыздай ғана болады. Бұл жерде ең маңыздысы, репродуктолог дәрігерге барып, дұрыс ем-дом қабылдап, балалы болуына сену, сол үшін барлық мүмкіндікті жасау.

Бүгінде беделулікті анықтаудың көптеген тәсілдері бар. Ең алдымен несеп-жыныс жүйесінде инфекциялардың бар-жоқтығы анықталады. Ер адам мен әйелдің қандарындағы гормонды тексеру керек. Әйелдің жатыр түтігінің ұрықты өткізу қабілетін тексеру, ер азаматтың спермограмма — ұрығын жан-жақты зерттеп тексеру қажет. Репродуктивтік медицина саласында беделулікті емдеудің түрлі заманауи әдіс-тәсілдері пайдаланды. Олар әйел мен еркектің беделулігін себебін, емдеудің жолдарын анықтайды. Арнайы дәрігердің көмегіне жүгінбей ешбір адам өзінің беделулігін шешу жолдарын анықтай алмайды. Қазіргі таңда беделуліктің құтылудың түрлі тәсілдері бар. Оған гормондық терапия, жалпы дәрілді терапия, жасанды инсеминация, хирургиялық көмек, экстракорпоралдық ұрықтандыру жатады.

Атам қазақ «бір бала туса, бір түп жусан артық шығарды» деуші еді. Бала санының көп болуы — өзіміз үшін де, еліміз үшін де үлкен бақыт. Адамның басты парызы — дені сау ұрпақты дүниеге әкеліп, дұрыс тәрбиелеу. Сондықтан «ел боламын десем, бесіңді түзе», деген гой бабаларымыз. Еліміздің демографиясын көркейту, ұрпақ жалғастыру ең алдымен, жаратқан иеміздің, ал одан кейін өзіміздің қолымызда.

Салтанат БАЙҚОШҚАРОВА,  
Қазақстан Республикасының  
Президенті жанындағы Әйелдер  
істері және демографиялық  
саясат жөніндегі ұлттық  
комиссияның мүшесі,  
биология ғылымдарының  
докторы, «Жомед» адам  
ұрпағын өрбіту клиникасының  
ғылыми басшысы





29 ҚАРАША  
2016 ЖЫЛ

ЖАЗЫЛАҒАН ЖАЙДЫҢ ЖАНҒЫРЫҒЫ

## Көше атаулары ауыстырыла бастады

«Егемен Қазақстан» газетінің 3 қарашадағы санында «Солтүстік социализммен неге қоштаспайды?» атты мақала жарық көріп, өңірдің отаршылдық Ресейді, кеңестік заманның тоталитарлық белгілерін еске түсіретін атаулардан әлі арылмай отырғаны сыңға алынған болатын.


**Өмір ЕСҚАЛИ,**  
«Егемен Қазақстан»

Газеттің ұсынысынан жергілікті билік ескерген болу керек, жуырда Петропавл қалалық мәслихатының тұрақты комиссиясы қоғамдық тыңдалым өткізіп, бірқатар көшелердің атын ауыстыру, жаңа есімдер беру мәселесін талқылады.

Жария тыңдауға дейін көше атауларының тарихы жан-жақты зерттеліп, тұрғындардың ой-пікірлері жете ескерілді. Алдағы уақытта да Тәуелсіздігімізбен үш қайнасы сарпасы қосылмайтын жер-су атаулары өзгертілетін болады. Сакко және Ванцетти,

жердестеріміздің есімдерін беру жөніндегі ұсыныс бірауыздан қолдау тапты. Қауіпті қылмыскерді ұстау кезінде ерлікпен қаза тапқан полиция майоры Алексей Щербаковтың да есімі ұмытпайтын болды.

Жария тыңдауға дейін көше атауларының тарихы жан-жақты зерттеліп, тұрғындардың ой-пікірлері жете ескерілді. Алдағы уақытта да Тәуелсіздігімізбен үш қайнасы сарпасы қосылмайтын жер-су атаулары өзгертілетін болады. Сакко және Ванцетти,



Клара Цеткин, Володарский, Халтуриннің өңірімізге қандай қатысы бар? – деді жайшылықта бүйректен сирақ шығаруға бейім қалалық мәслихаттың депутаты Павел Афанасьев бұл жолы ерекше белсенділік танытты.

Өңірімізге мүлдем қатысы жоқ, болмаса ешқандай мән-мағынаға ие емес атаулардан көз сүрінетін рас. Мәселен, облыс орталығында бір Сенная атауында – 6, Кирпичная деп аталатын 4 көше бар. Жиында Бесінші Сенная көшесін атақты спортшы

Қазбек Байболовтың, Явленка тасжолына Қожаберген жыраудың есімін беру туралы шешім еш қарсылықсыз қабылданды. Тыңдалымға қатысушылардың бірі Жадыра Қарағожина Алаш көсемі Әлихан Бөкейхановты да ұлықтау мәселесін қозғайды.

Әрине, көше атауларын бір мезетте қалыпқа келтіру мүмкін емес. Десекте, те, атауларды жаңарту қажеттігін халық қалаушылары түсінген сыңайлы.

*Солтүстік Қазақстан облысы*



**Нәзира ЖӘРІМБЕТОВА,**  
«Егемен Қазақстан»

Онда облыстық тілдерді дамыту басқармасының басшысы Жанболат Ұмбетов сөйлеп, бір кездері өңірде табалдырықтан қарап қалған аса тіліміздің бүгінде қайта өркендеуі Тәуелсіздіктің арқасы екенін айтты. Ең алдымен қазақ тілі мемлекеттік тілге айналды. Облыс өңіріндегі аудан, қалалардың барлығында қазақ тілінде білім беретін мектептер жұмыс істейді. Бір Рудныйдың өзінде үш қазақ мектебі бар.

Облыста мемлекеттік тілдің өрістеуі үшін тіл үйрену орталықтары ашылған. Ондай орталықтардың саны бүгінде 18-ге жеткен. Онда қазақ тілімен қатар ағылшын тілі, ұлттық-мәдени орталықтардың тілегімен неміс, украин, корей, татар, эзербайжан тілдері оқытылады.

Облыс өңірінде мемлекеттік тілді үйренуге жастардың ықыласы да, белсенділігі де жоғары. «Абай оқулары», О.Бөкей атындағы мәнерлеп оқу байқауларының облыстық, республикалық деңгейлеріне облыстан қатысып, жүлде алып жүрген өзге ұлт өкілдері көбейіп келеді. «Тіл дарын» клубының белсенділері де негізінен қазақ тілін үйреніп алған, мемлекеттік тілде сөйлейтін өзге ұлт жастарынан тұрады.

– Менің қазақ тілін меңгеруіме ата-анамның еңбегі зор. Елбасы Қазақстанның болашағы қазақ тілінде екенін айтып келеді. Мені оқуға қазақ мектебіне бергені үшін ата-анама алғысым шексіз, – деді таза қазақ тілінде сөйлеген А.Байтұрсынов атындағы университеттің студенті Ольга Тихова. Бір қызғығы, облыстың жергілікті ұлт саны аз Федоров,

Жігітқара, Ұзынкөл секілді аудандарында жастардың мемлекеттік тілді үйренуге деген құштарлығы жақсы. Дмитрий Ромашенко өскен Федоров ауданында қазақтардың саны 18 пайыз ғана. Талапты жас қазақ тілін өз бетімен үйреніп, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің қазақ филологиясы мамандығын тәмамдап, қазір өзінің туған жеріндегі қазақ мектебінде ұстаздық етеді. Мұндай мысалдар жеткілікті. Облыста жастардың қазақ тілінде өнер көрсететін КВН командаларының саны жүзге жетіп жығылады екен.

Жастардың тілге деген ықыласы мен жұмысынан мемлекеттік тіл мерейлене түскендей және оның жарқын болашағы да көрінгендей болады.

*ҚОСТАНАЙ*

## Бүгінгі ұрпақ – елдің ертеңгі тірегі

Оңтүстікте «Тәуелсіздік құрдастары» атты республикалық жастар форумы өтті

Тәуелсіздік – тәтті ұғым ғана емес, еркіндік аңсаған ата-бабаларымыздың ғұмырлық армандарының жүзеге асқандығы, азат Қазақстанның нұрлы ертені. Тарих үшін 25 жыл қас-қағымдай ғана уақыт болғанымен, Қазақстан осындай қысқа уақытта кейбір мемлекеттің ғасырлап басатын баспалдақтарынан өтті. Тәуелсіздік құндылығын бүгінгі жастарымыз біліп өсуі керек.

**Бақтыяр ТАЙЖАН,**  
«Егемен Қазақстан»

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінде «Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлер кәсіподағы» қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен Тұңғыш Президент күнінің аясында, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай өткен «Тәуелсіздік құрдастары» атты республикалық жастар форумы осындай ізгі ниетті негізге алған. Аталған іс-шараға қоғам қайраткерлері, Елбасымен бірге оқыған жолдастары, жергілікті билік органдарының өкілдері, республиканың жас кәсіподақ белсенділері, салалық кәсіподақ бөлімшелері құрылымдарының жетекшілері, оңтүстік өңірдің студент жастары мен ұстаздар қауымы қатысты.

Аталған жастар форумының негізгі мақсаты – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың ел дамуы стратегиясындағы басым

бағыттарда белгіленген тапсырмаларды жүзеге асыру, Парламент палаталарының бірлескен отырысында ел тарихы үшін аса маңызды құжат болып табылатын «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығы Декларациясына» қолдау көрсету, жастар саясатын дамытуға, толеранттылық негіздеріне сүйене отырып азаматтық қоғамды нығайту, сонымен қатар, республиканың кәсіподақтар қозғалысын жетілдіруге жастардың белсенді қатысуын қамтамасыз ету.

Форум Қазақстанның Әнұранымен ашылып, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев туралы бейнефильм ұсынылды. Алғашқы сөз Қазақстан салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының төрайымы Майра Амантаеваға берілді.

– Елбасымыздың өмірі – жастарға үлкен өнеге, – деді Қазақстан салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының төрайымы Майра Тұрғанқызы. – Біз жастарға үлкен ағалары Махмұт

Қасымбековтің Елбасы туралы жазған кітаптарын оқытуға жүйелі жұмыс жасап келеміз. Өйткені, Тәуелсіздік пен Елбасы егіз ұғымға айналып кетті. Бүгінгі жастар ширек ғасырдан бері ешқандай алаңсыз жағдайда өмір сүріп жатыр. Бодандық, өзге елге кіріптар болудың не екендігін білмейді. Бұл – Тәуелсіздіктің жемісі. Енді осы жастар оны баяндай ету үшін ерінбей еңбек етулері керек. Біздің мақсат осыған негізделеді.

Салтанатты кеште Кәсіподақтар федерациясы төрағасының орынбасары Мұхаммет Төлеуғазин, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің бірінші проректоры, профессор Жамбыл Айменов, Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентімен бірге оқыған жолдасы, академик Қайрат Исламқұлов және Салалық кәсіподақтардың жастар кеңесінің мүшесі Болат Қалиев сөз сөйледі.

Форум барысында «Ең үздік жас кәсіподақ белсенділері», «Ең үздік плакат» атты байқаудың және «Ең үздік кәсіподақ жобасының» жеңімпаздарын марапаттау салтанаты өтті. «Әлеуметтік желі негіздері», «Жастар арасында кәсіпкерлікті дамыту», «Мен – көшбасшымын!» атты секциялық отырыстар ұйымдастырылды. Сондай-ақ, Президент Әкімшілігінің көмегімен ұйымдастырылған Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев туралы кітаптар форум қатысушыларына үлестірілді.

Форумда «Тәуелсіздік құрдастары» атты республикалық жастар форумының үндеуі қабылданып, соңы патриоттық әндерге ұласты.

*ШЫМКЕНТ*

## Жылдар жетістігін паш етті



4 қараша күні Талдықорғанда басталған патриоттық шара бұған дейін еліміздің басқа да өңірлерін аралап өтіп, Павлодарға да келіп жетті. Облыс орталығында осындай тақырыпта өткен шараға жастар жоғары оқу орындары мен колледж студенттері, жастар ұйымдарының өкілдері, «Қазақстан алюминийі» АҚ пен Павлодар мұнай-химия зауыты және басқа да өндірістік кәсіпорындарда еңбек етіп жүрген жұмысшы жастар қатысты.

**Фарида БЫКАЙ,**  
«Егемен Қазақстан»

Патриоттық шарада сөз алған жергілікті ҚХА жастар қанатының қошбасшысы, «Қоғамдық келісім» – республикалық мемлекеттік мекемесінің бас сарапшысы Максим Споткай: «Эстафетаның басты символы «Жастар жетістіктерінің кітабы» желтоқсан айының басында Мемлекет басшысына табысталады. Ал бүгін эстафетаны қостанайлықтардан павлодарлықтар қабылдап алды. Бұл

естелік, мерейтойлық кітапқа біздің жастарымыз да өздерінің жетістіктерін жазуда», – деді.

Сонымен, Қазақстан халқы Ассамблеясының бастамасымен өткен бұл шараның мақсаты – еліміздің барлық өңірлеріндегі жастардың тәуелсіздік жылдарындағы жетістіктерін паш ету және олардың осы жылдар ішінде еліміздің өркендеуіне қосқан үлестерін көрсету. Өңірде жастардың әлеуметтік проблемаларын шешу, олардың бас-тамаларын қолдау және жастар

саясатының институттығын нығайту, жұмыссыздық деңгейін төмендету.

– Ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығы аясында өткізіліп отырған патриоттық шараның маңызы да ерекше. Біздің жастар да өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосуда. Олардың арасында үкіметтік емес ұйымдардың көшбасшылары, мемлекеттік қызметкерлер, депутаттар бар. Облыстағы «Дипломнен – ауылға» бағдарламасы бойынша 1042 жас ауылға барып қызмет істеуде, 800-ге жуық жас шағын бизнесін ашып үлгерді. Ал «Қолжетімді тұрғын үй-2020» бағдарламасы арқылы өткен жылы көптеген жас отбасылары үйлі болды, – деді жастар орталығының басшысы Саят Жүсіпбаев.

– Біздің еліміз тұрақтылық пен бейбітшілікте өмір сүруде. Өртүрлі ұлт өкілдері осы елдің өркендеуі үшін үлес қосуда. Достық, бірлік бар жерде берекесі, байлық, қуаныш бар. Өңірдегі Ассамблея жанынан 15 этностық жастар бірлестіктері құрылған, – деді облыстық Ассамблея жанындағы жастар бірлестігі кеңесінің басқарушысы Элина Паули. Тәуелсіздікке қол жеткен жылдары туған бұл ұл-қыздар – бүгінгі еркін елдің ертені. Бұл шара – студенттер, жұмысшылар, ауыл жастарына, басқа да жастарға үлгі.

*ПАВЛОДАР*

*Суретті түсірген  
Мақсат АЙТБАЙ*



**Күрметті кәсіпкерлер!**  
**«Атамекен» УҚН сіздерді «Іскерлік байланыстар» жобасына қатысуға шақырады**

Жоба «Бизнестің жол картасы-2020» бизнесіне қолдау және дамытуға Бірінші бағдарламасы шеңберінде жүзеге асырылады:

1 кезең. Біліктілікті арттыру және кәсіпкерлікті, маркетингті жүргізудің заманауи әдістерімен оқыту, бизнес-әріптестерімен іскерлік байланыстарды орнату (шетелдік және отандық бизнес-тренерлердің және консультанттарының) бойынша 3 апталық бизнес-тренингтер.

2 кезең. Шетелдегі ұқсас бейіндегі кәсіпорындарда 4 апталық тақырыптық бизнес-танымалдамадан өту және технологиялар трансферті және жабық сауып алу, тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің және т.б. өзара жеткізілім мәселелері бойынша шетелдік әріптестерімен іскерлік байланыстарды орнату.

Бизнес-тренингтерге және шетелдік тағалымдамаға қатысу өтеусіз негізде жүзеге асырылады. Қосымша ақпарат алу үшін кәсіпкерлердің өңірлік палаталарына немесе байланыс-орталыққа 59-79-60 телефоны арқылы хабарласыңыз (кез келген қаладан қоңырау шалу тегін). [www.palata.kz](http://www.palata.kz)

**Уважаемые предприниматели!**  
**НПН «Атамекен» приглашает вас принять участие в проекте «Деловые связи»**

Проект реализуется в рамках Единой программы поддержки и развития бизнеса «Дорожная карта бизнеса 2020» и состоит из двух этапов:

1 этап. 3-х недельные бизнес-тренинги по повышению квалификации и обучению современным методам ведения предпринимательства, маркетингу, установлению деловых контактов с бизнес-партнерами (под руководством иностранных и отечественных бизнес-тренеров и консультантов).

2 этап. 4-х недельная тематическая бизнес-стажировка за рубежом на предприятии аналогичного профиля и установление деловых связей с иностранными партнерами по вопросам трансфера технологий и приобретения оборудования, взаимной поставки товаров, работ и услуг и т.д.

Участие в бизнес-тренингах и зарубежной стажировке осуществляется на безвозмездной основе.

За дополнительной информацией обращаться в региональные палаты предпринимателей либо в контакт-центр 59-79-60 (бесплатно из любого города). [www.palata.kz](http://www.palata.kz)

Уменьшение Уставного капитала TOO «BEAG Development» с 1 942 064 011 тенге до 737 984 324 тенге, путем уменьшения долей участия в составе учредителей TOO «BEAG Development»: Утеуова Ербоздақа на сумму что составляет – 407 833 442,40 (четырееста семь миллионон восемьсот тридцать три тысячи четырееста сорок две) тенге 40 тын. Сабировна Айдар Данаеновича на сумму что составляет – 388 412 802,29 (триста восемьдесят восемь миллионон четырееста двенадцать тысяч восемьсот две) тенге 29 тын. И в связи с выходом из состава учредителей и полным погашением доли участия TOO «Глобал Рeал Менеджмент» на сумму что составляет – 407 833 442,31 (четырееста семь миллионон восемьсот тридцать три тысячи четырееста сорок две) тенге 31 тын.

шакты күйдің авторы болғанын алға тартты.

Белгілі мәдениеттанушы Зира Наурызбаева Шәкір тұлғасының феномені ретінде оның барлық азапты, яғни қоғамдық өмірдегі, жеке тағдырындағы жан ауыртар жағдайларды қайыспай көтере білуін, оған қоса, халықтың да еңсесін түсірмеуге ат салысуын атап өтті. Қазіргі жастардың осындай адамдарды үлгі тұтуы керектігіне мән берді.

Филология ғылымдарының кандидаты Иманғазы Нұрахмет Шәкір Әбеновті үш ішкі домбыра мен соның күйін XX ғасырға жеткізген бірден-бір адам ретінде

атады. Бұл тұрғыдан келгенде Ұлттық музейдің «Халық қазынасы» ғылыми-зерттеу институтының қызметкері Рүстем Нұркен шығарған «Шәкір Әбеновтің күй мұрасы» атты кітабының үш ішкі домбыраға арналған, сондай-ақ, Шәкір Әбеновке арналған тұңғыш зерттеу екеніне тоқталды. Ал автордың өзі Шәкір Әбенов күйлерінің ерекшелігі ретінде Еуропа музыкасында кездесетін сарындардың молдығын келтірді. Кезінде атакты музыка зерттеушісі Б.Ерзакович нотаға түсірген 9 күйді үш ішкі домбыраға лайықтап қайта нотаға түсіргенін, ізденістің нәтижесінде басқа да күйлерін айналымға енгізгенін, бұл күнде Шәкір Әбенов күйлерінің саны 19 болғанын айтты.

«Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Көлік комитетінің кейбір республикалық мемлекеттік қазыналық су жолдары кәсіпорындарын қайта ұйымдастыру және «Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің кейбір мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 995 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 28 қарашадағы № 744 қаулысына сәйкес, Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Көлік комитетінің «Атырау су жолдары кәсіпорны» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (БСН 961040000169), Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Көлік комитетінің «Қазақстан су жолдары» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнына қосылу жолымен қайта құрылуын хабарлаймыз.

Наразылықтар хабарлама жарияланған күннен бастап 2 ай мерзімде Атырау облысы, Атырау қ. А. Байжігітова көшесі, 64 мекенжайы бойынша қабылданады, тел. 8 (7122) 31-61-18.

В соответствии с постановлением Правительства Республики Казахстан от 28 ноября 2016 года № 744 «О реорганизации некоторых республиканских государственных казенных предприятий водных путей Комитета транспорта Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан и внесении изменений и дополнения в постановление Правительства Республики Казахстан от 19 сентября 2014 года № 995 «Некоторые вопросы Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан», сообщаем о реорганизации республиканского государственного казенного предприятия «Атырауское предприятие водных путей» Комитета транспорта Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан (БИН 961040000169), путем слияния в республиканское государственное казенное предприятие «Қазақстан су жолдары» Комитета транспорта Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан.

Претензии принимаются в течение 2 месяцев со дня получения данного уведомления, по адресу: Атырауская область, г. Атырау, ул. А. Байжигитовой, 64, тел. 8 (7122) 31-61-18.

«Сене-1» ЖШС (бұдан әрі – серіктестік) серіктестік қатысушыларының кезектен тыс жалпы жиналысын 30.12.2016 жылғы сағат 10.00-де «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» 1998 жылғы 22 сәуірдегі №220-І ҚР Заңының 47-бабында қарастырылған тәртіпте (бұдан әрі – Заң) мына мекенжайда өткізу туралы өз қатысушыларына хабарлайды: Ақмола облысы, Атбасар ауданы, Сене а.

Құн тәртібінде мынадай мәселелер қаралады: 1. «Цеснабанк» АҚ ұсынатын шартпен, 18.02.2014 ж. №120/0025-14; 13.11.2014 ж. №120/0344-14; 17.11.2014 ж. №120/0347-14 (бұдан әрі – займ шарттары) Банктік займ шарттарына, 16.10.2014 ж. №120/0025-14/1; 16.10.2014 ж. №120/0025-14/2 (бұдан әрі – кепілдік шарты) кепілдік үлесі туралы шартқа, 05.04.2013 ж. №120/5687-12/4 ипотекалық шартқа, 24.09.2014 ж. №120/0025-14/3, 24.09.2014 ж. №120/0025-14/4 ипотекалық шартқа «Цеснабанк» АҚ және «Сене-2012» ЖШС арасында жасалған қосымша келісімдерді, «Цеснабанк» АҚ ұсынатын шартпен 15.02.2017 жылға дейін займ шарттарының қолданыстағы мерзімін ұзартуға байланысты жасалатын келісімдерді мақұлдау туралы.

2. Займ шарты бойынша «Цеснабанк» АҚ алдындағы өз міндеттемелерін серіктестіктің орындамауы/тиісті орындамауы жағдайында кепіл шарттары бойынша кепілге берілген/берілетін мүлікті соттан тыс сатуға құқықты «Цеснабанк» АҚ-қа беру туралы.

Серіктестік қатысушыларының жалпы жиналысы Заңның 45-бабының 1-тармағындағы талаптарына сәйкес өткізіледі.

ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті 2016 ж. 11.11 №217 (28945) «Егемен Қазақстан» газетінде «ҚР БҒМ Ұлттық тәстілеу орталығы» РМҚК директоры лауазымына орналасуға жарияланған конкурстың болмайтындығы туралы хабарлайды. Тел: 8/717-24 74-23-78.

Комитет по контролю в сфере образования и науки МОН РК объявляет об отмене конкурса на занятие должности директора РКК «Национальный центр тестирования МОН РК», опубликованного в газете «Егемен Қазақстан» №217 (28945) от 11.12.2016 г. Тел: 8/717-24 74-23-78.

Сельский потребительский кооператив водопользователей «Теректы Су» согласно Закона «О сельскохозяйственных кооперативах» №372-V от 29.10.2015 г. прекращает свою деятельность.

**Егер сіз «Егемен Қазақстан» газетіне жарнама бергіңіз келсе, мына телефондарға хабарласыңыз:**

**Астана 37-64-48, 37-60-49. Электронды пошта: [advert@egemen.kz](mailto:advert@egemen.kz)  
Алматы 273-74-39, ф. 341-08-11. Электронды пошта: [adv@egemen.kz](mailto:adv@egemen.kz)**

Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі Әкімшіліктің қызметкері Гүлнәз Манарбекқызы Қажиеваға аңыз

**ӘДІС САРҚЫТБАЙҚЫЗЫНЫҢ**  
қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

«Егемен Қазақстан» республикалық газеті» АҚ ұжым басшының бұрынғы қызметкері Бақыт Балғаринаға ағса, белгілі тарихшы-ғалым

**Көпші ЕСҚАМБЕТОВТІҢ**  
қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады



## ТАҒЫМ

## Алаштың абызына ас берілді



Астанадағы Radisson қонақ үйінде қазақ әдебиетінің классигі, Еңбек Ері Әбіш Кекілбаевтың жылдық асы берілді. Өзі бір кездері басшылық жасаған «Егемен Қазақстан» газеті редакциясының ұйымдастыруымен өткен шараға 500-ден астам адам жиналды. Олардың қатарында лауазымды тұлғалар, мемлекет және қоғам қайраткерлері, зиялы қауым өкілдері және жазушының ет жақын ағайындары болды.

**Гүлнұр ҚУАНЫШБЕКҚЫЗЫ,**  
«Егемен Қазақстан»

«Алаштың абызы» атанған жазушының қайтыс болуына жыл толуына орай өткен қонақасыда жүрекжарды естеліктер, кимас сөздер көптеп айтылды. Алғашқы

лекте сөз алған Мемлекеттік хатшы Гүлшара Әбдіқалықова «Әбіш ағамыздың «Шыңырау», «Үркер», «Елең-алаң» шығармалары халқымыздың азаттыққа ұмтылысын көрсетті. Олар әлем әдебиетінің алтын қорына кіретін туындылар», деді. Мемлекет және қоғам қайраткерлері Мырзатай

Жолдасбеков пен Өмірбек Байгелди, ҚР ҰҒА академиктері Серік Қирабаев пен Кенжеғали Сағадиев, Мәжіліс депутаттары Қуаныш Сұлтанов пен Бақтықожа Ізмұхамбетов, Қазақстан Жазушылар одағының төрағасы Нұрлан Оразалин қаламгер туралы естеліктер айтып, оның қайраткерлік қырларын, сондай-ақ адамгершілік болмыс-бітіміне тән дара да дегер қасиеттерін тілге тиек етті. Маңғыстау облысының әкімі Алик Айдарбаев жазушыны есте қалдыру мақсатында аймақта қолға алынып жатқан шаралар туралы сөз қозғалды.

Ас барысында Әбіш Кекілбаев туралы деректі фильм көрсетілді. Қонақтарға қаламгердің күні кеше ғана «Егеменнің кітапханасы» сериясымен баспадан шыққан, басылым бетінде жарық көрген мақалалары жинақталған «Дәуір дауысы» кітабы тарту етілді.

Ас соңында жиылған жұртшылыққа жазушының жары Клара Жұмабайқызы ризашылық сөзімін білдірді. Сондай-ақ, осы күні Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде Әбіш Кекілбаев атындағы аудитория ашылды.

## «Қызғалдақ» стелласы қалаға көрік береді

**Сатыбалды СӘУІРБАЙ,**  
«Егемен Қазақстан»

Сонғы кездері қалада әр түрлі композициялық стеллалар, басқа да эстетикалық мәні бар нысандар бой көтеріп, шаһарды шырайландыра түседі. Ақтөбе – кітап кейіпкерлеріне ескерткіш орнатылған еліміздегі бірден-бір қала. Абай даңғылы бойында Қазақстанның халық жазушысы Әбдіжәміл Нұрпейісовтің «Қан мен тер» романының кейіпкерлеріне орнатылған ескерткіш ақтөбеліктердің ең жиі бас қосатын орны болып табылады. Бұған дейін «Шератон» қонақ үйінің жанында «Домбай» ескерткіші орнатылғанды. Оның биіктігі небәрі 6,3 метр болатын.

Жақында бой көтерген №12 шағын аудандағы айналма жолдың бойындағы «Қызғалдақ» стелласының биіктігі 25 метр болады. Оның түл өзегінің диаметрі

1,4 метр, жалпы фундаментінің салмағы 215,4 тонна, ал құрас-тырмасы 7 тоннаны құрайды. Ақтөбенің басты символы «Қызғалдақ» стелласы Тәуелсіздіктің 25 жылдығына арналып салынған. Биыл бұдан басқа қалада әуенді субұрқак және сағат сынды нысандар салынып, көшелерге көрік беріп тұр.

№11 шағын аудандағы құрылысы жүріп жатқан хоккей модулі де еңселі спорт нысаны болғалы тұр. Ол келер жылдың наурыз айында пайдалануға беріледі. Нысанға атау халық арасында конкурс өткізу арқылы берілетін болады. Жалпы алғанда, мемлекеттік-жекеменшік серіктестік аясында 10 нысанның құрылысы жүргізілуде.

## АҚТӨБЕ

*Суретті түсірген*  
**Хайреден РАУШАНОВ**

## Азаттық символын айшықтайды

Алматы жастары айға жуық Республика алаңындағы Тәуелсіздік монументінің алдында селфи жасауды сөнге айналырмалы. Жастыққа тән жарасымды үрдіс Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күніне орай, қаладағы MEGA Park сауда, ойын-сауық орталығында студенттердің флешмобына ұнасты.

**Айнаш ЕСАЛИ,**  
«Егемен Қазақстан»

«Тәуелсіздік монументіндегі селфи» 15 желтоқсанға дейін жалғасады. Бұл бастамаға 1991 жылы туған еліміздің танымал өнер майталмандары мен спорт саңлақтары белсенді қатысып, өздерінің Тәуелсіздікке қосқан үлесін насихаттайды. Осылайша жастар азаттық символы – Тәуелсіздік монументінде селфи

жасау арқылы елжандылықты әлеуметтік желілер арқылы жарнамалауды көздеп отыр.

Селфиді тәуелсіздік құрдастары – жас іскер «Bugin Group» компаниясының коммерциялық директоры, «Gortyres.kz» ЖШС директоры Қуаныш Сейсембаев пен «Жайдарман» ойындарының жеңімпазы, актер Нұрсұлтан Жақысенов бастап, замандастарына эстафета жолдады.

Бұл іс-шаралардың тиімді өтуіне Алматы қалалық «Жас Отан» жастар қанаты мен «Алматы қалалық музейлер бірлестігі» КМҚК мекемесі ат салысуда.

Өрине, акцияның мақсаты жай ғана селфи емес. Тәуелсіздіктің символындай болған монументке тағзым ету, өзге жастарды да патриоттық іс-шараға шақыру. Акция қатысушысы селфи жасай отырып, ортақ мерекеге деген өзінің құрметін көрсетіп, Отанға деген лебіздері мен тілектерін әлеуметтік желіге #монумент25каз хэштегімен салады.

## АЛМАТЫ



**Егемен Қазақстан**

Жалпыұлттық республикалық газет.  
1919 жылғы 17 желтоқсаннан шыға бастады.

**Меншік иесі:**  
«Егемен Қазақстан» республикалық газеті» акционерлік қоғамы  
Басқарма төрағасы  
**Дархан ҚЫДЫРӨЛІ**

Басқарма төрағасының орынбасары  
**Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактор  
**Амантай ШӨРІП**

## Мекенжайымыз:

010008 АСТАНА, «Егемен Қазақстан» газеті көшесі, 5/13  
050010 АЛМАТЫ, Абылай хан даңғылы, 58а

## Анықтама үшін:

Астанада: АТС 37-65-27, факс 8 (7172) 37-19-87;  
Электронды пошта: info@egemen.kz

Интернет-редакция: rota@egemen.kz

Алматыда: 8 (727) 273-07-97, факс 8 (727) 273-07-87;  
Электронды пошта: almaty@egemen.kz

## Жарнама-ақпарат бөлімі:

Астанада – 8 (717 2) 37-60-49, 37-64-48, advert@egemen.kz

Алматыда – 8 (727) 273-74-39, факс – 273-07-26, adv@egemen.kz

Материалдың жариялану ақысы төленген. Жарнама, хабарландырудың мазмұны мен мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газеттің жеткізілуіне қатысты сұрақтар үшін байланыс телефоны: 1499 («Қазпошта» АҚ)

## Меншікті тілшілер:

Астана – 8 (717-2) 37-54-21;  
Ақтау – 8 (701) 593-84-78;

Ақтөбе – 8 (713-2) 56-01-75;  
Талдықорған – 8 (728-2) 27-05-70;

Атырау – 8 (712-2) 31-74-13;  
Көкшетау – 8 (716-2) 25-76-91;

Қарағанды – 8 (777) 949-64-77;  
Қостанай – 8 (714-2) 21-01-42;

Қызылорда – 8 (701) 772-70-74;  
Орал – 8 (775) 336-47-57;

Өскемен – 8 (778) 454-86-11;  
Павлодар – 8 (718-2) 54-31-56;

Тараз – 8 (726-2) 43-37-33;  
Шымкент – 8 (701) 362-63-76;

Петропавл – 8 (715-2) 50-72-50.



## Газет мына қалалардағы:

Астана қ., Сілеті к-сі, 30, «Егемі» Медиа холдингі» ЖШС, Алматы қ., Гагарин к-сі, 93 А, «Дәуір» РПБЖ ЖШС, Қарағанды қ., Сәтбаев к-сі, 15, «Политграфия Ақс» ЖШС, Қостанай қ., Мәулен к-сі, 16, «Костанай полиграфия» ЖШС, Қызылорда қ., Байғұс к-сі, 49, «Экспертсервис» ПФ» ЖШС, Ақтау қ., 22-а/а, «Caspary Print» ЖШС, Ақтөбе қ., Рысқұлов к-сі, 190, «А-Полиграфия» ЖШС, Атырау қ., Ж.Молдағалиев к-сі, 29 А, «Атырау-Апарат» ЖШС, Шымкент қ., Т.Өлтімқұлов к-сі, 22, «Егемі print» ЖШС, Павлодар қ., Ленин к-сі, 143, «Дом печати» ЖШС, Тараз қ., Төле би д-лы, 22, «ЖЕО-Сенім» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба дан., 215 А, «WESTA» ЖШС, Талдықорған қ., Алматы қаласы, Мұқанов к-сі, 223 В, «Алматы-Болашақ» АҚ, Өскемен қ., Абай д-лы, 20, «Печатное издательство-агентство Рекламный ЖШС» ЖШС бастаханаларында басылып шықты.

## Индекс 65392. Аптасына 5 рет шығады.

«Егемен Қазақстан» республикалық газеті» АҚ компьютер орталығында теріліп, беттелді. Кәлемі 8 баспа табық. Нөмірдегі суреттердің сапасына редакция жауап береді. «Егемен Қазақстанда» жарияланған материалдарды сілтемесі көшіріп басуға болмайды.

**Газетті есепке қою туралы**  
№01-Г куәлікті 2007 жылғы 5 қаңтарда Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі берген.  
«Егемен Қазақстан» республикалық газеті» АҚ ҚР СТ ИСО 9001:2009 Сапа менеджменті жүйесі. Талаптар» талаптарына сәйкес сертификатталған.

## Таралымы 183 000 дана

**Нөмірдің кезекші редакторлары**  
Сеңгірпапа ШАЙЫНҒАЗЫ, Гүлнұр КӨКМІЖАНОВА



## Павлодар рингі күштілерді анықтады

Павлодарда бокстан Қазақстан біріншілігі мәресіне жетті. Еліміздің барлық аймағынан келген былғары қолғап шеберлері он салмақ бойынша өзара мықтыны анықтады.

**Алмас МАНАП,**  
«Егемен Қазақстан»

Сенбі күні жарыстың жартылай финалдық кездесулері өтті. Бұл жерде барлығы тізбектемей-ақ, тек 56 килодағы бәсеккеге тоқталсақ. Осы салмақта бас сынаған Қайрат Ерәлиев пен Ілияс Сүлейменовтің ұрысы жанкүйерлердің айызын қандырды. Финалға татитын жекпе-жек дерсің... Жаңа салмаққа ауысқан І.Сүлейменовтің асығыстау қимылдағаны болмаса, жеңіске деген жігері көпшіліктің көңілінен шықты.

Алғашқы раундта Қ.Ерәлиев белсенділік танытып, бірінші нөмірмен өнер көрсетті. Ал келесі кезеңде Сүлейменов жойқын соққыларымен таразы басын теңестіргендей еді. Әйткенмен, соңғы раундта көптен бері осы салмақта ысылған Ерәлиев өзіне сенімді көрінді. Төрешілер де шымкенттік

жігіттің 29:28 есебімен жеңіске жеткенін айтқаптар берді.

Сонымен, жартылай финалда жиырма боксшы іріктеліп, ақтық айкасқа беттеді. Турнирді аса жеңіл салмақтағы Теміртас Жүсіпов пен Жомарт Ержан бастады. Шайқас тартысты өткеніне қарамастан, бұлардың біріншісі 3:0 есебімен ұтты. 52 килода Азамат Исақұлов топ жарса, Оңтүстіктен келген Қайрат Ерәлиев (56 кг) финалда қарсыласын қиналмай жеңді. Өскемендік Әділет Құрметов те (60 кг) осымен екінші мәрте ел чемпионы атанды. Сондай-ақ, алтыннан алқа таққан Бекдәулет Ибрагимов (64 кг) пен жас пері Абылайхан Жүсіповтің (69 кг) шеберліктерін ерекше атап өтуге болады. 75 килода сынға түскен Әбілхан Аманқұл жойқын соққыларын қарсыластарына доп тигізіп жүріп, биік тұғырдан көрінді.

## ЧЕМПИОНДАР ТІЗІМІ

**49 кило.** Теміртас Жүсіпов – Ақмола облысы. 1988 жылы туған. Бокспен шұғылданғанына – 8 жыл. Қазақстанның 3 дүркін (2013, 2014, 2016 ж.ж.) чемпионы, Азия чемпионы (2013 ж.).

**52 кило.** Азамат Исақұлов – Маңғыстау облысы. 1991 жылы туған. Боксты 11 жылдан бері серік етеді. Қазақстан чемпионы (2011, 2016 ж.ж.). Қазақстан Спартакиадасының финалисі (2015 ж.).

**56 кило.** Қайрат Ерәлиев – Оңтүстік Қазақстан облысы. 1990 жылы туған. Бокспен шұғылданғанына – 10 жыл. Әлем біріншілігінің қола жүлдегері (2013 ж.), Рио Олимпиадасына қатысушы.

**60 кило.** Әділет Құрметов – Шығыс Қазақстан облысы. 1994 жылы туған. 11 жылдан бері бокспен айналысып келеді. Қазақстан чемпионы (2013, 2016 ж.ж.).

**64 кило.** Бекдәулет Ибрагимов – Оңтүстік Қазақстан облысы. 1995 жылы туған. Бокспен шұғылданғанына – 5 жыл. Қазақстан Спартакиадасының жүлдегері (2015 ж.). Спорт шебері.

**69 кило.** Абылайхан Жүсіпов

– Қарағанды облысы. 1997 жылы туған. Жасөспірімдер арасында әлем чемпионы. Боксты 12 жылдан бері серік етеді. Рио-де-Жанейрода өткен XXXI жазғы Олимпиадасына қатысушы.

**75 кило.** Әбілхан Аманқұл – Жамбыл облысы. 1997 жылы туған. 8 жылдан бері бокспен шұғылданып келеді. «Астана-Арландары» кәсіби бокс клубының мүшесі. Жастар арасында Азия чемпионы.

**81 кило.** Жәнібек Әлімханұлы – Алматы облысы. 1993 жылы туған. Азия (2013 ж.) және әлем чемпионы (2013 ж.). Азия ойындарының чемпионы (2014 ж.). Рио Олимпиадасына қатысушы.

**91 кило.** Антон Пинчук – Қостанай облысы. 1988 жылы туған. Қазақстанның үш дүркін чемпионы (2012, 2013, 2016 ж.), Азия (2013 ж.) және Азия ойындарының чемпионы (2014 ж.).

**+91 кило.** Олжас Букаев – Павлодар облысы. 1992 жылы туған. Қазақстан Спартакиадасының финалисі (2015 ж.). Бірнеше халықаралық турнирдің жеңімпазы.

## Жастар арасында әлем чемпионы атанды

Бокстан жастар арасында Ресейдің Санкт-Петербург қаласында мәреге жеткен әлем чемпионатында қазақстандық Садриддин Ахмедов 69 килоға дейінгі салмақта чемпион атанды.

Садриддин Ахмедов – Астана қаласының тумасы. 1998 жылы туған. Ол 2014 жылы Қазақстанның жастар арасындағы чемпионы болған.

Біздің жерлесіміз Нева жағалауындағы қаладағы бірінші ұрысын литвалық Саймонас Банюспен өткізді. Ол қарсыласын бірінші минутта-ақ нокаутқа түсірді. Екінші раундта ұрыс тоқтатылды. Ал 1/4 финалда қырғыз Айбек



Уильям Хатчинсонға есе жіберіп алды. Сол сияқты Бекзат Нұрдәулетов (81 кг) қола жүлдегер атанды.

«Егемен-ақпарат»